

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҒТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) **ҚАЖЫЛЫҒЫ**

ОЛ ТУРАЛЫ ҰЛЫ ЖӘНЕ СЕНІМГЕ **ЛАЙЫҚТЫ РИУАЯТШЫЛАР** **ЖӘБИРДІҢ** (АЛЛАҒ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) **СӨЗДЕРІНЕН ЖЕТКІЗГЕНДЕЙ**

(حجة النبي صلى الله عليه وسلم كما رواها عنه جابر رضي الله عنه)

шейх Мухаммад Насыруддин әл-Әлбани,
шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усаймин
(Аллаһ оларды рахым етсін)
және шейх Мәшһүр Хасан Сулайманның (Аллаһ оған есендік берсін)
еңбектерінің негізінде жазылған конспект

Конспектті дайындаған:
Ринат Абу Мухаммад Қазақстани

Жұмыс барысында араб тілінен орыс тіліне Дамир Хайруддин аударған
«Хадж пророка» және «Обряды хаджа и умры»

кітаптары пайдаланылды

Алматы, 2009

қазақ тіліне аударған www.abuhanifa.kz сайтының редакциясы

1433 h/ж.

АВТОРДЫҢ БІРІНШІ БАСЫЛЫМҒА ЖАЗҒАН АЛҒЫСӨЗІ

بسم الله الرحمن الرحيم

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен бастаймын!

Өзінің Қасиетті Кітабында:

والله على الناس حج البيت من استطاع إليه سبيلا ومن كفر فإن الله غني عن العالمين

«Оның жолына шамасы келген кісілер Аллаһ үшін Қағбаны зиярат етуге (қажылық жасауға) міндетті. Ал кім қарсы келсе, Аллаһ әлемдерге мұқтаж емес» («Әли Имран» сүресі, 97-аят), - деп айтқан Аллаһқа мадақ!

Сенімді хадисте жеткізілгендей, *«Рәсімдеріңді (орындауды) менен үйреніңдер, өйткені, ақиқатында, мен білмеймін, мүмкін, бұл менің соңғы қажылығым шығар»*, - деп айтқан Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның пәкизат жанұясына, ардақты сахабаларына әрі оларға ықыласты жүректерімен ілескендердің барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

«Қажылық» сөзінің тілдік мағынасы – мақсат (қасд). Ал «умра» сөзінің тілдік мағынасына келер болсақ, ол «зиярат жасау» деген мағынаға нұсқайды. Қажылық пен умра адам үшін өмірде бір-ақ рет жасалуға міндетті екеніне ғалымдар бірауызды келіскен. Умраның міндетті екеніне Жәбірейіл туралы хадистің Ибн Хузайма келтірген риуаяты нұсқайды. Онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәбірейілдің Ислам туралы сұрағына берген жауабында: *«Қажылық пен умра жасау»*, - деп те айтады (Ибн Хузайма 21).

Ереже: Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылықта істеген амалдарының барлығы өз негізінде міндетті (уәжіп) болып табылады. Өйткені, біріншіден, Аллаһ Тағала оған қажылық жасауды бұйырды, әрі сондықтан да осы уәжіптің орындалу үлгісі де өз негізінде уәжіп болып табылады. Екіншіден, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) *«Рәсімдеріңді (орындауды) менен үйреніңдер»*, - деп айтты. Әрі негіз, яғни Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығы, оны орындаудың міндетті екеніне айғақ болады, тек егер осы бұйрықты теріске шығаратын қандай да басқа дәлел болмаса.

Қажылық парызға айналатын шарттар

1) Ислам.

Яғни адам мұсылман болуы керек. Өйткені Аллаһ Тағала кәпірдің құлшылық-ғибадатын қабыл етпейді. Бұған Құран былай деп нұсқайды:

وَمَا مَنَعَهُمْ أَنْ تُقْبَلَ مِنْهُمْ نَفَقَاتُهُمْ إِلَّا أَنَّهُمْ كَفَرُوا بِاللَّهِ وَبِرَسُولِهِ

«Олардың сарып қылғандары олардан қабыл болуына Аллаһқа және Оның Елшісіне қарсы болғандықтары ғана кедергі болады» («әт-Тәуба» сүресі, 54-аят).

2) Еркіндік.

Яғни адам құл болмауы тиіс. Өйткені құлдың мал-мүлкі оның қожайынына тиісті болады, бұл туралы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Егер біреу мал-мүлікке ие болған құлын басқа біреуге сатса, оның мал-мүлкі құлды сатып алған адамның меншігіне айналады»*, - деп айтқанындай. Сондықтан да құлдың мал-мүлкі болмаса, ол қажылықты жасай алмайды.

3) Балиғат жасына толу және ақыл-парасат (таклиф).

Алайда егер бала қажылық жасаса, онда оның қажылығы есептеледі, бірақ ол оның мойнынан Исламның (парыз) қажылығын түсірмейді. Оның қажылығының есептелетініне имам Муслим жеткізген (біреу) Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жас баланы көрсетіп: «Оның қажылығы есептеледі ме?», - деп сұраған кезде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) *«Иә, әрі саған да сауап бар!»*, - деп айтқаны туралы хадис дәлел болады.

Балиғатқа толу ер адамдарда 3 белгінің, ал әйел адамдарда 4 белгінің біреуінің пайда болуымен жүзеге асады: 1 - Поллюция. 2 - Жыныстық мүшелердегі түктер. 3 - 15 жасқа толу. Әйелдерде де тура солай және тағы бір белгі – бұл етеккірдің келуі.

4) Құдірет (күш-қуат) (қудра). Яғни қажылықты жасауға дене және материалдық мүмкіндігі бар адам.

Бұл мәселенің 4 үкімі бар:

1 – Дәулеті мен денсаулығы (қажылықты өтеуге) жеткілікті адам. Мұндай адам қажылықты өзі орындауға міндетті;

2 – Денсаулығы бар, бірақ қаражаты жоқ адам. Егер қажылықты ақшасыз орындау мүмкіншілігі болса, онда ол мұны істеуге міндетті;

3 – Дәулеті (қажылықты өтеуге) жеткілікті, бірақ дене тұрғыдан ауру адам. Ол өзінің орнына қажылық жасайтын адамға тиісті қаражатын беруге міндетті;

4 – Кедей (қажылық жасауға қаражаты жоқ) әрі ауру адам. Оның мойнынан қажылық міндеті түседі.

- Сондай-ақ материалдық мүмкіншілікке оның қажылық сапарға кетер кезінде өз отбасына қаражат (нәпақа) беріп кетуі керектігі де кіреді.

- Сондай-ақ адамға қажылық жасауы үшін зекет беруге де болады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Қажылық – Аллаһтың жолынан»**, - деп айтқан.

5) Әйел кісі үшін махрамның болуы.

Махрамның болуы күш-қуат (құдірет) (қудра) мәселесіне қайта тіреледі. Әрі кімнің махрамы болмаса, сол материалдық немесе дене тұрғыдан мүмкіншіліктері жоқ адам секілді болады. Әйелдің махрамдарына мына туысқандары жатады: әкесі, әкесінің әкесі, ұлы, ұл немересі, туған бауыры, туған бауыры мен әпкесінің (сіңілісінің) ұл балалары, әкесі мен шешесінің бауырлары. Сондай-ақ махрамға омыраумен емізудің себебінен махрамға айналғандар да жатады. Яғни сүт әкесі, сүт атасы, сүт ұлы, сүт немересі (ұл бала), сүт бауыры (сүт ағасы немесе інісі), сүт бауыры мен әпкесінің (сіңілісінің) ұлдары.

Сондай-ақ махрамға күйеуінің әкесі мен атасы, күйеуінің ұлы мен ұл немересі, анасының күйеуі (егер онымен ерлі-зайыпты өмір сүруді бастаған болса), қызының (күйеуі мен) ұлы кіреді.

Қажылықты кешіктірмей орындаудың міндетті екендігі туралы

Бұның дәлелдері келесідей:

1) Аллаһтың мына сөздері:

وَلِلّٰهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ اِلَيْهِ سَبِيْلًا وَمَنْ كَفَرَ فَاِنَّ اللّٰهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِيْنَ

«Оның жолына шамасы келген кісілер Аллаһ үшін Қағбаны зиярат етуге (қажылық жасауға) міндетті. Ал кім қарсы келсе, Аллаһ әлемдерге мұқтаж емес» («Әли Имран» сүресі, 97-аят).

2) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) **«Әй, адамдар, Аллаһ Тағала сендерді қажылықпен міндеттеді, ендеше, оны орындаңдар!»** (Муслим) деген сөздері.

Бұйрықтағы негіз оны бірден (кешіктірмей) орындау керектігі болып табылады, сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалар оның ихрамнан шығу туралы бұйрығын бірден орындамағаны үшін оларға ренжіген еді.

3) Адам оны не күтіп тұрғанын білмейді, ол осы жылы Аллаһтың бұйрығын орындай алуы, ал келісі жылы оны орындай алмауы мүмкін.

4) Аллаһ Тағала игілікке ұмтылуды бұйырып, былай деді:

فَاسْتَبِقُوا الْخَيْرَاتِ

«Жақсылықта бір-біріңнен озуға тырысыңдар» («әл-Бақара» сүресі, 148-аят).

Ал кешіктіру Аллаһтың бұйырығына қайшы келеді.

Қажылық рәсімдерінің ұлы артықшылықтары туралы

Аллаһ Тағала былай деп айтты:

الْحَجُّ أَشْهُرٌ مَّعْلُومَاتٌ فَمَنْ فَرَضَ فِيهِنَّ الْحَجَّ فَلَا رَفَثَ وَلَا فُسُوقَ وَلَا جِدَالَ فِي الْحَجِّ وَمَا تَفْعَلُوا مِنْ خَيْرٍ يَعْلَمُهُ اللَّهُ
وَتَزَوَّدُوا فَإِنَّ خَيْرَ الزَّادِ التَّقْوَى وَاتَّقُونِ يَا أُولِي الْأَلْبَابِ

«Қажылық белгілі айларда орындалады. Кім ол айларда (ихрам байланып) міндеттенсе, қажылық кезінде әйелге жақындасу, күнә істеу және жанжал жоқ. Әй, ақыл иелері! Нендей қайыр істесеңдер де, Аллаһ бұл туралы біледі. Және азық алыңдар. Негізінде, азықтың жақсысы тақуалық. Әй, ақыл иелері! Менен ғана қорқыңдар!» («әл-Бақара» сүресі, 197-аят).

Абу Хурайрадан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Жаман сөз сөйлемей, күнәлі әрі орынсыз еш нәрсе жасамай, Аллаһқа қажылық жасаған адам анасы оны туған күнде қандай (күнәсіз) болса, солай оралады»*. Әл-Бухари 1521, Муслим 1350.

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Амр ибн әл-Ас жеткізген хадисте былай дейді: *«Ислам оған дейін болғанды (күнәларды) өшіреді, қажылық оған дейін болғанды (күнәларды) өшіреді, хижра оған дейін болғанды (күнәларды) өшіреді»*. Муслим.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деп айтатын: *«Умрадан кейін умраны орындау олардың араларындағы күнәлардың өтеуі болады, мінсіз қажылыққа келер болсақ, ол үшін Жәннаттан өзге сый жоқ!»*. Әл-Бухари 1773, Муслим 1349.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ: *«Кәрі адамның, баланың, әлсіздің және әйел кісінің жиһады Қажылық пен Умра болып табылады!»*, - деп айтатын. Ән-Нәсаи 2626. Хафиз әл-Мунзири мен шейх әл-Әлбани хадисті хасан деген.

Сондай-ақ Хусайн ибн 'Алиден бірде бір кісі Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп: *«Мен қорқақпын әрі әлсізбін»*, - деп айтқаны, бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Онда шайқасу жоқ жиһадты – Қажылықты орындауға асық!»*, - деп жауап бергені жеткізіледі. Әт-Табарани "әл-Аусатта" 4/4287. Хадис сахих. Қз.: "Ируа әл-ғалил" 4/152.

Әрбір мұсылман Исламның бес парызының бірі болған осы ұлы рәсімді орындауға міндетті, бұл, әсіресе, қажылықты орындау мүмкіншілігіне ие, алайда оны ешбір себепсіз кейінге қалдырып жүрген адамға қатысты.

Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан: *«Парыз қажылықты орындауға асығыңдар, өйткені, расында, сендерден ешкім өзіне не кедергі болып қалуы мүмкін екендігін білмейді!»* Ахмад 1/314. Хадистің сенімділігін хафиз 'Абдул-Хаққ әл-Ишбили, әл-Әлбани және Шу'айб әл-Арнаут растаған.

Ал 'Умар ибн әл-Хаттаб мына қорқынышты сөздерді айтып ескерткен: *«Кім қажылықты орындау мүмкіндігіне ие бола тұра оны орындамаған болса, оның қалай өлетінінде: христиан болып па, әлде яһуди болып па – айырмашылық жоқ!»* Әл-Исма'или, Ибн Абу Шайба, Са'ид ибн Мансур. Хафиз Ибн Кәсир иснадын сахих деді. Қз.: *«Тафсир» Ибн Кәсир* 2/97.

Бұдан қалса, бірауызды пікір (ижма') бойынша, қажылықты орындау өмірде бір рет міндетті болып табылатындығына қарамастан, көптеген имамдар қажылықты әр бес жыл сайын орындауды дұрыс көрген. Мұнымен олар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі хадисіне сүйенген: *«Ақиқатында, Аллаһ Тағала: “Егер Мен Өзімнің құлымның денесін сау етсем және оны кеңшілікке бөлсем, ал бес жыл өтісімен ол Мені зиярат етпесе, онда ол игіліктен құр қалғандардың қатарынан!”, - деп айтады»*. Ибн Хиббан 960, Абу Йа'лә 1/289, әт-Табарани 1/110. Хадистің сенімділігін имам Абу Зур'а, имам Ибн Хиббан, шейх Али әл-Қари, шейх әл-Әлбани, Абу Исхақ әл-Хууайни және Шу'айб әл-Арнаут растаған.

Ибн 'Умар былай баяндайтын: *«Біз Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мина өлкесіндегі мешітте отырғанымызда, бізге біреуі ансарлардан, ал екіншісі Сақиғ руынан болған екі адам келді де, сәлем берген соң отырды. Сосын олар: “Уа, Аллаһтың елшісі, біз саған сұрақ қоюға келдік”, - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Егер қаласаңдар, мен сендерге сұрағыларың келген нәрселеріңді хабарлайын, ал егер қаласаңдар, сендер мұны өздерің айтыңдар”, - деді»*.

Олар: *«Уа, Аллаһтың елшісі, хабарла», - деді. Сақафи ансарға: «Сұра», - деді. Алайда ол: «Хабарла маған, уа, Аллаһтың елшісі», - деп айтты. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Сен Қасиетті Мешітке бару мақсатында үйіңнен шыққаның үшін саған не (сый-сауап) болатынын сұрау үшін келдің. Тауаптан кейінгі екі ракағат туралы, (яғни) саған ол үшін не (сый-сауап) болатынын білу үшін. Сафа мен Мәруаның арасын айналып жүру туралы білу үшін. Арафатта тұру туралы, бағаналарға тас лақтыру туралы, шашты қыру және Қазбаны айналу туралы - осылар үшін саған не (сый-сауап) болатыны туралы!»* Әлгі кісі: *«Сені ақиқатпен Жібергенмен ант етемін, мен дәл соны сұрауды қалап*

келгенмін», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Ақиқатында, сен Қасиетті Мешітке қарай жол алып үйіңнен шықсаң, сенің мінген жануарың аяғын әр көтерген және түсірген сәтте, саған бір сый-сауап жазылады және бір күнәң кешіріледі.

Қазбаны (жеті рет) айналудан кейінгі екі ракағатқа (намазға) қатысты айтар болсақ, онда бұл сенің Исмаил (пайғамбардың) ұрпақтарынан болған бір құлға азаттық бергеніңдей.

Сафа мен Мәруа төбелерінің арасын айналып жүруге келер болсақ, бұл жетпіс құлды босатумен бірдей.

Сенің Арафатта тұруыңа қатысты айтар болсақ, онда Аллаһ Тағала төменгі аспанға түсіп, періштелердің алдында мақтанып, былай дейді: «Құлдарым Жәннатымды қалап, Маған әр жақтан шаштары ұйпалақтанған күйде келді! Егер олардың күнәлары майда тастардың, жаңбыр тамшыларының және теңіз көбігінің санындай (көп) болса да, Мен оларды кешірер едім! Әй, Менің құлдарым, сендерге кешірім сый етілді!"

Тас лақтыруға келер болсақ, әрбір тасталған тас үшін сенің кіші күнәң кешіріледі.

Құрбандығыңа келер болсақ, бұл үшін саған Раббыңның алдында ұлы сый әзірленген.

Басты қыруға қатысты айтар болсақ, әрбір талшық шаш үшін саған игі іс жазылады әрі күнәң кешіріледі.

Ал сенің осының барлығынан соң Қазбаны айналуың туралы айтар болсақ, онда сен күнәсіз болған күйде тауап жасайсың. Әрі осыдан соң періште келеді де, қолдарын сенің иығыңа қойып, былай дейді: «Болашақта саған жазылған нәрселерді орындай бер, өйткені бұрын болған нәрселердің барлығы саған кешірілді!"». Әл-Баззар 2/182, Ибн Хиббан 963, 'Абдур-Раззақ 8830. Хафиз әл-Мунзири мен шейх әл-Әлбани хадистің сахихтығын растаған. Қз.: "Сахих әт-тарғиб" 1112.

(Қажылық жасаушыға) бірінші ықыласты кеңес

Ақиқатында, көптеген қажылар қажылықты орындау барысында оларды да, әрбір жеке мұсылманды да барлық тыйым салынған (харам) нәрселерден аулақ болуға міндеттейтін құлшылық киіміне оранғанын мүлде сезінбейді. Сіз олардың қажылықты орындағанын, оның рәсімдерін жасап жүргендерін, бірақ олардың бойында қажылыққа дейін болған күнәлі мінез-құлықтардың ешқайсысы өзгермегенін көре аласыз, ал бұл олардың қажылықтарының

Аллаһ тарапынан қабыл етілмеуін айтпағанның өзінде, сапасыз болғанының іс жүзіндегі дәлелі емес пе?! Осыған орай, әрбір қажылық өтеуші осыны естен шығармауға әрі Аллаһ тыйым салған бұзақылықтар мен күнәларға бой бермеуге бар күші-жігерін сарп етуге тырысуы қажет.

Өйткені, ақиқатында, Аллаһ Тағала былай деді:

الحج أشهر معلومات فمن فرض فيهن الحج فلا رفث ولا فسوق ولا جدال في الحج

«Қажылық белгілі айларда орындалады. Кім ол айларда (ихрам байланып) міндеттенсе, қажылық кезінде әйелге жақындасу, күнә істеу және жанжал жоқ» («әл-Бақара» сүресі, 197-аят).

Белгілі айлар – бұл Шәуал, Зуль-Қада, Зуль-Хижжа.

Ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Кім әйеліне жақындаспай және күнәлі әрі орынсыз еш нәрсе жасамай, (Аллаһ үшін) қажылық жасаса, (үйіне) анасы оны туған күнде қандай (күнәсіз) болса, солай оралады»* (Бұл хадисті Бухари және Муслим келтірген).

«Әйелге жақындасу» дегенде бұл хадисте «жыныстық қатынас жасау» деген меңзеледі.

Шейх әл-Ислам Ибн Таймийя, Аллаһ оны рыхым етсін, былай деген: *“(Қажылық жасайтын адамға) тыйым салынған амалдардың арасында жыныстық қатынастан басқа оның қажылығын жарамсыз ететін еш нәрсе жоқ. Дәл сондықтан да (жоғарыда келтірілген аятта) Аллаһ осы (амал) мен күнәлі іс (әл-фусуқ) істеудің арасын бөліп ажыратты. Ал (ихрам халінде болған адам үшін) тыйым салынған қалған амалдарға, мысалы, кәдімгі (пішіп тігілген) киім киюге және өзіне әтір себуге келер болсақ, онда оларды (осы кезде) пайдалану күнәлі болса да, барлық атақты имамдардың пікіріне сәйкес, олар бәрібір қажылықты жарамсыз етпейді”*.

Өз сөзінің соңында шейх әл-Ислам «Қажылық жасаушы істеген кез келген күнә оның қажылығын жарамсыз етеді» деген ғалымдар да бар екендігіне нұсқайды. Ибн Хазм, Аллаһ оны рахым етсін, осындай ғалымдардың қатарында еді, әрі ол былай деген: *“Қажылық (жасап жүргені) есінде болған күйінде күнә жасау ойына келіп, оны шынында да (ихрам халіне кірген соң) Қазбаны парыз тауап (тауаф әл-ифада) жасауға және тас лақтыруға дейін істеген адам өзінің қажылығын жарамсыз етті”*. Әрі қарай бұл ғалым дәлел ретінде жоғарыда келтірілген аятты келтірді. Қз.: “Әл-Мухаллә”(7/186), өйткені, расында, бұл мәселе маңызды болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардан қажылық жасаушы тарапынан жасалған күнә оның қажылығын не, бұл туралы Ибн Хазм (Аллаһ оны рақым етсін) айтқандай, жарамсыз ететіні, не күнә араласқан ететіні ап-айқын болады.

Әрине, бұл күнә қажылық жасап жүрмеген адамның жасаған күнәсімен салыстыруға келмейді, өйткені ол едәуір қауіптілеу, әрі сол күнәні істеген қажы жоғарыда келтірілген хадисте айтылғандай, яғни анасынан туылған сәттегідей күнәларынан тап-таза болып үйіне орала алмайды. Сөйтіп ол өз қажылығын бүлдіріп, оның жемісін ала алмағандардың қатарынан болады, ал оның жемісі – Аллаһ Тағаланың кешірімі! Ақиқатында, біз тек Аллаһқа ғана көмек сұрап жалбарынамыз!

Осыны түсіндіріп болған соң, мен ихрам киіміне оранған әрі сонымен бірге осы күнәлардан бас тарту керек екендігін мүлде ұғынбайтын адамдардың жазасын тек күшейтетін кейбір күнәлардан сақтандырып ескерткім келеді. Ал олар бұны өздерінің надандығы, айқын сорақы бейқамдығы және өздерінің ата-бабаларына соқыр түрде ілесулері себепті ұғына алмайды.

1. АЛЛАҒҚА СЕРІК ҚОСУ

Кейбір мұсылмандардың басына түскен барлық қасіреттердің ішіндегі ең сорақысы – бұл олардың бүкіл амалдарды жоятын сипатқа ие ең ауыр күнә болып табылатын көпқұдайшылықтың (*ширктің*) мәнін түсінбеуі. Аллаһ Тағала былай деді:

لئن أشركت ليحبطن عملك

«Егер Аллаһқа ортақ қоссаң, әлбетте ғамалың жойылып кетеді» («Зұмар» сүресі, 65-аят).

Біз (Меккедегі) Қасиетті Мешіттің және Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мешітінде бола тұра ширк жасап жүрген көптеген қажыларды көрдік. Аллаһты ғана көмекке шақырудың және Одан ғана жәрдем тілеудің орнына олар пайғамбарлар мен әулиелерге жалбарынып дұға етеді және оларға нәзір береді. Ал Аллаһ Тағала былай деп айтты ғой:

إن تدعوهم لا يسمعوا دعاءكم ولو سمعوا ما استجابوا لكم ويوم القيامة يكفرون بشرككم ولا ينبئك مثل خبي

«Егер оларға жалбарынсаңдар, дауыстарыңды естімейді. Мұбада олар естісе де, сендерге жауап қайтара алмайды. Сондай-ақ Қиямет күні олар сендердің ортақ қосқандықтарыңнан бас тартады. Толық Хабардар Аллаһтай саған ешкім түсіндірмейді» («әл-Фатыр» сүресі, 14-аят).

Бұл тақырыпқа қатысты аяттар өте көп, бірақ біз осы кітаптың мақсатын ескере отырып, жоғарыда келтірілген аятпен ескерту ретінде шектелеміз, өйткені жүрегін Аллаһ Хақ Жолға салған адамға осы жеткілікті.

Қажылық жасаушы адам осындай ширкті шапағат пен дәнекерлік тілеу және Аллаһқа жақындау жолдарын іздеу деп атап жасап жатса, онда

Аллаһтың Қасиетті Үйіне жасалатын қандай қажылық туралы сөз болмақ?! Кезінде көпқұдайшылдар оларға жалбарынатын, әрі өздерінің ширктері мен Пәк Аллаһ Тағаладан өзгелерге жасап жатқан құлшылықтарын ақтайтын шапағатшылар мен дәнекерлер осылар емес пе?

والذين اتخذوا من دونه أولياء ما نعبدهم إلا ليقربونا إلى الله زلفى

«Сондай Аллаһтан өзгені қамқоршы және көмекші тұтқандар: "Біз бұларға Аллаһқа жақындастырсын деп қана табынамыз" (, - дейді)» («Зұмар» сүресі, 3-аят).

Уа, қажылық жасаушы! Қажылыққа аттанудан бұрын сіз алдымен барынша тезірек бірқұдайшылықтың шынайы мәнін әрі ширкке жататын қандай іс-әрекеттер осы бірқұдайшылықпен сыйыспайтынын ұғынып алуға міндеттісіз. Ал бұған тек Аллаһтың Кітабын және Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін оқып-үйрену арқылы қол жеткізуге болады, өйткені кім осыларға ілессе, сол жетістікке жетті, ал кім олардан ауытқыса, сол адасушылыққа түсті. Ал Аллаһ - ең жақсы Көмекші!

2. САҚАЛДЫ ҚЫРУ АРҚЫЛЫ ӨЗ-ӨЗІН СӘНДЕУ

Бұл күнә, өкінішке орай, көптеген елдердің батыс державаларға еліктеуі себепті біздің кезімізде мұсылмандар арасында кең таралып кетті. Бұл мұсылмандардың **«Көпқұдайшылдарға ұқсамаңдар: сақалдарыңды жіберіңдер және мұрттарыңды қысқартыңдар!»**, - деп айтқан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ап-айқын тыйымына қарамастан осы нәрседе оларға еліктей бастап, осы күнәні кәпірлерден үйреніп алуына әкелді. Бұл сахих хадисті әл-Бухари мен Муслим жеткізеді. Басқа бір хадисте: **«Кітап Иелеріне¹ ұқсамаңдар»**, - деп айтылған. Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы хадистерінен шыға келе сақалын қырып тастайтын мұсылман бірден бірнеше күнә істеген болады.

Біріншісі: Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сақал жіберу туралы айқын бұйрығына бағынбау.

Екіншісі: Кәпірлерге ұқсап-еліктеу.

Үшіншісі: Аллаһтың жаратылысын бұрмалау, ал бұл Ібіліске бағынумен байланысты. Оның сөздері туралы Аллаһ Тағала:

وَلَا مَرْنَهُمْ فَلْيَغْيِرْنَ خَلْقَ اللَّهِ

«...мен міндетті түрде оларға Аллаһтың жаратылысын бұрмалауды бұйырамын» («Ниса» сүресі, 119-аят), - деп айтқан.

¹ Яғни яһудилер мен христиандар – ред.

Төртінші: Әйелдерге ұқсап-еліктеу. Ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұндай күнәні істейтін адамды лағынеттеді ғой.² Бұл мәселелінің жан-жақты қаралуын «Некелесудің Саф Сүннетке сәйкес әдебі» кітабынан көре аласыз.

Жиі жағдайда мынандай жағдайларды да көруге болады: көптеген қажылық өтеушілер қажылық кезінде ихрамда болулары себепті сақалдарын өсіреді де, ал ихрамнан шыққан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырғандай шашын қырып тастаудың орнына, Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сақалды жіберу туралы бұйрығына көз жұмып, сақалын қырып тастап жатады. Ақиқатында, барлығымыз Аллаһқа тәнбіз әрі Оған қайта ораламыз!

3. ЕР КІСІЛЕРДІҢ АЛТЫН САҚИНА КИЮІ

Біз алтын сақина киіп, өздерін сәндеп жүрген қажылық өтеушілерді де көрдік. Бұл мәселені зерттеу мұны істейтін адамдарды үш топқа жіктеуге мүмкіндік берді:

Бірінші топқа мұның тыйым салынғандығын жай білмеген адамдар жатады, әрі оларға бірнеше хадистерді, мысалы, *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алтын сақина киюге тыйым салды»* деген (әл-Бухари және Муслим жеткізген) хадисті және *«Ақиқатында, сендердің біреуің Тозақтың жанып тұрған шоғына өзі ұмтылып оны өзінің қолына салады!»* деген (Муслим жеткізген) хадисті жеткізсеңіз, олар осы күнәдан бірден бас тартады.

Екінші топқа келер болсақ, оған жататын адамдар бұл мәселенің мән-жайын өте жақсы біледі, бірақ бәрібір өздерінің әуес-құмарлықтарына ереді. Бұл жағдайда бізге Аллаһтан оларды тура жолға салуын сұрап, дұға етуден басқа еш нәрсе қалмайды.

Ал үшінші топқа жататын адамдар тыйым салынған нәрсе істеп жүргенін мойындайды, бірақ олар киіп жүрген сақиналары неке сақинасы екендігін айтып ақталады. Бұл сорлы мұсылмандар осынысы арқылы екі күнәға батып жатқандарын өздері байқамайды: біріншісі – Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жоғарыда айтылған анық тыйымын

¹ Ибн 'Аббас, Аллаһ оларға разы болсын, былай деп жеткізген: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерге ұқсап-еліктейтін ерлерді және ерлерге ұқсап-еліктейтін әйелдерді лағынеттейтін»*. Хадистің басқа нұсқасында: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерге ұқсап еліктейтін ерлерді және ерлерге ұқсап-еліктейтін әйелдерді лағынеттеген»*, - деп хабарланады (әл-Бухари жеткізген) - ред.

бұзу, ал екіншісі – кәпірлерге ұқсап-еліктеу, өйткені неке сақинасы бұрын мұсылмандарға беймәлім болатын, олар осы салтты кейінгі заманда ғана христиандардан үйреніп алды. Бұл мәселені мен (шейх әл-Әлбани. – ред.) толығырақ «Некелесудің Саф Сүннетке сәйкес әдебі» кітабында қарастырған болатынымын, әрі мен басқа ғалымдардан айырықша неке сақинасын киюге деген тыйым жалпы сипатта екенін және ол мұсылман әйелдерге де қатысты екенін айтқан едім. Аталған кітаптағы тиісті тарауды қараңыз, өйткені бұл мәселе өте маңызды болып табылады.

(Қажылық жасаушыға) екінші ықыласты кеңес

Қажылық жасауды ниет еткен әрбір адамға оның қажылығы толыққанды және Пәк Аллаһ Тағала тарапынан қабыл болуы үшін біз онда орындалатын рәсімдерді алдын ала Құран мен Сүннетке негізделіп үйреніп алуға кеңес береміз.

Мен Құран мен Сүннетке жүгінудің қажеттілігіне нұсқағанымда, құлшылықтың басқа түрлеріндегідей, қажылық рәсімдеріне қатысты да (ғалымдар арасында), келіспеушіліктер бар екенін меңзедім.

Мысалы, қажылықтың қай түрін орындауды ниет еткен жақсырақ: *әт-таматту'*ты ма³, *әл-қиранды* ма⁴ әлде *әл-ифрадты* ма⁵? Осы мәселеге қатысты үш мазхабтың біз ортақтасатын пікіріне сәйкес қажылықтың ең абзал түрі тек *әт-таматту'* болып табылады, бұл пікірді имам Ахмад және басқа ғалымдар да жақтаған. Бұдан тыс, Ибн Хазм мен Ибн әл-Қаййим секілді кейбір зерттеуші ғалымдар Ибн Аббастың және мұсылмандардың алғашқы буынындағы салиқалы сәлафтардың соңынан: «Қажылар өздерімен бірге құрбан шалатын малдарын айдап келмеген жағдайда *әт-таматту'* қажылығын жасау міндетті», - деп санаған. Бұл мәселе толығырақ «әл-Мухаллә», “Заад әл Мә’ад” т.б. еңбектерде қаралады.

³ Редактордың ескертпесі: *Әт-таматту'* қажылығы – кіші (умра) және үлкен қажылықты ізбе-із келесідей тәртіппен өтеу: Меккеге келген қажы ең алдымен умраны өтейді де, содан соң ихрам халінен шығады. Кейін 8 зул-хиджада ол қажылық рәсімдерін өтеу үшін қайтадан ихрамға кіреді. Егер қажылықты өтеуші адам құрбан шалатын малдарын өзімен бірге айдап келсе, онда *әт-таматту'* қажылығын жасау рұқсат етілмейді.

⁴ Редактордың ескертпесі: *Әл-қиран* қажылығы – қажылық пен умраны келесі тәртіппен қоса өтеу: қажы ең алдымен умраны өтеп, содан соң ихрам халінен шықпай және қажыларға жүктелетін тиісті тыйымдарды орындап, қажылықты орындау уақытын күтеді.

⁵ Редактордың ескертпесі: *Әл-ифрад* қажылығы – умрасыз тек жалғыз қажылықты ғана жасау.

Дәл қазір мен бұл мәселеге егжей-тегжейлі тереңдегім келмей тұр. Сондықтан да, Аллаһ Тағаланың қалауымен, мақсаты ата-бабаларына немесе мазһабына соқыр түрде еліктеу емес, ақиқатқа ілесу болған әрбір ықыласты мұсылманға пайдалы болатын кейбір жайттарға қысқаша тоқталып өтемін.

Сонымен, бастапқы, яғни қажылық енді ғана парыз етілген кезде, сахаба өз қалауы бойынша қажылықтың үш: *әт-таматту'*, *әл-қиран* немесе *әл-ифрад* - түрінің кез келгенін таңдай алғандығына күмән жоқ. Сондықтан да Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының арасында қажылықтың осы аталған түрлерінің біреуін таңдағандары болды, өйткені ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға осындай мүмкіншілік берді. Бұл туралы Айшаның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисінде былай деп хабарланатынындай: *«Біз Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге жолға аттандық, әрі ол: “Сендерден кім қажылық пен умраны жасағысы келсе, оларды жасай берсін. Кім умраны жасағысы келсе, оны жасай берсін...”*, - деді» (Муслим жеткізген).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), бұл туралы имам Ахмад жеткізгендей (6/245), осы сөздерді сахабалар Зул-Хуләйфада алғаш рет ихрамға кірген кезде айтқан болатын, алайда (осы жерде болған кезде) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы тақырыпқа байланысты тағы да бір нәрселер айтудан өзін ұстап қалды. Кейін, Меккеге жол жүру барысында, түрлі жағдаяттарда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына қажылықтың ең жақсы – *әт-таматту'* түрін ұсына бастады, бірақ оны талап та етпеді, бұйырмады да. Бұл Меккеден он миль қашықтықта орналасқан *әт-Тан'имга* жақын *Сариф* деген жерде орын алады.

Мысалы, хадистердің бірінде Айша (Аллаһ оған разы болсын) келесі сөздерді жеткізген: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына: “Сендердің араларыңдағы өзімен бірге (айдап келе жатқан) құрбандыққа шалатын малы болмағандар және умра жасауды қалағандар, солай істесін, ал кімнің өзімен бірге (айдап келе жатқан) құрбандыққа шалатын малы болса, (бұлай) істей алмайды»,* - деді». (Кейін) Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: *“Оның [өздерімен бірге (айдап келе жатқан) құрбандыққа шалатын малдары болмаған] сахабаларының арасында осылай істегендері де, осылай істемегендері де болды...”* (әл-Бухари және Муслим. Төрт бұрышты жақшалардың ішіндегі мәтін Муслимде келтіріледі).

Кейіннен, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеге өте жақын орналасқан Зул-Тууа деген жерге жеткен кезде, таң намазынан кейін сахабаларына: *«Кім умра жасағысы келсе, оны жасай*

берсін», - деді (Абдуллаһ ибн Аббастың сөздерінен әл-Бухари мен Муслим жеткізген).

Алайда біз Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары Меккеге кіріп, Қағбаны алғашқы тауап (*тауаф әл-кудум*) жасаған соң, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) болсын оларды *әт-таматту'* қажылығының абзалырақ екенін меңзейтін осыдан алдыңғы үкімін орындауға шақырмағанын көреміз. Жоқ, ол сахабаларға өзімен құрбандыққа шалатын малын (айдап) келмегендер үшін *әт-таматту'* қажылығын жасаудың міндетті екенін меңзейтін жаңа үкімді хабарлап, оларға қажылықтарын умра жасау үшін үзуді және ихрамнан шығуды бұйырды.

Айша (Аллаһ оған разы болсын) келесі сөздерді жеткізді: «Біз Пайғамбармен бірге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (Мәдинадан) тек қажылықты орындауды ғана ниет етіп, жолға шықтық. (Меккеге) жеткен кезде Қағбаны тауап жасадық, содан кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өздерімен бірге құрбандыққа шалатын малдарын айдап келмегендерге ихрамнан шығуды бұйырды, әрі өздерімен бірге құрбандыққа шалатын малдарын айдап келмеген (адамдар) осылай істеді. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдері өздерімен бірге құрбандыққа шалатын малдарын айдап келмеген болатын, сондықтан олар да ихрам халінен шықты...» (әл-Бухари мен Муслим). Тура осы нәрсе туралы Ибн Аббас жеткізген келесі хадисте де хабарланады: “Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға қажылықты умра жасау үшін үзуді бұйырды. Бұл жайт сахабаларды азғантай абдыраушылыққа түсірді де, олар: «Уа, Аллаһтың елшісі, ихрам халінен дәл қалай шығуымыз керек?» , - деп сұрады. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Толық», - деп жауап берді (әл-Бухари мен Муслим). Жоғарыда аталған хадистерден бөлек осыған ұқсас және толығырақ баяндалатын Жәбирдің хабары да бар, ол әрі қарай 33-45 тармақтарда келтіріледі.

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – *ред.*) былай деймін: осы сенімді хадистер туралы ой жүгірткен кез келген адамға, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына қажылықтың кез келген түрін таңдауға мүмкіндік берген кезде, ол осылайша оларды қажылықты умра жасау үшін ұзу туралы жаңа үкімге дайындағаны айқын болады, өйткені кері болған жағдайда ол (яғни осы жаңа үкім – *ауд.*) олардың кейбіреуін қиын жағдайға салып қояр еді. Мұның үстіне, бұл туралы екі «Сахихта» (әл-Бухари мен Муслимде) жеткізілетініндей, жәхилиет (Исламға дейінгі надандық) кезінде «қажылық айларында умра жасауға болмайды» деген сенім кең

тараған болатын. Әрі осыған дейін де Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үш жыл бойы зул-қағда айында умра жасап, мұндай пікірді жарамсыз еткеніне қарамастан, әрі осының өзі жәхилиет кезінің осы бидғатын теріске шығару үшін жетіп асса да, бәрібір, сахабаларды жаңа үкімді қабылдауға дайындау қажет еді, әрине, Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі. Оларды осыған дайындау барысында, ол ең алдымен оларға қажылық пен умраны өтеудің арасында таңдау құқығын беріп, оларға осының қайсысы абзал екенін түсіндірді, ал содан соң, біз бұл туралы жоғарыда айтып кеткеніміздей, қажылықты умра жасау үшін ұзу туралы кесімді бұйрық түсті.

Осыны біліп алған соң, бұл бұйрық төмендегідей жағдайларға байланысты ерекше міндетті сипатта екенін атап айту қажет:

Біріншісі: Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығының негізі оны орындаудың міндеттілігіне нұсқайды, тек осы бұйрықты теріске шығаратын қандай да бір басқа дәлелдер бар болатын жағдайлардан бөлек. Біз қарастырып жатқан жағдайдағы дәлел, керісінше, оны растауда.

Екінші: Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларға (қажылықты умра жасау үшін үзуді) бұйырғанда, бұл туралы біз жоғарыда сөз еткеніміздей, бұл (бұйрық) олардың арасында аздап абдыраушылық туғызды. Ал егер бұл бұйрық міндетті сипатта болмағанда, ол оларда абдыраушылық туғызбас еді, өйткені сіздердің өздеріңіз оның таңдау құқығын беретін осыдан алдыңғы үш бұйрықтары сахабаларда осындай әсер туғызбағанын көрдіңіздер ғой. Сонымен, Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соңғы бұйрығының себебінен туындаған абдыраушылық сахабалар оны орындау міндетті екенін ұғынғандығына айғақ болады.

Үшінші: Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен тағы бір хадисте былай деп жеткізіледі: *“... әрі ол менің жанымға ызалы күйде кірді. Мен: «Сені кім ызаландырды, уа, Аллаһтың елшісі, Аллаһ оны Отқа тастасын?», - деп сұрадым. Ол: «Сен менің бұйрығымнан соң адамдардың қобалжып тұрғанын сезбедің бе. Егер мен орын алған нәрсені алдын ала біле алғанымда, құрбандыққа шалатын малды өзіммен бірге айдап келмей, олар сияқты кейіннен ихрамнан шығу үшін, оны осы жерден алар едім», - деп жауап берді (Муслим, әл-Бәйһақи және Ахмад жеткізген). Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ызалануы оның бұйрығы міндетті сипатта болғанын дәлелдеп тұр. Мұның үстіне, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ызасын сахабалар оның бұйрығын*

орындаудан бас тартуы емес, өйткені бұл мүлде мүмкін емес еді, олардың қобалжуы туғызған болатын. Сондықтан да құрбандыққа шалатын малдарын өздерімен бірге айдап келгендерінен басқалары түтелімен ихрам халінен шықты, бұл туралы № 44 тармақта сөз болады.

Төртінші: Қажылықты умра жасау үшін ұзу жайында қойылған *«Бізге (бұл) осы жылы ғана бұйырылды ма, әлде барлық заманда ма?»* деген сұраққа ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) саусақтарын айқастырып: *«Умра Қиямет күніне дейін қажылыққа енді, әрі бұл сендер үшін мәңгілікке, мәңгілікке (бұйырылған)»*, - деп жауап берді. Бұл туралы №34 тармақта айтылатын болады.

Бұл мәтін умраның сол кезден бастап қажылықтың ажырамас бір бөлігіне айналғанына, әрі осы үкім кейбіреулер ойлайтындай тек сахабаларға ғана емес⁶, бүкіл мұсылмандарға мәңгілікке дейін қатысты екеніне айқын дәлел болады.

Бесінші: Егер де Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығы міндетті сипатқа ие болмағанда, онда оны сахабалардың бір бөлігі ғана атқарғаны жеткілікті болар еді. Алайда біз Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жалпы бұйрықпен шектелмегенін көріп тұрмыз. Жоқ, ол осы бұйрықты орындауды қызы Фатимаға да, әйелдеріне де нақты бұйырды, бұған екі «Сахихта» Ибн 'Умардан келтірілетін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің қоштасу қажылығы кезінде әйелдеріне ихрамнан шығуды бұйырғанда, Хафса, Аллаһ оған разы болсын, одан: *«Ал сізге ихрамнан шығуға не кедергі жасайды?»*, - деп сұраған, ал бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Мен шашымды (шаш жалтыратқыш затпен) желімдеп алдым...»*, - деп айтатын хадис айғақ болады. Ал Абу Муса, Аллаһ оған разы болсын, Йеменнен қажылық жасау үшін келгенде, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан: *«Сен қажылықтың қай түрін орындауды ниет еттің?»*, - деп сұрады. Ол: *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (ниет еткен қажылығын)»*, - деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан: *«Ал сен өзіңмен бірге құрбандыққа шалатын мал айдап алып келдің бе?»*, - деп сұрады. Абу Муса: *«Жоқ»*, - деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: *«(Аллаһтың) Үйін тауап жаса, кейін әс-Сафа мен әл-Мәруаның арасын сағи жаса, содан кейін ихрам халінен шық...»*, - деді.

⁶ Біз «Бұл (бұйрық) тек сахабаларға ғана қатысты» деп айтатындарды №24 тармаққа жасаған ескертпеде теріске шығарғанбыз.

Енді өзімізге өзіміз сұрақ қойып көрелік: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылықты умра жасау үшін ұзу туралы бұйрықты әрбір балиғатқа толған мұсылманға жеткізу үшін сарып еткен қызу тырысулары оның орындалуы міндетті екеніне нұсқау болмайды ма? Уа, Аллаһ, ақиқатында, міндеттілік біз атағаннан да едәуір кішілеу нәрсемен орнатылады!

Жоғарыда келтірілген куәліктер қажылықты *эт-таматту'* үшін ұзу міндетті екеніне айқын түрде нұсқайды. Сөйтіп, осыған қарсы болған адамдар үшін, осы дәлелдерге мойынсұнудан басқа еш нәрсе қалмайды. Алайда олар осыған қайшы келулерін жалғастыра береді, ал олардың кейбіреулері тіпті «Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл бұйрығы оның сахабаларына ғана қатысты айтылған» деген сөздерді айта бастады. Бірақ жоғарыда келтірілген дәйектерді назарға алған түрде мұндай мәлімдемелердің негізсіз екені ап-айқын болады. Ең соңында кейбір адамдар тіпті бұл бұйрықтың күші жойылған деп айта бастады, алайда олар, уа, Аллаһ, өздерінің пікірілерін екі «Сахихта» және басқа да хадис жинақтарында келтірілетін «Бұған Умар, Усман және әз-Зубайр (Аллаһ оларға разы болсын) тыйым салған» деген хабарға негіздеп, бірде-бір атауға лайықты дәлел келтірмейді.

Бұған әртүрлі жауап беруге болады:

Бірінші: осы тыйымға жүгіну қажеттілігін сезінетін адам, бәрібір бұл туралы айтпайды, өйткені оның мазһабы *эт-таматту'* қажылығын жасауға рұқсат береді. Сөйтіп мазһабтардың бұл сұраққа берген жауабы біздің де жауабымыз болып табылады.

Екінші: *эт-таматту'* қажылығын жасауға тыйым салуды Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының көпшілігі сөгетін, мысалы, Али, Имран бин Хусайн, Ибн Аббас т.б. сахабалар.

Үшінші: *эт-таматту'* қажылығын жасауға тыйым салатын пікір, Сүннетті айтпағанның өзінде, Аллаһтың Кітабына қайшы келеді. Өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

فَمَنْ تَمَتَّعَ بِالْعُمْرِ إِلَى الْحَجِّ فَمَا اسْتَيْسَرَ مِنَ الْهَدْيِ

«Ал кім үзілетін қажылық пен умра жасаса⁷, шамасы келетін нәрсесін құрбан шалуға тиіс» («әл-Бақара» сүресі, 196-аят).

Бұл аяттың мағынасына Имран бин Хусайн, Аллаһ оған разы болсын, нұсқап, былай деген: «Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көзі тірісінде біз *эт-таматту'* қажылығын жасаған едік, ал Құранда (мұның күшін жоятын) еш нәрсе түсірілмеген еді, бірақ (кейін) бір кісі (яғни

⁷ Редактордың ескертпесі: яғни *эт-таматту'* қажылығын жасаса.

Умар) бұл туралы өзінің қалаған пікірін білдірді». Бұл хадистің басқа бір нұсқасында: «...Ал Аллаһтың Кітабында *эт-таматту'* қажылығы туралы аят түсірілді де, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірінің соңына дейін бізге оны жасауды бұйырды». Бұл хадистерді Муслим келтірген.

Бұдан тыс, Умардың өзі де *эт-таматту'* қажылығын жасауға болатыны туралы айтып, өзінің тыйымы мен сөгісін тек жеке пікірі екенін түсіндірген болатын, өйткені ол *эт-таматту'* қажылығы тек бір ғана себеппен жасалады деп ойлайтын. Мысалы, ол (Аллаһ оған разы болсын) (осыған қатысты) былай деген: «Мен Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары оны (яғни *эт-таматту'* қажылығын) жасағанын білемін, бірақ мен ерлердің арақ⁸ бұталарының арасында әйелдерімен жыныстық қатынас жасап, содан соң бастарынан (гұсыл құйынған) суы тамшылаған күйде қажылыққа аттанатындарын құптамаймын». Бұл хадисті Муслим мен Ахмад келтіреді.

Бұл мәселені зерттеушінің назарын бұратын жайттардың бірі – Умар (Аллаһ оған разы болсын) *эт-таматту'* қажылығын жасауды құпталмайтын амал деп санайтын дәл осы себепті Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылықты умра өтеу үшін ұзу туралы бұйрығын орындауға асықпаған сахабалардың да көргені. Олар былай деген болатын: «Біз тек қажылық жасау ниетімен қажы болып (жолға) шықтық. Бізге әйелдеріміз үшін босану⁹ бұйырылған кезде, Арафатта тұруға дейін төрт-ақ күн қалған болатын. Сондықтан да біз Арафатқа жеткен кезімізде, әйелдерімізбен жыныстық қатынас жасағанымыздан кейін аз-ақ уақыт өткен еді». Толығырақ № 40 тармақты қараңыз. Кейбір сахабалар өздерінің қажылықтары жайлы күмәндана бастағанда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға былай деп жауап берді: «*Уа, адамдар! Аллаһтың атымен ант етемін! Сендер мені білмейсіңдер ме?! Сендер менің сендердің араларыңдағы ең тақуа, шыншыл және салиқалы екенімді білесіңдер ғой. Ендеше мен сендерге бұйырған нәрселерді орындаңдар, өйткені егер менің өзіммен бірге (айдап алып келген) құрбандыққа шалатын малым болмағанда, мен де сендер сияқты ихрам халінен шығар едім*». Толығырақ № 42 тармақты қараңыз.

Сөйтіп, бұл жайт бізге «егер Умар (Аллаһ оған разы болсын) адамдардың *эт-таматту'* қажылығын орындауларын құптамаған кезде біреу оған

⁸ Араб түбегінде өсетін бұта түріндегі өсімдік, сол өсімдіктің талшықтарынан тіс тазалағыш таяқшалар жасалады – ауд. каз.

⁹ Редактордың ескертпесі: яғни ихрам халінен шығып, әйелдерімен жыныстық қатынас жасау.

сахабалардың осындай сөздерін жеткізіп, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жауабын есіне салғанда, ол қажылықтың осы түрін құпталмайтын амал деп санауын қойып, адамдарға оны жасауға тыйым салмас еді» дегенде нұсқайды. Жоғарыда аталған факт осы өте құрметті сахаба Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы сүннеті туралы немесе оның осыған қатысты айтқан сөздерін білмегеніне дәлел болады. Ол (Аллаһ оған разы болсын) ижтиһад жасады да, қателесті, бірақ Аллаһ Тағала бәрібір (осы шешімі үшін) оған бір сауап береді, өйткені тек Аллаһ қана, ал содан соң Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кемшіліктерден пәк.

Кейбір адамдар: «Сіздердер келтірген *эт-таматту*’ қажылығының міндетті екендігін жақтайтын дәйектер, сондай-ақ осыған қайшы нәрселерді теріске шығаратын жауаптарыңыз түсінікті әрі орынды-ақ. Бірақ халифалардың қажылықтың басқа – *ал-ифрад* түрін жасауы сұрақ туғызады. Ал, ендеше, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең көрнекті сахабаларының амалдары мен сіздердің жоғарыда айтқан сөздеріңіздің барлығымен қалайша үйлестіруге болады?», - деп сұрауы мүмкін.

Бұған келесідей жауап беруге болады: жоғарыда келтірілген фактілерден *эт-таматту*’ қажылығы тек өзімен бірге құрбандыққа шалатын малдарын айдап келмейтін қажыларға міндетті болатыны ап-айқын болады. Ал егер қажы өзімен бірге құрбандыққа шалатын малын айдап келсе, онда оған *эт-таматту*’ қажылығын жасау міндетті болмайды, тіпті тыйым салынады. Бұл жағдайда ол не *ал-қиран* қажылығын, не *ал-ифрад* қажылығын жасауы керек болады, бірақ *ал-қиран* қажылығын жасау абзалырақ. Осыдан шыға келе біз: «Ізгі халифалар *ал-ифрад* қажылығын тек өзімен бірге құрбандыққа шалатын малдарын айдап келгендігі себепті жасаған», - деп тұжырымдай аламыз. Мұндай жағдайда бұда ешқандай қарама-қайшылық жоқ!

Жоғарыда баяндалғанның барлығын қорытындылай келе, былай деу қажет: қажылық жасағысы келген әрбір қажы ихрамға умра жасау ниетімен кіруге тиісті. Кейін, Сафа мен Мәруаның арасында жүгіру (сағи) рәсімін жасап болған соң, ол шашын алу арқылы ихрамнан шығады. Зул-хижжа айының сегізі күні қажылық өтеуші қайтадан ихрам халіне кіреді, бірақ енді қажылық жасау ниетімен. Ал *талбийя* сөздерін *ал-қиран* немесе *ал-ифрад* қажылығын өтеу ниетімен айтқан адамға келер болсақ, ол өзінің Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мойынсұнып, қажылығын умра жасау үшін үзуге тиісті, өйткені Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ:

من يطع الرسول فقد أطاع الله

«Кім Елшіге мойынсұнса, сол Аллаһқа мойынсұнады», - деді («Ән-Ниса» сүресі, 80-аят).

Әт-таматту' қажылығын орындаушы адам барлық тиісті рәсімдерді орындап болған соң, не айт күні (яғни 10-зул-хиджада – *ред.*), не *әт-таширик* күндерінің бірінде (яғни 11, 12 немесе 13 зул-хиджада – *ред.*) құрбан шалуы керек. Бұл қажылық рәсімдерінің аяқталуын білдіреді, ал құрбандыққа шалынатын малдың қанын ағызу мәжбүрлі, еріксіз амалды емес, Аллаһ Тағалаға деген шүкіршілікті білдіреді. Бұл туралы Ибн әл-Қайим былай деп айтқанындай: *«Өзінің мәні бойынша бұл өз тұрғылықты мекенінде құрбан шалып жатқан мұсылманның құрбан шалуымен тең, әрі бұл амал осы күнде жасалатын соңғы ғибадат рәсімі болып табылады. Сондықтан да, өзіне құрбан шалынатын малдың қанын ағызуды қамтыған рәсім құрбан шалынатын мереке секілді».*

Бұл рәсім Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисіне сәйкес ең жақсы амалдардың бірі болып табылады. Мысалы, одан: *«Амалдардың қайсысы ең жақсы болып табылады?»*, - деп сұрағанда, ол: *«Талбийяны қатты дауыспен айту және құрбандыққа шалынатын малдың қанын ағызу»*, - деп жауап берді. Бұл хадистің сахихтығын Ибн Хузайма, әл-Хаким және әз-Зәһаби растаған. Сондай-ақ әл-Мунзири де оны хасан хадистер санатына жатқызған. Қажы өзі құрбандыққа шалған малының етінен ауыз тюге тиісті, мұны Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жасағанындай. Бұл туралы толығырақ № 90 тармақта айтылатын болады. Өйткені Ұлы және Құдіретті Аллаһ Минада құрбан шалынатын малдар туралы:

فَكُلُوا مِنْهَا وَأَطْعَمُوا الْبَائِسَ الْفَقِيرَ

«Одан өздерің де жеңдер және жоқ-жітікке де жегізіңдер», - деп айтты («Хаж» сүресі, 28-аят).

Көптеген қажылармен сөйлесуіміздің нәтижесінде біз олардың *әт-таматту'* қажылығын жасаудың абзал екендігін білетініне қарамастан, бәрібір *әл-ифрад* қажылығын жасайтынына, содан соң қажылық біткеннен кейін, әт-Танимге аттанып, ол жерден шыққан соң тек өздерін құрбан шалумен міндеттемеу үшін, умра жасайтынына көз жеткіздік! Кесірлі екендігі айқын болып тұрған мұндай әрекет Аса Дана Аллаһтың Шариғатына қарсы келеді әрі шариғатты айналып өту мақсатымен жасалатын айла болып көрінеді. Аллаһ өзінің Даналығымен қажылықтан бұрын умра жасауды бұйырғанда, олар керісінше істейді, Ол *әт-таматту'* қажылығын жасаушыларды құрбан шалумен міндеттеген кезде, олар бұдан қашқақтайды. Аллаһтан қорқатын адамдар осылай істейді ме?! Олар осыдан

кейін де өздерінің қажылықтарының Аллаһ тарапынан қабыл болуына және күнәларының кешірілуіне үміт етеді ме? Бұл екіталай, өйткені **«расында, Аллаһ тек тақуалардан ғана қабыл етеді»** («әл-Мәида» сүресі, 27-аят), бірақ сараңдар мен қулардан емес!

Сондықтан да, уа, қажы, Рабыңыздан қорқыңыз әрі барлық рәсімдерде Пайғамбарыңыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне ілесіңіз – бәлкім, (сонда ғана) күнәларыңыздан арылып, анаңыздан жаңа туған сәттегідей олардан таза боларсыз!

(Қажылық жасаушыға) үшінші ықыласты кеңес

Құрметті қажы, Арафатқа аттанудан бұрын Минада түнемеуден, сондай-ақ Құрбан Айт күніне қараған түні Муздалифада түнемей өтіп кетуден сақ бол, өйткені бұл Пайғамбарыңыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басшалығының бір бөлігі болып табылады. Бұл, әсіресе, Муздалифада таң атқанша түнеуге қатысты, өйткені ол ғалымдардың ең дұрыс пікіріне сәйкес қажылықтың тіректерінің бірі (рүкіні) болып табылады. Өздерінің қызметтері үшін толығымен ақысын алып жатса да, аз істеп көп табумен басы қатып жүрген кейбір «қажылардың гидтері» деп аталатындардың сәнді сөздеріне алданбаңыздар. Оларға сіздің қажылықтың барлық рәсімдерін өтеген-өтемегеніңіз, оларды Пайғамбарыңыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне сәйкес орындаған-орындамағаныңыз бәрібір.

(Қажылық жасаушыға) төртінші ықыласты кеңес

Құрметті қажы, сіз сондай-ақ (Меккедегі) Қасиетті Мешітте де, басқа кез келген мешітте де намаз орындап тұрған адамның алдын кесіп өтуден сақ болыңыз, өйткені ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп ескертекен: **«Егер намаз орындап тұрған адамның алдын кесіп өтуші өзінің мойнына қандай (күнә) алып жатқанын білгенде, бір орнында қырық (күн, ай немесе жыл) қозғалмастан тұру ол үшін оның алдын кесіп өтуден жақсырақ екенін түсінер еді»** (бұл хадисті әл-Бухари мен Муслим өздерінің «Сахих» жинақтарында жеткізген).¹⁰ Сондай-ақ, құрметті қажы, сізге

¹⁰ Аудармашыдан (қаз.) - бұл (тыйым) намаз орындаушы мен ол сәжде жасайтын орынның арасынан кесіп өтетін адамға қатысты. Қз.: (шейх әл-Әлбанидің) «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазының сипаттамасы» кітабы, «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазының қысқаша мазмұнамасы».

алдыңызды қандай да бір нәрсемен (сутрамен) бөгеп алмастан намаз оқуыңызға болмайды. Сіз намаз оқып тұрған кезде адамдардың алдыңыздан кесіп өтуіне жол бермеу үшін, алдыңызға бөгет ретінде бір нәрсе қоюыңыз қажет. Егер біреу-міреу сіз бен бөгет арасынан өтуге талпынса, сіз оған кедергі жасауыңыз керек. Бұған қатысты бірқатар хадистер мен асарлар жеткізіледі, олардың кейбіреулерін мен төменде келтіремін:

1. *«Егер сендерден біреу өзінің алдына ер тоқымның артқы жағы сияқты бір нәрсені қойса, намазын орындай берсін және оның арғы жағынан өтетін біреуге назар аудармасын»*

2. *«Егер сендерден біреу адамдардан сутрамен тасаланып намаз орындай бастаса, ал басқа біреу оның алдынан кесіп өткісі келсе, (намаз орындаушы) оны көкірегінен итеріп жіберсін әрі шамасы келгенше оған қарсылық жасасын, егер де әлгі (біреу бағынудан) бас тартса, ол онымен шайқассын (яғни оны қаттырақ итеріп жіберсін – ред.), өйткені ол – шайтан!»* Бұл екі хадис те сахих болып табылады. Олар екі «Сахихта» келтірілген. Толығырақ (шейх әл-Әлбанидің) «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазының сипаттамасы»¹¹ кітабын қараңыз.

3. Яхья бин Кәсир былай деп хабарлаған: *“Мен Әнас ибн Мәликтің Қасиетті Мешітке кіріп, өзінің алдына (бөгет ретінде) бір нәрсені қойып, оған жүзін қаратып намаз оқи бастағанын көрдім”*. Бұл асарды Ибн Са’д сенімді жеткізушілер тізбегі (иснад) арқылы келтірген.

4. Салих бин Кайсан былай деп хабарлаған: *“Мен Ибн ‘Умардың Қазба алдына тұрып намаз орындағанын әрі ешкімді өз алдынан өткізбегенін көрдім”*. Бұл асарды Абу Зур’а әр-Рази “Тарих Димашқта”(91/1), сондай-ақ Ибн Асакир “Тарих Димашқта” (8/106/2) сенімді иснад арқылы келтірген.

Бірінші хадис намаз орындаушының алдында бөгеттің (сутраның) болуы міндетті екеніне нұқсайды, әрі егер ол оны қойған болса, онда біреу оның арғы жағынан өтсе де – оқысы жоқ.

Екінші хадис намаз орындаушы адам кез келген басқа адамға оны мен сутрасының арасын кесіп өтуіне жол бермеуі қажеттігіне нұқсайды. Бұдан тыс, осы хадис намаз орындаушының алдын қасақана кесіп өтуге тыйым салынғандығына нұқсайды, өйткені осыны жасайтын адам шайтан болып табылады.

«Шайтан» деген лақап атқа лайық болып қажылықтан қайтқан адам қандай (нашар) үлеске ие болғанын білсе екен.

¹¹ Редактордың ескертпесі: Аллаһтың рахымымен бұл кітап «УММАН» Баспа үйі тарапынан орыс тілінде басып шығарылды.

Жоғарыда аталған хадистердің екеуі де, сондай-ақ олардың мағынасы жалпы сипатқа ие әрі қандай да бір жеке мешітпен немесе орынмен шектелмейді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз мешітінде хабарлаған бұл хадистер ең бірінші кезекте Қасиетті Мешіт пен Пайғамбар Мешітін, ал содан соң, әрине, басқа мешіттерді де қамтиды. Ал жоғарыда айтылып кеткен екі асар, кейбір «қажылардың гидтері» мен басқа адамдардың «Бұл тыйым Қасиетті Мешіт пен Пайғамбар мешітіне қатысты емес!» деген сөздерінен айырықша, жоғарыда келтірілген хадистердің Қасиетті Мешіттерге де қатысты екеніне нұсқайды. Сүннетте осы тәрізді тұжырымдарға негіз жоқ. Сондай-ақ бұл туралы бірде-бір сахабалардан жеткізілмейді. Уа, Аллаһ, тек Мекке Мешітіне қатысты бір-ақ хадистен басқа, алайда оның жеткізушілер тізбегі сенімді емес әрі оған дәлел ретінде сілтеме жасауға болмайды. Бұл мәселе толығырақ «Қажылықпен байланысты діни жаңалықтар (бидғаттар)» тарауында қаралатын болады (№124 тармақ).

(Қажылық жасаушыға) бесінші ықыласты кеңес

Қадірменді ғалымдарымыз қажылармен Қасиетті Мешіттердегі және басқа да құт-берекелі жерлердегі бағалы кездесу сағаттарын оларға қажылықтың қажетті рәсімдері мен оның ережелерін Аллаһтың Кітабына және Оның Пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне сәйкес үйрету үшін пайдаланулары қажет. Сонымен бірге бұл оларды сол үшін бүкіл пайғамбарлар жіберілген және Қасиетті Кітаптар түсірілген Исламның негіздерін, яғни бірқұдайшылықты насихаттаудан басқа жаққа бұрып алып кетпеуге тиіс. Бізге кездескен көптеген қажылар, - олардың ішінде тіпті өздерін ғалым деп санайтындары да бар, - бірқұдайшылықтың мәні және онымен қандай ширк амалдары сәйкес келмейтіндігі туралы мүлде бейхабар. Сондай-ақ біз көптеген қажылардың мұсылмандарды, олардың түрлі мазһабтарына және топтарының көптігіне қарамастан, ақида, фикһ мәселелерінде, қоғамдық қатынастарда, адамгершілік тәрбиеде, саясатта, экономикада, өмірдің басқа да салаларында Құран мен Сүннетке негізделген шынайы іс-әрекетпен айналысуға қайтаруға қатысты толық салғырттық танытатынын да байқадық. Ал мұсылмандар осы шынайы негізге және осы Тура Жолға сүйенбесе, онда қандай қайта өрлеуді күтіп, қандай оңалу туралы сөз етуге болмақ?! Дәл сондықтан да мұсылмандар өз іс-әрекеттерінен қорлық пен әлсіздіктен басқа ешқандай жеміске жете алмауда, ал біздің кезімізде орын алып жатқан жағдайлар

осының айғағы болуда. Әрі біз тек Аллаһқа ғана көмек сұрап жалбарынамыз!

Кейде ақиқатқа шақыру барысында азды-көпті дәрежеде айтысуға тура келіп жатады, ал ол ең жақсы үлгіде жүргізілуге тиіс. Бұл туралы Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ былай дегендей:

ادع إلى سبيل ربك بالحكمة والموعظة الحسنة وجادلهم بالتي هي أحسن

«Рабыңның жолына даналық және ізгі насихатпен шақыр, әрі олармен айтысуды ең көркем үлгіде жүргіз!» («ән-Нәхл», 125-аят).

Әрі Аллаһ Тағаланың

... فلا رفث ولا فسوق ولا جدال في الحج

«...қажылық кезінде әйелге жақындасу, күнә істеу және жанжал жоқ» («әл-Бақара» сүресі, 197-аят) деген сөздерін дәйек ретінде келтіретін надандардың қарсылықтары сені осыдан қайтармасын, өйткені қажылық кезінде тыйым салынған айтысу, тек қажылық кезінде ғана емес, басқа да кез келген уақытта тыйым салынған (осы аятта аталған) күнәлар сияқты. Олар келтірген қасиетті аят одан алдын келтірілген, айтысуды ең көркем үлгіде жақсы дәйектермен жүргізуді бұйыратын аяттан айырықша, өтірік айтысуларға тыйым салады.

Ибн Хазм, Аллаһ оған рақым етсін, былай деген (7/196): *“Айтысу екі түрлі болады: біріншісі – ақиқатқа жетелейтін міндетті (айтысу); ал екіншісі – жалған (айтысу). Ақиқатқа ұмтылып айтысуды ихрам халінде де, одан тыс та жүргізу қажет, ал бұл Раббының жолына шақыруды, ақиқатты анықтап жалғанды тойтаруға ұмтылуды білдіреді, өйткені Аллаһ Тағала: «Раббыңның жолына ... шақыр», - деді. Тура сол сияқты, кім ақиқатты анықтау үшін немесе Аллаһ үшін емес, басқа бір нәрсе үшін айтысулар жүргізіп, осы орайда өзінің ихрам халінде екенін білсе де, қасақана түрде өтірікке жүгінетін болса, сол ихрам мен қажылықтың қасиеттілігін бұзады, өйткені Аллаһ Тағала: «Қажылық кезінде ... жанжал жоқ», - деді”*.

Кейбір салиқалы сәлафтар осы аятта аталған «жанжалдың» астарында қарсыластың жүрегінде ашу-ыза туғызатын тартыс-керістер меңзеледі деген. Осы пікірді қолдап, Ибн Қудама “әл-Муғниде” (3/296) бұл пікірдің ислам ғалымдарының басым бөлігіне тиісті екенін айтқан.

Бұл сөздің басқа да түсіндірмесі бар: кейбір ғалымдар, нақты айтқанда, Ибн Жәрир (әт-Табари), содан соң Ибн Таймийя “Мәжму әр-Расаил әл-Кубрада”(2/361) жоғарыда келтірілген аяттағы талас-тартыс жүргізуге деген тыйым тек қажылық уақыты мен оның рәсімдеріне қатысты деген. Алайда біз осы аяттың астарында тек осы мағына меңзеледі деп есептемейміз, ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі!

Алайда сонымен бірге ақиқатқа шақырушы адам өз пікірін соқыр түрде ұстанатын адамдармен тартысудың пайдасыз екенін, ал тартысуды ұзаққа созып жіберу орынсыз нәрселерге келтіретінін түсінгені жөн. Мұндай жағдайларда осындай талас-тартыстарды қалдырған жақсырақ болады, өйткені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Мен өзіңкі тура бола тұра айтысуды тастаған адамға Жәннаттың төңірегінен үйге (ие болатынына) кепілдік беремін»**, - деген. Бұл хадисті Абу Дауд жақсы иснад арқылы Абу Умамадан жеткізген, сондай-ақ әт-Тирмизи де осыған ұқсас хадисті Әнастан келтіріп, оның иснадын хасан деген.

Аллаһ Тағала барша мұсылмандарға Оның Пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін үйренуге және оған ілесуге көмек берсін!

Мына нәрселерде күнә жоқ:

Қажылық кезінде кейбір қажылар төменде көрсетілген нәрселерді күнәлі деп санайды, бірақ шындығында олар үшін бұл нәрселер рұқсат етілген болып табылады:

1. Тіпті қажеттілік болмаған жағдайда да ғұсыл құйынуға рұқсат етіледі. Ал ғұсыл құйыну, мысалы, ұрық шыққаннан кейін қажет болады. Осы тұста басқа масих тартуға да болады. Екі «Сахихта» және басқа да хадис жинақтарында 'Абдуллаһ бин Хунайнан, 'Абдуллаһ бин әл-'Аббас пен әл-Мисуар бин Махрама Абуа деген жерде (болған кездерінде) (бір мәселе бойынша) пікірлері келіспегені туралы жеткізіледі. 'Абдуллаһ бин 'Аббас ихрам халіндегі қажы басын жуа алатынын айтты, ал әл-Мисуар бұған кері пікір білдірді.

(‘Абдуллаһ бин Хунайн былай деді): “Сонда ‘Абдуллаһ бин әл-'Аббас мені Абу Аййуб әл-Ансариге жіберді, мен оны жолықтырған кезде, ол (өзі жанында тұрған құдықтың) бағаналарының арасында (өзгелерден) киімімен тасаланып ғұсыл алып тұрған болатын. Мен оған сәлем бердім, ал ол: «Бұл кім?», - деп сұрады. Мен: «‘Абдуллаһ бин Хунайнмын. ‘Абдуллаһ бин әл-'Аббас мені сізге Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ихрам халінде болған кезінде басын қалай жуганы туралы сұрау үшін жіберді», - деп жауап бердім. (Менің сөздерімді естіп,) Абу Аййуб киімін ұстап, оны басы көрінетіндей етіп төмен түсірді де, оған су құйып тұрған (адамға): «Құй», - деді, әрі әлгі кісі оның басына су құя бастады. Кейін ол басын екі қолымен ысқалай бастады да, кейін: «Мен Пайғамбардың да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тура осылай істейтінін көрдім», - деді”. Бұл хадистің Муслим жеткізген нұсқасы әл-

Мисуардың Ибн 'Аббасқа: *"Мен енді ешқашан сенімен айтыспаймын"*, - деп айтқан сөздерімен аяқталады.

Әл-Бәйһақи Ибн 'Аббастан хасан иснадпен келесі хабарды жеткізеді: *"Кейде 'Умар бин әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын), біз екеуіміз ихрам халінде болсақ та, маған: «Кел, суға сұңғийік те, қайсысымыз ауасыз көбірек тұратынымызды білейік», - деп айтатын"*.

Сондай-ақ Абдуллаһ бин 'Умар да «Асим бин 'Умар мен Абдуррахман бин Зәйд теңізде болған кездерінде бір-бірінің басын суға батырып, суға сұңғитінін, ал 'Умар оларға қарап, оларға сөгіс білдірмейтінін» жеткізген.

2. Басты қасуға рұқсат етіледі, тіпті егер осының нәтижесінде бірнеше шаш түссе де. Бұған Абу Айубтың жоғарыда келтірген хадисі айғақ болады. Сондай-ақ Мәлик те (1/358/92) Умм Әлқама бинт Абу Әлқамадан жеткізген деректе, оның былай деп айтқанын келтіреді: *"Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелі Айшаға ихрам халіндегі адам жайында «Оған өз денесін қасуға рұқсат етіледі ме?» деген сұрақ қойылғанын естідім. Айша (Аллаһ оған разы болсын): «Қажы қасынуына, тіпті қатты қасынуына болады. Егер менің қолдарым байлаулы болып, қасынғым келгенде, мен мұны аяғыммен істер едім», - деп жауап берді"*. Бұл асардың иснады хасан, өйткені оны растайтын басқа да көптеген хабарлар бар.

Шейх әл-Ислам Ибн Таймийя *"әл-Мажмуа әл-Кубрада"* (2/368) былай деген: *"Егер ихрам халіндегі адамның денесі қышыса, ол оны қасуына болады. Сондай-ақ гұсыл құйыну кезінде де бір-екі шаш түсіп жатса, оның оқасы жоқ"*.

3. Қан алдыруға (хижама жасатуға) рұқсат етіледі, тіпті бұл үшін қан алатын жерден шашты қырып тастауға тура келсе де. Бұған Ибн Бухайнадан жеткізілетін *"Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ихрамда болған кезінде Ләхйя Жәмал деген жерде оның төбесін (тіліп) қанын ағызды"* деген хадис айғақ болады (әл-Бухари мен Муслим).

Шейх әл-Ислам Ибн Таймийя өзінің *"әл-Мәнасиқ"* (2/338) атты еңбегінде: *"Егер ихрам халіндегі адамның денесі қышыса, ол оны қасуына болады. Сондай-ақ ол басы мен денесінің басқа жерлерінен қан алдыра алады. Егер осы үшін шаштың қандай да бір бөлігін қыру қажет болса, онда бұл «Сахихта» келтірілетін хадиске сәйкес рұқсат етіледі*", - деп, осы жерде хадистің мәтінін келтіреді. Әрі қарай ол былай жалғастырады: *"Өйткені қан алдыруды тек шаштың қандай да бір бөлігін қыру арқылы ғана жасауға болады ғой. Сол сияқты гұсыл құйынғанда да бірнеше шаш түсіп жатса, оның оқасы жоқ, тіпті осы нәрсе дәл гұсыл алу кезінде орын алды деген мығым сенім болса да"*.

Ханбали мазһабының ұстанымы осындай, бұл туралы *"әл-Муғниде"* (3/306) айтылатындай, алайда ол жерде әрі қарай былай деп айтылған:

“...бірақ бұл адам өтемақы болатын амал (фидья) жасауы керек”. Тура сол туралы имам Мәлик те, басқа ғалымдар да айтатын. Ал Ибн Хазм олардан айырықша, осы хадисті келтіргеннен кейін (7/257): «Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айыппұл немесе фидья төлеу туралы хабарламаған. Егер бұл міндетті болғанда, онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл мәселені назардан тыс қалдырмайтын еді. Өйткені қалың шашқа ие болған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ихрам кезінде басты қыруға деген тыйымды бізге жеткізді ғой».

4. Хош иістер иіскеуге және сынған тырнақты алып тастауға рұқсат етіледі. Ибн Аббас (Аллаһ оларға разы болсын): «Ихрамдағы адам (ғұсыл құйыну үшін) моншаға кіруіне, тісін алдыруына, хош иістер иіскеуіне және сынған тырнағын алып тастауына болады», - деген. Әрі қарай ол былай деп жалғастырған: «Сендерді қинайтын нәрсені алып тастаңдар, өйткені, ақиқатында, Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ сендерге жапа шектіруді қаламайды». Бұл асарды әл-Бәйһақи (5/62-63) сахих иснад арқылы келтірген. Тура осындай пікірді Ибн Хазм (7/246) ұстанған. Имам Мәлик, өз кезегінде, Мухаммад бин Абдуллаһ бин Абу Мәриямнан оның бірде ихрам халінде болған кезінде Саид бин әл-Мусайибтан өзінің сынған тырнағы туралы сұрағанда, Саид оған: «Оны кесіп таста», - деп айтқанын жеткізген.

5. Күннен шатырдың (палатканың) ішінде, қол шатырдың астында, машинаның ішінде паналауға рұқсат етіледі. Ал қажыларды таситын автобустардың шатырын алып тастау керек деп есептейтін кейбір мұсылмандарға қатысты айтар болсақ, мұндай әрекеттер дінде әлемдердің Раббысы тыйым салған шектен шығушылық пен артық кетушілікке жатады. Мысалы, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларына Намирада өзіне арналған шатыр орнатуды бұйырғаны және өзі кейін соған тоқтап орналасқаны сенімді түрде жеткізіледі (бұл туралы № 57-58 тармақтарда айтылатын болады). Сол сияқты Умм әл-Хусайн (Аллаһ оған разы болсын) келесі хадисті жеткізген: «Мен Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге оның қоштасу қажылығы кезінде қажылық жасап жүргенімде, оның жанында Усама мен Біләлді көрдім. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үлкен бағанаға (Жәмрат әл-ақбаға) тас лақтырмайынша олардың біреуі оның түйесін жетектеп, ал екіншісі оны өз киімімен аптаптан бүркеп жүрді». Бұл хадисті Муслим мен әл-Бәйһақи келтіреді.

Сонымен бірге әл-Бәйһақи Нәфи'тің мынандай мойындауын да келтіреді: “Ибн ‘Умар (Аллаһ оған разы болсын) ихрам халіндегі бір адамның түйе үстінде отырып, күннен бүркегенін көріп, оған: «Ихрамға кім үшін кірген болсаң, сол

үшін өзіңді құрбан етсей», - деді". Ал бұл асардың басқа бір нұсқасында Ибн 'Умар ихрам халінде болған және күннен бүркенген Абдуллаһ бин Рабианы көргені туралы айтылады. Ол өзінің ертоқымының ортасына ұзын сырық орнатып, оған киімін керіп қойған болатын. Ибн 'Умар оны кездестіргенде, мұны оған тыйым салды.

Осы екі асарға қатысты мен (яғни шейх әл-Әлбани – редактордың ескертпесі) былай деймін: Ибн 'Умарға Умм әл-Хусайнның жоғарыда келтірілген хадисі жетпеген болуы мүмкін, өйткені оның тыйым салған нәрсесі, Аллаһ Елшісінің өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) істеген нәрсеге қайшы келіп тұр. Осыған байланысты әл-Бәйһақи былай деген: *"Сахабаның айтқан сөздері мен істеген амалдары туралы асар осындай, алайда Умм әл-Хусайннан жеткізілетін, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің іс-әрекеттері туралы куәлік беретін хадис сахих болып табылады"*. Бұл «басымдық Умм әл-Хусайннан жеткен хадисте, әрі соны басшылыққа алу керек» дегенді білдіреді. Әл-Бәйһақи осы хабарды келтірген тарауды «Ихрам халіндегі адам өзінің басына тимейтін кез келген затты қолданып, көлеңкеде паналауына рұқсат етіледі» деп атағаны да жай емес"¹².

6. Қажы өзінің изарын (белінен төменгі жағын орайтын матаны) арнайы белбеумен немесе жай белдікпен, немесе қажеттілік болған кезде оны түйіндеп байлау арқылы ұстауға рұқсат етіледі. Ихрамдағы адамға сақина, сағат, көзілдірік киюге рұқсат етіледі, өйткені осыған тыйым салатын хадистер жоқ және осының рұқсат етілгеніне нұсқайтын кейбір хабарлар бар. Мысалы, бірде Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) қажылардың белдік тағып жүруі туралы сұрағанда, ол: *«Бұда не жамандық бар? Қажы өз ақшасын сенімді түрде сақтасын»*, - деп жауап берген (бұл асардың иснады сахих). Табиғиндердің бірі болған Атадан жеткен тағы бір асарда: *«Қажы жүзік тағуына және белдік қолдануына болады»*, - деп айтылады (бұл асарды әл-Бухари «та'лик» түрінде келтіреді).

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – редактордың ескертпесі) былай деймін: сағат пен көзілдірікке қатысты айтар болсақ, бұған тыйым салатын мәтіндердің болмауы себепті, сақина мен белдік киюге рұқсат етілгендей, оларды да киюге рұқсат етіледі.

وما كان ربك نسيا

«Ал Раббың еш нәрсені ұмытпайды» («Мәриям» сүресі, 64-аят).

¹² Мен (яғни шейх әл-Әлбани – редактордың ескертпесі) былай деймін: жоғарыда баяндалғанның барлығынан оқырманның өзі де шейх әл-Исламның (Ибн Таймийяның) *«Ихрамдағы адамға ол Кім үшін ихрамға кірген болса, Соған өзін құрбан етуі ең абзал болып табылады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және онымен бірге қажылық жасаған сахабалар солай істеді»* деген сөздері қате екенін түсіне алады.

Аллаһ сіздерге жеңілдік қалайды әрі ауыртпалық қаламайды. Ендеше, Аллаһ сіздерді Тура Жолға салғаны үшін Оны ұлықтаңыздар! Бәлкім, шүкіршілік етушілерден боларсыздар!

Шәууәл айының 15 күні, һижраның 1384 жылы

(17 ақпан 1965 ж. – редактордың ескертпесі)

Дамаск

Мухаммад Насыруддин әл-Әлбани

ИХРАМ ХАЛІНЕ КІРУДЕН БҰРЫНҒЫ АМАЛДАР

Жә'фар бин Мухаммад оның әкесі былай деп айтқанын жеткізген: “Біз Жәбир бин ‘Абдуллаһтың (олардың екеуіне де Аллаһ разы болсын) жанына келгенде, ол (қасындағы) адамдардан өзінің алдына кімдердің келгені туралы сұрай бастады. (Осылайша) ол маған дейін жетті.¹³ [Оның сұрағына] мен: «Мен - Мухаммад бин ‘Али бин Хусайнмын», - деп жауап бердім. Сонда ол екі қолын менің басыма қарай созды да,¹⁴ [алдымен] жоғарғы түймемді, кейін төменгісін ағытып, кейін алақанын менің көкірегіме қойып, - сол кезде мен балиғатқа толмаған жасөспірім¹⁵ болатынымын, - : «Қош келдің¹⁶, уа, менің бауырымның баласы,¹⁷ сұрағың келген нәрсең туралы сұрай бер¹⁸», - деді. Мен сол кездерде зағип болып қалған [Жәбирге] сұрақтарымды қоя бастадым. Намаздың уақытысы басталған кезде, ол көрпесіне¹⁹ оранып орнынан тұрды, бірақ ол оны иығына жапқан²⁰ сайын [көрпесінің] шеттері қайтадан өз орнына түсе беретін, өйткені ол шағын ғана болатын, ал [Жәбирдің] жамылғысы оның жанындағы [киім] ілгіште [ілінген] болатын. Ол бізбен бірге намаз оқыды²¹, [содан соң] мен одан:

¹³ Осыдан, бұған «Бізге адамдарға олардың жай-күйіне сәйкес тиістісін беру бұйырылған еді» деген хадис нұсқайтынындай, “адам оны зиярат етіп келген қонақтармен өзін лайықты түрде ұстауы үшін, олармен танысуы, олардың атын, жай-күйін білуі абзал” деген пайда алынады.

¹⁴ Жәбир зағип болатын.

¹⁵ Осыда «бала хадис алып жүруші бола алады, бірақ ол оны тек кәмелетке жеткеннен кейін ғана жеткізе алады» дегенге нұсқау бар (Ислам мәселесінде де тура осылай).

¹⁶ «Мархабан» - «Қош келдіңіздер» сөзі сүннет болып табылады, әрі егер адам оны Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу ретінде айтса, сол үшін сауап алады.

¹⁷ Осыда бөгде адамға (тікелей мағынада емес, халық ішінде қалыптасқан ғұрып бойынша) «балам», («інім», «аға» «қарындас», «әпке»), «ата», «көке» деп айтуға болатындығына нұсқау бар, өйткені бұл арабтардың әдет-ғұрпы еді, әрі сахабалар осыны амал ететін.

¹⁸ Осыда білім талап етушінің: «Менен сұраңдар», - деп айтуына рұқсат етілетіндігіне нұсқау бар.

¹⁹ Қазақ тіліне аудармашының ескертпесі: орыс тіліндегі мәтінде «одеяло» деп келтірілген.

²⁰ Сондай-ақ бұған иықтарды ашып намаз оқуға деген тыйым бар басқа да хадистер нұсқайды.

²¹ Жәбир намазда әуретті жабудың ең төменгі мөлшері қандай болуға тиісті екенін тәжірибеде көрсеткісі келді. Сондай-ақ хадисте зағип адамға ұйып намаз оқуға болатындығына нұсқау бар.

«Маған Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылығы туралы баяндап беріңіз», - деп сұрадым²²».

[Мухаммад бин 'Али бин Хусайн осыдан кейін Жәбір] саусақтарын бүгіп, тоғыз санын көрсеткенін және былай деп айтқанын [жеткізген]:

1- *“Ақиқатында, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [Мәдинада] тоғыз жыл бойы бірде-бір рет қажылық жасамай тұрды*²³.

2- *Кейін оныншы жылы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [осы] жылы қажылық жасауды ниет еткендігі туралы адамдарға хабарланды.*

3- *Әрі сол кезде Мәдинаға көптеген адамдар келіп жетті*²⁴ (хадистің басқа нұсқасында: «Жаяу не көлікпен жүре алатын бірде-бір адам (үйінде) қалмады», - деп жеткізіледі)²⁵. *[Адамдар онымен бірге шығуға (үлгеру) үшін асықты, өйткені] олардың барлығы Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге жүруді және ол жасап жатқан рәсімдерді қайталауды қалады*²⁶.

4- [Жәбір былай деді: “Мен оның (хадистің басқа нұсқасында: “Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге құтпа жасап, былай деді...», - деп жеткізіледі): “**Мәдина тұрғындары үшін ихрамға кіру орны - Зул-Хуләйфа**²⁷, **басқа жолмен (Шамнан) келетіндер үшін – әл-Жухфа**²⁸, **Ирак**

²² Сәлафтардың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін біліп-түсінуге деген ұмтылысына, сондай-ақ сұрақ қандай үлгіде қойылу қажет екендігіне нұсқау.

²³ Ғалымдар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға коньс аударғанынан соң Хижраның оныншы жылы бір-ақ рет, яғни «қоштасу қажылығы» деп аталып кеткен қажық жасағанына бірауызды келіскен. Ғалымдардың әртүрлі пікірлерін туғызған басқа «Қажылық қашан бұйырылды?» деген мәселе болды. Ғалымдар арасында бұған қатысты бірнеше пікірлер болған, олардың арасындағы ақиқатқа ең жақыны - «қажылық Хижрадан кейін тоғызыншы не, оныншы жылы парыз етілді» деген пікір.

²⁴ 120 мыңға жуық.

²⁵ Осыда бұйрықтағы негіз оны бірден орындау керек екендігіне нұсқау бар.

²⁶ Осыда олар қиран қажылығын жасау ниетімен шыққандығына нұсқау бар.

²⁷ Зул-Хуләйфа – Мәдинадан алты миль қашықтықта орналасқан жер (Хуләйфа – бұл талдың аты).

²⁸ Әл-Жухфа – Меккеден үш күндік (*марахил*) қашықтықта орналасқан жер. Шейх әл-Ислам Ибн Таймийя өзінің “Мәжмуа әр-Расаи’л әл-Кубра” еңбегінің “Мәнасиқ әл-Хаж” (2/356) тарауында былай деген: «Бұл – бүгінгі күні бұзылып кеткен Мухай’а атты ескі қоныс. Соған байланысты, қажылар ихрамға оған (жеткенге) дейін Раабиг деген жерде кіреді. Ол батыс бағыттан келетін қажылар, мысалы, Шам (Сирия, Иордания, Палестина, Ливан) және Мысыр тұрғындары үшін микат (ихрамға кіру орны – редактордың ескертпесі) болып табылады».

тұрғындары үшін – Зат Ирқ²⁹, Нәжд тұрғындары үшін – Қарн, ал Йемен тұрғындары үшін – Яләмлам^{30»},³¹ - деп айтқанын естідім”].

5- [Жәбир былай деді: “Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [зул-ка’да айының аяқталуына бес, не төрт күн қалған кезде]³² жолға шықты].

6 – [және өзімен бірге құрбандыққа шалатын малдарды айдап алып кетті]³³.

7 – Біз онымен бірге [әйелдер және балалармен қатар] жолға шықтық.

²⁹ Зат Ирқ – Араб жазирасындағы Нәжд пен Тихама аудандарын бөлетін орын болып табылатын мекен. Бұл жерден Меккеге дейінгі қашықтық қырық екі мильді құрайды, бұл туралы “Әл-Фатхта” хабарланады.

³⁰ Яләмлам – Меккеден екі күн қашықтықта орналасқан жер, бұл отыз мильді құрайды.

³¹ Адамдар микатқа қатысты үш санатқа бөлінеді: 1 – (макки) харам аймағында тұратын және харам шекарасында умра үшін ихрамға кіретіндер; 2 – харам аймағының сыртында, бірақ микаттың ішінде тұратындар – олар ихрамға өз үйлерінде кіреді; 3 – микаттың сыртында тұратындар (афакиюн) – олар ихрамға микатта кіруге міндетті.

³² Бұл Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шаштарын тарап, хош иіс сеуіп, ихрам киімін – «изар» (қажы белінен төмен жағын орап алатын мата – *редактордың ескертпесі*) мен «рида» (қажы иығына тастайтайтын мата – *редактордың ескертпесі*) кигеннен кейін орын алды. Тура соны оның сахабалары да істеді. Ихрам киіміне, яғни изар мен ридаға қатысты айтар болсақ, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) запыранға (шафран) боялғаннан басқа еш нәрсеге тыйым салмады. Бұл туралы Ибн Аббас айтқанын әл-Бухари жеткізді. «Запыранға боялған» деген сөздер запыран сияқты сары түске боялуды меңзейді.

Ибн Аббастан жеткізілетін осы хадис микатқа жетпей жатып ихрам киімін киюге болатындығына нұсқайды, көп адамдар осылай істеуді дұрыс деп санамаса да. Ихрамхаліне кіруді ниет етудің үкімі бұдан өзгеше, біздің пікірімізше, бұл (ниет) тек микатта ғана не болмаса, егер қажы ұшақта келе жатқан және микатты ихрам халіне кіруді ниет етуден бұрын өтіп кетуден қорықса, оған жетуден сәл ертерек жасалады.

Сондай-ақ Шарифат бойынша ниетті тілмен айту (мысалы: «Уа, Аллаһ, ниет еттім...», - деп, т.с.с. - *редактордың ескертпесі*) ихрамға кіргенде де, дәрет алудың алдында да, намазға кіріскенде де, ораза ұстаудан бұрын да, құлшылықтың басқа түрлерін орындаудан бұрын да рұқсат етілмейді, өйткені ниет тек жүректе бекітіледі. Ал ниетті тілмен айтуға келер болсақ, бұл діни жаңалық (бидғат) болып табылады, ал «*кез келген бидғат адасушылық болып табылады, әрі әрбір адасушылық Отта* (болады)». Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сенімді түрде жеткен нәрсе – бұл ихрам халіне кіруден бұрын айтылатын “*Ләббайка Аллахумма умратан уа хажан*” (“Міне, мен Сенің алдында, уа, Аллаһ, умра және қажылық (жасап тұрмын)”) деген сөздер. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы сөздерге тоқтады, әрі оларға еш нәрсе қоспады, мұны шейх әл-Ислам Ибн Таймийя өзінің “ән-Нийя” («Мәжмуа әр-Раса’ил әл-Кубра», 1-бөлім, 244-245 беттер) кітабында растағанындай.

³³ Яғни, бұл туралы екі «Сахихта» келтірілген Ибн Умардың хадисінде келтірілетіндей, Зул-Хуләйфадан.

8 – Сөйтіп Зул-Хуләйфаға жеттік³⁴. Сол кезде Асма бинт Умайс Мухаммад бин Абу Бакрды босанды³⁵.

9- Ол өзінің не істеу керек екенін сұрау үшін Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адам жіберді.

10- [Сонда] ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **“Ғұсыл құйын, сосын (мақта толтырылған енді матамен) қан ағып жатқан жеріңді байлап таста да, содан соң ихрамға кір”**³⁶.

11- Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мешітте [толық үнсіздік сақтап,]³⁷ намаз оқыды³⁸.

³⁴ Микаттар екі түрлі болады: уақытпен байланысты микат және орынмен байланысты микат. Уақыт микатына келер болсақ, бұл үш айлар (шәуал, зул-қағда, зул-хижа). Әрі сондықтан да егер адам *тәматтуғ* қажылығын жасағысы келсе, онда оған қажылық айларының бірінде умра жасау керек болады. Ал егер ол умраны басқа кезде жасаған болса және Меккеде қажылық басталғанға дейін қалса, онда оған *ифрад* қажылығын жасау жақсырақ болады. Әрі бұл Ибн Таймийя мен төрт имамның пікірі.

Ал орынмен байланысты микаттар: 1-Зул-Хуләйфа, 2-Әл-Жухфа, 3-Зат Ирқ, 4 – Қарн, 5 – Яләмлам

³⁵ Асма босанатынын білетін еді, бірақ осыған қарамастан бәрібір (жолға) шықты, әрі осы (жайт) қажылық оны жасауға мүмкіндік пайда болған кезден бастап бірден парыз болатынына нұсқау бар.

³⁶ Осыда әйел кісіге етеккірі (хайыз) немесе босанғаннан кейінгі қаны келген кезінде микатты ихрам халіне кірмей өтуіне болмайтынына нұсқау бар. Сондай-ақ осыда ол ғұсыл құйынуы қажет екендігіне де нұсқау бар.

Ғұсыл сондай-ақ басқа адамдар үшін де шарифатпен заңдастырылған, бұған Ибн Умардан жеткізілетін мына сенімді хадис нұсқайтынындай: «Ақиқатында, егер адам ихрамға не Меккеге кіргісі келсе, ғұсыл құйыну Сүннеттен». Бәйһақи, Хаким т.б.

³⁷ Яғни Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намаздан соң талбийяны айтпады. Ол оны, бұл туралы келесі тармақта айтылатынындай, тек өзінің түйесіне мінген соң ғана айтты.

³⁸ Бесін (зухр) намазын. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинадан екінті (аср) намазын оқып шыққан болатын. Зул-Хуләйфаға жеткеннен соң, ол адамдарды күтіп тұрғанда ақшам (мағриб), құптан (‘иша), таң (фәжр) және бесін (зухр) намаздарын (сол жерде) оқыды. Бұған барлық хадистердің жиынтығы нұсқайды. Әрі осыда егер адам микатқа бес уақыт намаздың біреуінің уақыты кіргенде жетіп келсе, онда ол ихрамға парыз намазын орындап болғаннан кейін кіру керек екендігіне нұсқау бар. Ал ихрам үшін орындалатын намазға қатысты айтар болсақ, бұл – бидғат.

Батхада ихрам себепті емес, осы алқаптың артықшылығы себепті екі ракағат намаз орындау шарифатта заңдастырылған. Мысалы, әл-Бухари ‘Умардан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай деп айтқанын жеткізеді: “Мен Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Уади әл-‘Ақиқта былай деп айтқанын естідім: **“Бүгін түнде маған Раббымның елшісі келді де: «Осы берекелі уадиде намаз оқы да: “Умратан фи хәжатин” [Умраны қажылықтың ішінде (орындаймын)]», - деп айт», - деді”** (осы хадистің басқа бір

риуаятында: *“Умратан уа хәжәтан”* [«(Мен) умра мен қажылықты (өтеймін)», - деп келтіріледі].

³⁹ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ихрам халіне кіруінен бұрын Айша (Аллаһ оған разы болсын) оған ең жақсы хош иісті майларды жақты. Ол (Аллаһ оған разы болсын): *«Ихрамды киген Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айрығындағы хош иісті майлардың жылтырауы әліге дейін көз алдымда тұр»*, - деп айтатын. Бұл хадис «Сахих» әл-Бухариде келтіріледі.

Ихрам киіміне келер болсақ, шейх әл-Ислам «Манасик әл-Хаж» (кітабында) былай деген: *«Сүннетке сай ихрамға изар және рида киюмен кіреді. Имамдардың бірауызды келісіміне сәйкес олар тігілген де, тігілмеген де болуы мүмкін»*. Көп адамдар осы мәселеде қателесіп, (ихрамдағы адамға) барлық тігілген нәрсе, яғни жіппен тігілген кез келген киімді: ол адамның қандай да бір дене мүшесін жапса да, жаппаса да - тыйым салынған деп есептейді. Сөйтіп «мүлде барлық тігілген нәрсеге тыйым салынған» деген пікір дұрыс емес болып табылады. Іс жүзінде (ихрам халіндегі адам үшін) адам денесіне сәйкес пішіп тігілген, мысалы, көйлек, жейдеше, сырт киім, кеудеше, шалбар және адамның әлдебір дене мүшесінің пішімі бойынша тігілген барлық нәрсеге тыйым салынған. Ихрамдағы адамға дәл осы үлгідегі киімді киюге тыйым салынған, тіпті ол тоқылған болса да. Ал ридаға, егер ол қысқа немесе тар болса, бір нәрсені қоса тіге салуға, немесе егер ол жыртылып қалса, тігуге рұқсат етілген. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Ихрамдағы адам көйлек, сәлде, сырт киім, шалбар, сары ағашпен (уарс) немесе запыранмен боялған кез келген киім және қайыс мәсі, тек егер ол сандали таба алмаса (өйткені мұндай жағдайда қайыс мәсі киюге болады), кимеуі керек»*, - деп айтқан. Ибн Таймийя «Манасик әл-Хаж» (кітабында) былай деп жазады: *«Қажылық жасаушы адам қайыс мәсіні тобықтан төмен болу үшін кесудің қажеті жоқ, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алғашында оларды кесуді бұйырған болатын, ал кейінірек, Арафатта болған кезінде ол изар таппағандарға шалбар киюге, ал сандали таппағандарға мәсі киюге рұқсат етті. Ғалымдардың екі пікірінің ең дұрысырағы осындай»*. Бұл ерлерге қатысты.

Әйелге қатысты айтар болсақ, оның ихрамы екі нәрседен тұрады: ниқаб пен қолғап кимеу, бұған Сүннет: *«Ихрамдағы әйел ниқаб және қолғап кимеуі керек»*, - деп нұсқайтынындай. Осы орайда, ихрамдағы әйелге бетін жаулық сияқты (хымар) немесе басынан бетіне түсетін жамылғы тәрізді әйел киімі (жилбаб) сияқты нәрсемен жабуға рұқсат етіледі, ғалымдардың ең дұрыс пікіріне сәйкес тіпті егер ол бетке тисе де, алайда әйел оны байлап кимеуі керек деген шартпен.

Адам ихрамға кірісімен, ол үшін басын қыру харам болады. Бірақ егер оған қандай да бір себеппен басын қыруға тура келсе, онда ол құрбан шалуға міндетті, бұған Құран мен Сүннет мәтіндері нұсқайтынындай:

مَنْ كَانَ مِنْكُمْ مَرِيضًا أَوْ بِهِ آذَى مِّنْ رَّأْسِهِ فَغَدَاةً مِّنْ صِيَامٍ أَوْ صَدَقَةً أَوْ نُسْ

«Біреу (ихрамда) науқас немесе басында бір жайсыздық болып, шашын алдырса, ол өтем ретінде ораза ұстауы, не садақа беруі, немесе құрбандық шалуы керек» («әл-Бақара» сүресі, 196-аят).

(Әл-Бухари ‘Абдуллаһ ибн Ма’калдан жеткізген хадисте былай деп айтылады: *«Мен Ка’б ибн ‘Ужраның жанына осы мешітте, яғни Куфа мешітінде, келіп отырып, одан (осы) «...ол өтем ретінде ораза ұстауы...»* (деген аят) туралы сұрадым. (Ка’б) былай деді: *“Мен*

12- Кейін он әл-Касуаға отырды⁴⁰. Оның түйесі әл-Байда деген қонысқа жеткен кезде [ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары (тек қажылық жасау ниетімен ғана) ихрам халіне кірді де, тәлбийя ⁴¹ айтты

Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жанына келтірілдім әрі сол кезде (менің басымнан) бетіме биттер төгіліп түсіп жатқан болатын. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Мен сені осыншалықты мен көріп тұрғандай қиындыққа түседі деп ойламаптын. Сенде бір қой табылады ма?»**, - деп сұрады. Мен: «Жоқ», - деп жауап бердім. (Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): **«Үш күн бойы ораза ұста немесе алты кедейді тамақтандыр. Әрбір кедей үшін – жарты са` тамақ. Әрі басыңды қырып таста»**, - деді. (Ка'б былай деді:) «(Бұл аят) мен туралы жеке түсті, бірақ сендер үшін ол жалпы күшке ие»" Әл-Бухари №4517, Муслим №1201. – аудармашыдан (қаз.))

Кейбір ғалымдар қияс (ұқсастық бойынша салыстыру) жасап, қажылық рәсімдерінің қайсысын болса да тастаған әрбір адам құрбан шалуға міндетті деп айтқан. Бұл – дұрыс емес пікір, өйткені оған дәлел жоқ. Бұл аз болса, дәлелдер бұған кері нұсқайды. Мысалы, Муздалифада түнеуді қалдырған Аббастың уақиғасы: Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны құрбан шалумен міндеттемеді. Сондықтан да дәлел келмейінше адамды қан ағызумен (құрбан шалумен – аудармашыдан (қаз)) міндеттеуге болмайды. Дәлел тек төрт нәрсеге келген: 1- қиран не *таматтуғ* қажылығын жасайтын адамның құрбандығы; 2- егер адам ұсталып қалса (ихсар) әрі осыны алдын ала шарт етіп белгілемен болса, онда ол құрбан шалмастан, ихрамнан шыға алмайды; 3 – ихрам халінде қажеттілікке сәйкес шашты алып тастауға мәжбүр болғанға байланысты шалынатын құрбан; 4 – аңшылық жасағаны үшін жаза ретінде құрбан шалу.

Сондай-ақ ихрамға кірген қажылық жасаушы адам **денесіндегі түктер мен шаштарды алуға не қысқартуға, тырнақтарын алуға, бас киім киюге** (қол шатыр пайдаланудың оқасы жоқ), **денеге сәйкес пішіп тігілген киімдер киюге, хош иістер пайдалануға, аңшылық жасауға** (тышқан, шаян, қарға, сауысқан, қабаған итті өлтіруден басқа), **құда түсуге, некелесуге, жыныстық қатынас және оған алып келетін амалдар жасауға, бетін жабуға** (келіспеушілік бар) тыйым салынады.

⁴⁰ Әл-Касуа – Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түйесі осылай аталатын.

⁴¹ Ихрамға кірудің бір бөлігі (*әл-ихлал*) тәлбийяны көтеріңкі дауыспен айту болып табылады. «Ән-Ниһайяда» былай деп айтылған: «Ихрам киімін киген қажылық жасаушы ихрамға тәлбийяны қатты дауыстап айтқан кезінде кіреді».

- Сондай-ақ қажылық жасаушы адам бетін қыблаға бұрып және умра немесе қажылық жасау үшін тәлбийя айтып, былай дейді: *اللهم هذه حجة لا رياء ولا سمعة* «Аллаһумма хазиһи хижжа, лә рийя уә лю сумғә (мағынасы: «Уа, Аллаһ, осы қажылық, (онда) көзбояушылық пен даңққа ұмтылу жоқ!»)».

Үш нәрсенің арасын ажырата білген жөн:

- ниет (ол үйден шыққан уақыттан бері болуы керек);
- ихрам киімі (оны миқатқа дейін киіп алуға болады), ихрам күйі (жағдайы);
- ихрам жағдайына кіру.

(Хадистің басқа нұсқасында: «Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары әл-ифрад қажылығын (жасау ниетімен) ихрамға кірді әрі тәлбийя айтты», - деп хабарланады].

13- [Жәбір (Аллаһ оған разы болсын) былай деді:] «Мен [барлық жерде] – оның алдынан да, артынан да, оң жағынан да, сол жағынан да – оны көзбен қамту мүмкін болмаған (өте көп) жаяу және салтты (адамдар) қоршағанын көрдім⁴². Олардың арасында оған Құран түсіріліп жатқан әрі оның мағынасын

{Редактордың ескертпесі: Мен осы жерде құрметті оқырманның назарын бір өте маңызды жайтқа бұрамын. Жоғарыда келтірілген екі хадистің және басқа да хадистердің мағынасынан шығатынындай, тәлбийяның екі түрін ажырата білу қажет:

(1) ихрам күйіне кірердегі (әл-ихлал) тәлбийясы, оны қажылық жасаушы адам миқатты өткізіп алудан қорыққан жағдайда оған жетпей жатып айтады (мысалы, *әт-тамматтуғ* қажылығын жасаушы адам: «*Аллаһумма, ләббәйкә умратан!*» («Уа, Аллаһ, міне, мен Сенің алдыңда умра (орындап) тұрмын!»)), - деп айтады; ал кейін, зул-хижжа айының 8-күні ол қайтадан ихрамға кіреді, әрі ол: «*Аллаһумма, ләббәйкә хажжән!*» («Уа, Аллаһ, міне, мен Сенің алдыңда қажылық (орындап) тұрмын!»)), - деп айтуға тиісті және

(2) ихрамға кіріп қойған қажы айтатын тәлбия: “*Ләббәйк Аллаһумма ләббәйкә! Ләббәйкә ләә шәриикә ләкә ләббәйкә! Иннәл хамдә уән ниғмәтә ләкә уәл мулк, ләә шәриикә ләкә!*” (мағынасы: «Міне, мен Сенің алдыңдамын, уа, Аллаһ! Міне, мен Сенің алдыңдамын! Міне, мен Сенің алдыңдамын, әрі Сенің серігің жоқ! Міне, мен Сенің алдыңдамын! Ақиқатында, Саған мақтау-мадақ тән, әрі нығметтер мен патшалық Сенікі! Сенің серігің жоқ!», - редактордың ескертпесінің соңы).

Егер қажылық жасаушы қандай да бір себептің, мысалы, науқас немесе қорқыныштың оған қажылығын соңына дейін орындауға кедергі жасауынан қауіптенсе, онда ол тәлбийяны айтуда Елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйреткен: «*اللهم مَجَلِّي حَيْثُ جِئْتُ*» «*Аллаһумма михилли хайсу хабастани*» (мағынасы: «Уа, Аллаһ, менің ихрамға кіруім Сен мені ұстап қалған жерде») деген сөздерін айтып, өз қажылығын Аса Жоғары Раббысының алдында шартты етуіне болады. Сондықтан да егер қажылық жасаушы осылай істеген болса, әрі қандай да бір нәрсе оны ұстап қалса, немесе ол ауырып қалса, онда оған қажылық не умра жасау кезінде ихрам халінен шығуына болады. Әрі ол өтеу ретінде құрбан шалуы және қажылығын қайтадан жасауы қажет емес, тек егер бұл оның ең бірінші, парыз қажылығы болмаса ғана, ал егер бұл бірінші, парыз қажылық болса, онда оны қайта жасау қажет болады.

- Сондай-ақ хадисте кісі тәлбийяны көлікке отырысымен бастауы керек дегенге нұсқау бар. Ал тәлбийя айтуды, егер ол *ифрад* немесе *қиран* қажылығын жасаушы болса – тас лақтырып болған соң, ал егер ол *тамматтуғ* қажылығын жасаушы болса – Меккенің үйлерін көрісімен аяқтайды. Бұған сенімді хадистер нұсқайды.

⁴² Осы мәселеге қатысты ән-Нәуауидің айтқан сөзі бар, әрі біз оны ықшамдап келтіреміз: “Осы жерде салтты түрде де, жаяу да қажылық жасауға рұқсат етілетініне нұсқалады. Бұл туралы ғалымдар бір ауызды келісімде болған. Келіспеушілік тек осы екі әдістің қайсысы абзалырақ дегенге қатысты туындаған. Ғалымдардың басым бөлігі қажылықты Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өнегесіне ілесіп, салтты атқарған жақсырақ деп есептеген. Бұдан тыс, қажылық рәсімдерін орындау жеңілдірек әрі шығындар да

(та’уил) білетін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бар еді, сондықтан да біз оның істегендерінің барлығын қайталайтынбыз⁴³».

көбірек болады. Дәуд: «Жаяу адамдар бастан өткізетін қиындықтарына байланысты көбірек сауап алуға лайықты» деген тұжырым қате, мүмкін, (осыда) қиындықтар болмауы себепті», - деген екен”.

Осыдан шыға келе, қажылық жасаушыға әуе көлігін пайдалануына рұқсат ғана емес, бұл абзалырақ екендігін білу керек, кері пікір айтушылардан айырықша. Ал: «**Ақиқатында, салтты жүрген қажы өзінің жануарының әрбір қадамына жетпіс, ал жаяу жүруші өзінің әрбір қадамы үшін жеті жүз сауап алады**» деген хадиске келер болсақ, ол әлсіз әрі дәлел ретінде қолдануға жарамсыз. Бұл хадис сондай-ақ «**Жаяу жүргіншіге жетпіс қажылықтың сауабы тиісті, ал салттыға – отыз (қажылықтікі)**» деген мәтінмен де жеткізіледі. Бұл риуаят бірінші хадистен де әлсіз. Қз.: «Силсиләт әл-Ахадис әд-Дай’фа» (№ 496-497)

Шейх әл-Ислам Ибн Таймийя, Аллаһ оны рақым етсін, “Мәнасиқ әл-Хажда” бұл мәселедегі даналық адамдардың өздерінің (қажеттіліктеріне) тәуелді: (яғни) «біреулер үшін қажылықты салтты, ал басқалар үшін жаяу жасау жақсырақ» екенін айтқан.

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – *аудармашының ескертпесі*): бәлкім, осы пікір - ақиқатқа ең жақынырағы, – деймін.

⁴³ Бұл сөздерде Пайғамбар ғана (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларға өзіне уахи етіліп жатқан Қасиетті Құран аяттарының мән-мағынасын түсіндірушісі болғанына астарлы ишара бар. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), басқа адамдардан айырықша, аяттарды шынайы білімнің негізінде дұрыс тәпсірлей және түсіндіре алатын жалғыз адам еді. Тіпті сахабалар да, Аллаһ оларға разы болсын, оларға Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізген білімсіз амалдай алмас еді. Осы себепті де қоштасу қажылығы кезінде де, басқа құлшылықтарды орындау барысында да, сахабалар, оларға Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізінен мұқият бақылайтын, әрі оның әрбір іс-әрекетін дәлме-дәл қайталайтын. Осыда адамдардың екі тобына қарсы дәлел бар:

а) Араларында Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінен, оның басшылығынан және түсіндіруінен «аян етілетін білім» үшін бас тартатын сопыларға, олар мұны «Жүрегім маған Раббымнан хабарлады!» деген сөздермен түсіндіреді. Іс әш-Ша’аранидің “әт-Табақат әл-Кубрада” олардың (экстазға кіріп кеткен – *автордың ескертпесі*) шейхтарының кейбіреулері біздікінен басқаша Құранды оқитынын әрі сауабын қайтыс болған мұсылмандарға бағыштайтынын жеткізеді!!!

б) Құранның оларға ешқандай қатысы жоқ болса да (өздерін Құранға телитін – *аудармашыдан* – (қаз.)) «құраншыларға». Олар: «Құранды түсіну үшін Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінде ешқандай қажеттілік жоқ, тек араб тілін және оның ережелерін білсең болды», - деп айтады. Алайда Жәбирдің және басқа да сахабалардың хадистерінен айқын болатындай, олар тап-таза арабтардан шыққан болса да және Құран олардың тілінде түскен болса да, бұл білім оларға жеткіліксіз еді. Ал «құраншыларды» жақтайтындарға келер болсақ, олардың барлығы немесе басым бөлігі араб та емес. Ақыр аяғында олардың жоғарыда аталған түсінігі олардың Исламнан шығып, жаңа дін құруына алып келді. Олардың «намазы» біздің намазымыздан, олардың «қажылығы» біздің қажылығымыздан, олардың «оразасы» біздің оразамыздан айырықша.

14- Ол бірқұдайшылық сөздерін қатты дауыстап жариялап⁴⁴, (мына сөздерді қайталай бастады):

لَبَّيْكَ اللَّهُمَّ لَبَّيْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ الْحَمْدُ وَالنِّعْمَةُ لَكَ وَالْمُلْكُ لَا شَرِيكَ لَكَ

“Ләббәйк Аллаһуммә ләббәйкә! Ләббәйкә ләә шәриикә ләкә ләббәйкә! Иннәл хамда уән ниъмәтә ләкә уәл мулк, ләә шәриикә ләкә”

(Мағынасы: «Міне, мен Сенің алдыңдамын, уа, Аллаһ! Міне, мен Сенің алдыңдамын! Міне, мен Сенің алдыңдамын, әрі Сенің серігің жоқ! Міне, мен Сенің алдыңдамын! Ақиқатында, Саған мақтау-мадақ тән, әрі нығметтер мен патшалық Сенікі! Сенің серігің жоқ!»).

15- Барлық адамдар оның ізінен осы сөздерді қатты дауыстап⁴⁵ қайталай берді. (Хадистің басқа бір нұсқасында: «Адамдар тәлбийяны [, оған келесі сөздерді

Мен білмеймін, бірақ олардың ақидасына да қатысты да осылай болуы мүмкін. Олар алғашында да Үндістанда пайда болып, кейіннен Мысыр мен Сирияға тарады. Өз кезінде мен олардың авторы белгісіз “әд-Дин” («Дін») деген кітабын оқығанмын. Кім осы кітапты оқып шықса, олардың адасушылығына және ислам дінінен шығып кеткеніне көзі жетеді. Аллаһ мұсылмандардың осы екі топқа кіріп кетпеуі үшін жеткілікті!

⁴⁴ Тәлбийяны бірқұдайшылық сөздері деп атаудың себебі көпқұдайшылдар өздерінің тәлбийяларында көпқұдайшылық сөздерін қосып айтатынында еді.

Таухид бұл барлық пайғамбарлар уағыздап-шақырған нәрсе: وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ مِنْ رَسُولٍ إِلَّا نُوحِي إِلَيْهِ (Мухаммад) сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: "Күдіксіз, Менен басқа ешбір тәңір жоқ. Ендеше, Маған ғана құлшылық етіңдер", - деп қана уахи етіп, жібердік» («Әнбийя» сүресі, 25-аят).

«Ләббәйкә» сөздері шақырудан кейінгі (сол шақыруға берілген – аудармашыдан (каз.)) жауаптың мағынасына нұсқайды, яғни «Міне, мен Сенің алдыңдамын». Яғни «Мен Сенің алдыңдамын, саған мойынсұнуға дайынмын». Алайда егер біреу: «Ал Аллаһтың ихрамға кіруші адам оған жауап беруге тиісті шақыруы қайда?», - деп сұраса, біз оған: “Аллаһ Тағаланың «وَأَذِّنْ فِي النَّاسِ بِالْحَجِّ يَأْتُوكَ رِجَالًا وَعَلَى كُلِّ ضَامِرٍ يَأْتِينَ مِنْ كُلِّ فَجٍّ عَمِيقٍ» «Адамдарды хажға шақыр. Олар жаяу және көлік үстінде әрбір алыс жолдардан саған келеді» деген сөздерінде”, - деп жауап береміз. Яғни адамдарды шақыр, әрі олар саған жаяу және көлік үстінде келсін.

«Аллаһуммә», яғни Аллаһ Тағаланы: «Уа, Аллаһ», - деп шақыру.

«Ләббәйк», растау үшін қайталау. Яғни «Міне, мен Сенің алдыңдамын, уа, Аллаһ! Міне, мен Сенің алдыңдамын!»

«Міне, мен Сенің алдыңдамын, әрі Сенің серігің жоқ!» Яғни Сенің еш нәрседе серігің жоқ. Тәлбийяда ғана емес, бүкіл нәрседе. Сенің билікте серік жоқ, Сенің құлшылықта серігің жоқ, Сенің Есімдерің мен сипаттарыңда серігің жоқ. Мен Сенің алдыңда ықыластымын, мен қажылықты рия (көз бояушылық) немесе атақ-даңқ үшін үшін жасамаймын. Мен оны ақша немесе тағы да бір басқа нәрсе үшін жасамаймын. Ақиқатында, менің қажылығым тек Сен үшін, әрі мен тек Саған ғана жауап беремін.

«Ақиқатында, Саған мақтау-мадақ тән, әрі нығметтер мен патшалық Сенікі! Сенің серігің жоқ!» Егер адам осы тәлбийя туралы ой қозғаса, оның шындығында да өзіне бірқұдайшылықтың барлық түрлерін қамтыған бірқұдайшылық сөздері екенін түсінеді.

қосып] айта бастады: [ليبك ذا المعارج لبك ذا الفواضل “Ләббәйкә Зәл-Мә`ариж, Ләббәйкә Зәл-Фәуәдил” (мағынасы: «Міне, мен Сен алдыңдамын, дәрежелердің Иесі⁴⁶! Міне, мен Сенің алдыңдамын, пайда-игіліктердің Иесі!») {Абу Дауд, Ахмад, әл-Бәйһақи}], ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға осы үшін еш нәрсе деп айтпады⁴⁷.

⁴⁵ Қажыға тәлбийя айтқан кезінде дауысын көтеру бұйырылған, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «*Маған Жәбірейіл келді де, сахабаларым мен жанымдағы адамдарға тәлбийя айтқан кезде дауыстарын көтеруді бұйыруыма әмір етті*». Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Ең жақсы қажылық – бұл тәлбийя (сөздерін) қатты дауыспен айту және құрбандықтың қанын ағызуды*», - деген. Сондықтан да, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары ихрамға кірген соң әр-Рауха деген жерге жетпей-ақ дауыстары қарлығып қалатын. Әйелдердің тәлбийясына келер болсақ, әйелдер (бұл мәселеде) ерлер сияқты, өйткені жоғарыдағы екі хадис жаппай сипатқа ие. Сондықтан оларға да дауыстарын көтеру керек, тек егер осы (әйелдердің дауыстарын шағаруы) фитна тудырмаса ғана. Мысалы, Айша дауысын оны басқа ер кісілер еститіндей көтеретін. Абу ‘Атыйя былай деген: «*Мен Айшаның: “Ақиқатында, мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тәлбийясы қандай болғанын білемін*», - дегенін естігенмін, содан соң мен оның: “Ләббәйк Аллаһуммә ләббәйкә!... (әрі соңына дейін)”, - деп тәлбийя айтқанын да естігенмін».

⁴⁶ Редактордың ескертпесі: «әл-Мә`ариж» сүресі, 3-аятпен салыстырыңыз.

⁴⁷ Бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тәлбийясына басқа да (мағыналас) сөздерді қосуға болатындығына айғақ болады, өйткені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалардың іс-әрекеттерін өзінің үнсіздігімен құптады. Тура осы туралы имам Мәлик пен әш-Шәфи и айтқан. Сонымен бірге имам Ахмад Ибн Аббастың: «*Осыда тоқта (әрі еш нәрсе қоспа), өйткені Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тәлбийясы осындай*», - деген сөздерін келтірген. Бұл хабардың жеткізушілерінің бірі әлсіз болуына қарамастан, кейбір қазіргі заман ғалымдары оның иснадын сенімді деген. Десе де Абу Һурайрадан жеткізілетін, онда ол Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтатын тәлбийя сөздерінің ішінде “Ләббәйкә Иләһә-л-Хаққ” (мағынасы: «Міне, мен Сенің алдыңдамын, уа, Ақиқаттың Құдайы») деген сөздердің де бар екендігін хабарлаған сахих хадис бар. Бұл хадисті ән-Нәса’и мен басқа (мухаддистер) келтірген.

Тәлбийя пенденің Аллаһ Тағаланың Өз жаратылыстарына жолдаған шақыруына берген жауабы болып табылады. Аллаһ Ибраһим пайғамбар арқылы (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Өзінің жаратылыстарын (Қасиетті) Үйіне қажылық жасауға шақырды (қз.: «Хаж» сүресі, 27-аят – редактордың ескертпесі). Тәлбийяны айтушы қажы мойынсұнған түрде: «*Ләббәй-кә, Аллаһуммә, ләббәй-кә ...*», - яғни, - «Мен Сенің Даналығыңа бағынып және әркез кешікпей және саспай Сенің әміріңе мойынсұнып, Сенің шақыруыңа жауап беремін!», - деп, Аллаһтың шақыруына асығады. Бұл туралы шейх әл-Ислам (Ибн Таймийя) айтқан.

16- Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тәлбийяны тоқтаусыз қайталай берді⁴⁸.

17- [Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: [“Біз [бар дауысымызбен]: [“*Ләббәйкә Аллаһуммә* («Міне, мен Сенің алдыңдамын, уа, Аллаһ!»)], *Ләббәйкә би-л-хаж*” («Міне, мен Сенің алдыңда қажылық (жасап) тұрмын»), - деп айттық]. (Хадистің тағы бір нұсқасында: “Біз умраны (жасауға болатындығын) білмедік”, - деп айтылады)⁴⁹, (ал хадистің басқа бір нұсқасында: «Біз, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары, тек қажылық әрі қажылықтан басқа еш нәрсе, тек қана қажылық (жасау ниетімен) ихрам халіне кірдік және тәлбийя айттық», - деп жеткізіледі).]

18- [Ол былай деді: “Ал Айша умра жасауды ниет етті. Ол Сарифке⁵⁰ келгенде, еттеккірі келе бастады”].

⁴⁸ Осыда тәлбийяны тоқтаусыз қайталай берудің қажеттілігіне нұсқау бар, өйткені, біріншіден, ол «қажылық рәсімдеріне» жатады, ал, екіншіден, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан: *«Тәлбийя айтушы оның сөздерін айта бастаған мезетте-ақ, оның оң және сол жағындағы нәрселер: ағаштар, тастар мен кесектер – осы жерде де, ана жерде де оның оң және сол жағындағы жер біткенше бірден тәлбийя айта бастайды»* Мұны әсіресе қажылық жасаушы адам қандай да бір төбеге көтерілетін немесе жазыққа түсетін кезде жасауы қажет. Бұған (...): *«Мен Мусаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) тәлбийя (сөздерімен) Аллаһты қатты дауыспен шақырып, төбеден түсіп келе жатқанын көріп тұрғандаймын»,* - деген хадис нұсқайтындай. Ал басқа хадисте: *«Мен оның тәлбийя айтып жазыққа түсіп келе жатқанын көріп тұрғандаймын»,* - деп жеткізіледі. Тәлбийяға қоса тәхлил (яғни «*Лә иләһә иллә-Аллаһ*» сөздері - аудармашының ескертпесі) сөздерін де қоса айтуға болады. Өйткені Ибн Мәс’уд (Аллаһ оған разы болсын): *«Мен Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге шықтым, әрі ол үлкен бағанаға (жамрат әл-ақабаға) тас лақтырмайынша тәлбийя айтуын тоқтатпады, тек тәлбийяға қоса ол тәқбир (яғни «Аллаху Әкбар» сөздері – аудармашының ескертпесі) не тәхлил айтқанынан басқа»,* - деген.

⁴⁹ Мен (яғни шейх әл-Әлбани – аудармашының ескертпесі) былай деймін: бұл қоштасу қажылығының басында, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларына қажылық айларында умра жасаудың (шариғи тұрғыдан – ауд. (қаз.)) заңды екеніне нұсқаудан бұрын орын алды, бұған көптеген хадистер айғақ болатынындай. Олардың арасында, мысалы, Айша жеткізген мына хадис бар: *«Біз (қоштасу қажылық жылында) Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге жолға аттандық, әрі ол: “Сендерден кім қажылық пен умраны жасағысы келсе, оларды жасай берсін. Кім умраны жасағысы келсе, оны жасай берсін...”*, - деді». (Әрі қарай) Айша: *«... мен умра жасауды ниет еткендердің қатарында болдым»,* - деді. Бұл туралы әл-Бухари мен Муслим жеткізген. Хадистің мәтіні Муслимнің баяндауында келтіріледі.

⁵⁰ Әт-Тан’имнен алыс емес жерде орналасқан мекен. “Ән-Нихайяда” былай деп айтылған: “Ол Меккеден он миль қашықтықта орналасқан. Сондай-ақ осы жердің Меккеден азырақ және көбірек қашықтыққа орналасқандығы туралы да айтылады».

Өткен материалдың қысқаша түйіндемесі:

- 1- Ихрамға изар мен рида киімінде кіру, әрі оған дейін ғұсыл құйыну.
- 2- Осы киімдерді киюден бұрын ер кісілер денелеріне хош иіс майларын жағу.
- 3- Ихрамға арнайы *микат* деп аталатын орында кіру.
- 4- Етеккірі немесе босанғаннан кейінгі қаны келіп жатқан әйелдердің ихрамға ғұсыл алғаннан кейін кіруі.
- 5- Қажылықтың орындалатын түріне байланысты ихрамға қажылық пен умраны жасау ниетімен кіру.
- 6- Қажылықты әйелдермен және балалармен бірге жасау.
- 7- Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан тәлбийя сөздерін айту.
- 8- Тәлбийяны қатты дауыспен айту.
- 9- Егер *қиран* немесе *ифрад* қажылығын жасаушы адам өзімен бірге құрбандыққа шалатын малын айдап келе жатпаған болса, қажылықты умра жасау үшін үзу.

МЕККЕГЕ КІРУ⁵¹ ЖӘНЕ ҚАҒБАНЫ ТАУАП ЖАСАУ

19- Біз Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге [зул-хиджа айының төртінші күні таңертең] (Аллаһтың) Үйіне жақын келгенімізде, (хадистің басқа риуаятында былай деп хабарланады: “Біз Меккеге күн едәуір биік көтерілген кезде кіріп келдік.

20- Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (Қорықты) Мешіттің қақпаларының алдына келіп, түйесін тізесіне шөктірді де, кейін Мешітке кірді⁵²).

⁵¹ Мүмкіндігі бар адам Меккеге кіруден бұрын Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өнегесіне ілесіп, ғұсыл құйынуы және оған күндіз күруі керек. Меккеге оның жоғары жағынан кіру қажет. Қажылық жасаушы адам Меккеге қалауы бойынша кез келген жолмен кіре алады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Меккенің әрбір шатқалы (сайы) жол әрі құрбан шалатын орын болып табылады*», - деп айтқан.

Умраны Меккеге келген бойдан бірден жасау міндетті емес. Алдын біраз дамылдап, кейін мешітке барса да болады.

⁵² Мешітке оң аяқпен кіріп: «اللهم صلّ على محمد وسلم ، اللهم افتح لي أبواب رحمتك» «Аллаһумма салли `алә Мухаммадин уа салләм, Аллаһумма-фтахли әбуәбә рахматик», - деп айтуы керек (мағынасы: «Уа, Аллаһ, Мухаммадқа игілік пен сәлем бер! Уа, Аллаһ, маған Рахметіңнің есігін аша гөр!»).

Қажы Қағбаны көрген кезде екі қолын көтеруіне болады, өйткені бұл Ибн ‘Аббастан бекітілген. Сондай-ақ қажы Аллаһқа кез келген қалаған дұғасымен жалбарынуына

21- Ол (Қағбаның) бұрышын сипап өтті⁵³ (Хадистің басқа риуаятында: «Қара тасты», - деп хабарланады)⁵⁴.

болады. Ал егер ол 'Умар айтқан «*Аллаһумма антә-с-Саләм уа минкә-с-саләм, фә-хаййинә Раббәнә би-с-саләм!*» (мағынасы: «*Уа, Аллах, Сен – Бейбітшіліксің*» («әс-Саләм» – Аллаһтың кемшілік пен мін атаулыдан азат (пәк) екендігіне нұсқайтын Оның Көркем Есімдерінің бірі), *әрі Сенен - бейбітшілік* (яғни Сен кез келген қайғы-қасіреттерден және бақытсыздықтардан арылтасың), *Уа, Раббымыз, бейбітшілікпен бізді тірілте гөр* (бұл жерде дұға етуші Аллаһтан сұрайтын есендік меңзелуде)» деген дұғамен жалбарынса, бұл жақсы болады.

⁵³ Яғни оны оң қолымен сипады. Бұл іс-әрекет, бұл туралы ән-Нәуауи айтқандай, Қағбаны әрбір тауап жасау барысында орындалатын сүннет болып табылады. Сондай-ақ қажылық жасаушы оған сәжде жасайды, өйткені осылайша Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және 'Умар мен Ибн 'Аббас істейтін.

Қара тасты сипауда өте үлкен игілік бар, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан: «*Аллаһпен ант етемін, ақиқатында, Аллах Қиямет Күні Қара тасты тірілтеді, әрі оның екі көзі болады. Ол сол көздерімен қарап тұрады. Және оның тілі болады, әрі ол сол тілімен сөйлейді. Ол оны шындықпен сипаған әрбір адамды жақтап куәлік береді*». Сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Қара тас пен Йемен бұрышын сипау күнәларды өшіреді*», - деді. Бұдан тыс, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Қара тас Жәннаттан. Ол қардан да аппақ болатын, алайда көпқұдайшылдардың күнәлары оны қап-қара етті*», - деп те айтты.

Алайда Қағбаны тауап жасауда және Қара тасты сипауда адамдарды итермеу керек, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «*Уа, Умар! Сен күшті еркексің, ендеше әлсіздерге зиян тигізбе! Егер (Қара) тасты сипағың келсе, (оның алды бос) болса, сипа! Ал егер (бос) болмаса, онда оған жүзіңді қаратып, тәкбір айт!*»

⁵⁴ Қағбаны осы тауап жасау кезінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Йемен бұрышына да қолын тигізген, бұл туралы Ибн Умардың хадисінде жеткізілетініндей. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл бұрышты сүймегенін (және оған қарай қолын нұсқамағанын) атап кету керек.

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаны әрбір айналған кезде тек Қара тасты ғана сүйген. Қара тасты сүю сүннетке жатады. Егер оны істеуге мүмкіндік болмаса, онда оны қолмен сипай салып, кейін қолды сүюдің өзі де жеткілікті болады. Егер бұл да қиын болса, онда, мысалы, оған таяқтың ұшын тигізіп, кейін соны сүйсе де болады. Кері жағдайда ол жаққа қарай жай қолмен нұсқаса да болады. Алайда мұның ешқайсысын Қағбаның басқа бұрыштарына қатысты істеуге болмайды. Йемен бұрышына келер болсақ, оны тек сипап өту ғана құпталады. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өнегесіне ілесіп, Қағбаның екі Сирия бұрыштарына қол тигізбей өту керек.

Йемен бұрышы мен Қара тас аралығында жүріп бара жатып:

ربنا آتنا في الدنيا حسنة، و في الآخرة حسنة، و قنا عذاب النار

«*Раббәнә әтинә фид-дунья хасанә, уә фил-ахирати хасанә, уа қинә азабән-нәр*», - деп айту қажет (мағынасы: «*Раббымыз! Бізге осы дүниеде игілік сыйла, әрі Ақыретте де игілік сыйла, әрі От азабынан сақта!*»)

22- [ал кейін одан (яғни Қара тастан) оң жаққа қарай жүрді⁵⁵]

23- және [оған қайта-қайта оралып,] жылдам жүріспен (әр-рамль)⁵⁶ (Қағбаны) үш рет, ал (қалған) төртеуін әдеттегідей жүріспен [жай]⁵⁷ айналып өтті. ⁵⁸

Сүннетке сәйкес Қағбаны тауап жасау кезіндегі әрбір айналымда Қара тастың қарама-қарсысына келгенде: «Аллаһу Әкбар!», - деп, Аллаһты ұлықтау керек. Ибн Аббас (Аллаһ оның екеуіне разы болсын): «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (Аллаһтың) Үйін түйе үстінде отырып тауап жасады. Қағбаның бұрышына (яғни Қара тас орналасқан бұрышына) жақындаған сайын, ол қолындағы нәрсесімен оған нұсқайтын әрі Аллаһты ұлықтайтын», - деп жеткізген. Бұл хадисті әл-Бухари келтірген.

«Аллаһу Әкбар» сөздері әр айналымның басында айтылады. Демек, тауапты бітірген кезде қолды Қара тасқа нұсқаудың әрі: «Аллаһу Әкбар», - деп айтудың қажеті жоқ.

Ал осы тұста «Бисмилләһ» («Аллаһтың атымен») сөздерін айтуға келер болсақ, мен (яғни шейх әл-Әлбани – ауд. (қаз.)) Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тікелей көтеріліп жеткізілетін (осы туралы айтылатын) бірде-бір хадисті кездестірмеймін. Тек Ибн Умардың Қара тасқа қолын тигізген сайын: “Бисми-Аллаһ, уа Аллаһу Әкбар!”, - деп айтқаны хабарланатын сахих дерек бар.

⁵⁵ Қағбаны жеті рет айналу кезінде қабырғаның (әл-хижрдың) сыртынан өту қажет.

⁵⁶Өн-Нәуауи ғалымдардың «әр-рамль» сөзіне келесідей анықтама бергеніне нұсқаған: «Бұл желістеп жүргендей жылдам әрі шағын қадамдармен шапшаң жүру». Йемен бұрышы мен Қара тас аралығында жүгірудің қажеті жоқ. Рамль тек тауаф әл-қудумда ғана (жасалады).

⁵⁷ Басқа хадистерде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаны осы алғаш тауабын (яғни тауаф әл-қудумды – редактордың ескертпесі), оң иығын жалаңаштап (мудтабиан) жасағаны туралы жеткізіледі. Әл-идтиба’ (яғни ер кісі болған қажының Қағбаны тауап ету кезінде оң иығын жалаңаштауы) мынаны білдіреді: риданы (қажының үстіңгі жамылғысының) бір ұшын оң қолының қолтық астынан өткізіп, оны сол иыққа тастау, әрі осылайша оң иықты жалаңаштап, сол иықты жабу. Оң иықты Қағбаны тауап жасап болғанға дейін жалаңаш ұстау керек.

⁵⁸ Қажы (Қара тас орнатылған) Бұрыш пен Қағбаның есігінің арасындағы орынға (мультазамға) денесімен: оған көкірегін, бетін, білектерін қойып - жабысуына болады.

Қағбаны тауап жасауда Аллаһты зікір етудің қандай да бір белгіленген сөздері жоқ. Қажы Құраннан және Аллаһты еске алу сөзерінен қалаған нәрселерін оқуына болады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан: «(Аллаһтың) Үйін (Қағбаны) тауап ету намаз (саләт) болып табылады, тек Аллаһ онда сөйлеуге рұқсат еткендігінен басқа. Ал кім (Қағбаны тауап ету кезінде) сөйлесе, тек игі сөз айтсын», - ал хадистің басқа бір нұсқасында: «...оның кезінде азырақ сөйлесін», - деп айтылады.

Жалаңаш адамға немесе етеккірі келіп жатқан әйелге Қағбаны тауап жасауына болмайды, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «(Келесі жылдан бастап Аллаһтың) Үйін бірде-бір жалаңаш адам тауап жасамайтын болады»⁵⁸, ал қоштасу қажылығы кезінде ол умра жасау үшін келген Айшаға (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Қажы істейтін барлық нәрселерді істей бер, бірақ тазармағаныңша (Аллаһтың) Үйін тауап жасама [және намаз оқыма]!»

Ескерту: егер адам жасаған айналымдарының санынан жаңылысып, күмәнданса, ол сенімді болған нәрсесіне, яғни азына қайтуға тиісті. Егер ол тауап жасап болған соң

24- Кейін⁵⁹ ол Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) (тұрған) орынына (мақам Ибраһим) келді де [адамдар оны еститіндей етіп дауысын қатты көтеріп] былай деді:

واتخذوا من مقام إبراهيم مصلی

«Уа-ттахизу ми-м-мақами Ибраһимә мусаллә»

(мағынасы: «Ендеше, Ибраһимнің (тұрған) орнын намаз оқитын орын ет») («Бақара» сүресі, 125-аят)).

25- Ол Ибраһимнің (тұрған) орны онымен Қағбаның⁶⁰ арасында қалатындай етіп тұрды [да, екі ракағат намаз оқыды]⁶¹.

26- [Жәбір (Аллаһ оған разы болсын) былай деді]: “Ол екі ракағатта «*قل هو الله أحد*» (сөздерінен басталатын сүрені) және «*قل يا أيها الكافرون*» (сөздерінен басталатын сүрені) оқыды. (Хадистің басқа бір риуаятында: “«*قل يا أيها الكافرون*» ((«Айт: «Әй, кәпірлер!...»)) сөздерінен басталатын сүрені) және «*قل هو الله أحد*» ((«Айт: Ол, Аллаһ, Жалғыз...»)) сөздерінен басталатын сүрені”», - деп хабарланады.⁶²)

27- [Кейін ол Зәм-Зәм бұлағына барып, одан су ішті және оны басына құйды]⁶³.

28- Кейін ол (Қағбаның) бұрышына қайта оралды да, оған (яғни Қара тасқа) қолын тигізді.⁶⁴

күмәндана бастаса, онда күмәнға көңілін бұрмау қажет. Егер иқама айтылса, ол тоқтап, намаз оқуы, ал содан соң тауапты тоқтаған жерінен жалғастыруы қажет. Сондай-ақ егер тауап жасау барысында кісінің дәреті бұзылса, ол дәретін жаңартып, тауапты тоқтаған жерінен жалғастырады.

⁵⁹ Иығын жауып.

⁶⁰ Бірақ егер сол жерде орын таба алмаса, онда осы екі ракағатта басқа жерде оқудың оқасы жоқ.

⁶¹ Ешбір жағдайда намаз орындаушының алдын кесіп өтуге болмайды, сондай-ақ намаз орындап тұрған кезінде ешкімге алдыңнан кесіп өтуге рұқсат етуге болмайды, бұған жалпы сипаттағы хадистерде тиісті тыйымның болуына, әрі Қорықты Мешітке де, жалпы Меккеге де қатысты күшке ие болатын ерекше бөлек жағдай орнатылмағандығына байланысты!

⁶² Ибн Аби Шәйбаның «Мусаннафында» сахих жинақта «Әр жеті (айналым) үшін екі ракағат» деген хадис келеді. Яғни әр тауаптан соң екі ракағат (намаз) орындау керек.

⁶³ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Зәм-Зәм суы оны не үшін ішсе - сол үшін». Сондай-ақ ол былай деді: «Ақиқатында, ол игі-берекелі, әрі тойдыратын тамақ [және аурулардан шипа]. Бұдан тыс ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Жер бетіндегі ең жақсы су Зәм-Зәм болып табылады. Онда тамақтың бір түрі және аурулардан шипа бар», - деді. Зәм-Зәм суын әбден тойғанша қанып ішу (тадаллю') сүннет болып табылады. Зәм-Зәмды өзімен бірге алып кетуге де болады, мұны Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) істегеніндей.

⁶⁴ Меккеде тауап жасау мен нәпіл намаз орындаудың құпталмайтын уақыты жоқ, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Уа, Абду

ӘС-САФА МЕН ӘЛ-МӘРУА (ТӨБЕЛЕРІНІҢ) АРАСЫН ЖҮРІП ӨТУ (САҒИ)⁶⁵

29- Содан соң ол қақпа арқылы шықты да (хадистің басқа нұсқасында: «Әс-Сафа қақпасы арқылы шықты», - деп хабарланады), әс-Сафа⁶⁶ (төбесіне) қарай бет алды. Оған жақындаған кезде ол (мына аятты) оқыды:

إن الصفا والمروة من شعائر الله

«Иннә әс-сафа уәл-мәруата мин шә'аириЛләһ» (мағынасы: «Расында, әс-Сафа мен әл-Мәруа – Аллаһтың рәсімдік белгілерінен»)⁶⁷, (содан соң):

أبدأ (نبأ) بما بدأ الله به

«Әбда'у (хадистің басқа бір нұсқасында: нәбда'у) би-мә бәда'а-Ллаһу би-һи», - (деп айтты) (мағынасы: «Мен Аллаһ бастағаннан бастаймын») (хадистің басқа бір нұсқасында: «Біз ... бастаймыз», - деп келтірілген)). Ол әс-Сафадан бастады да, оған (Аллаһтың) Үйін көргенге дейін көтеріле берді.

30- Ол Қыблаға бетін бұрып тұрды, бірқұдайшылық куәлігін айтты, Аллаһты [үш рет] ұлықтады [Аллаһқа мақтау айтты]⁶⁸ және былай деді:

لا إله إلا الله وحده لا شريك له له الملك وله الحمد [يحيي ويميت] وهو على كل شيء قدير لا إله إلا الله وحده لا شريك له [أنجز وعده ونصر عبده وهزم الأحزاب وحده]

«Лә иләһә иллә Аллаһ, уахдаһу лә шәрикә ләһ. Ләһуль мулк, уә ләһуль хамд [юхьи уә юмит], уә һуа әлә кули шәин қадир. Лә иләһә иллә Аллаһ, уахдаһу [лә шарикә ләһ]. Өнжәза уәъдаһу, уә нәсара абдаһу, уә хамамәл ахзабә уахдаһу»

(мағынасы: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, (Ол) серігі жоқ Жалғыз! Билік пен мақтау-мадақ Оған тән, [Ол тірілтеді және өлтіреді], әрі Ол барлық болмыс үстінен билікке ие! [Серігі жоқ] Жалғыз Аллаһтан

Манафтың ұлдары, адамдарға намаз бен тауап жасауға тыйым салмаңдар, олар мұны қай уақытта жасауды ниеттенсе де» (Тирмизи, Нәсаи, Аби Дауд).

⁶⁵ Ифрад қажылығын және қиран қажылығын жасайтындар үшін сағиді бір-ақ рет жасау уәжіп екеніне келіспеушілік жоқ. Тәматтуғ қажылығын жасаушы адамға келер болсақ, ол, көпшіліктің (жумһур) пікірі бойынша, оны екі рет жасайды. Ахмад пен Ибн Таймийяның пікіріне сәйкес умра кезінде жасалған сағи жеткілікті болып табылады, әрі егер адам қажылық барысында оны жасамаса да – мұның оқасы жоқ. Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі.

⁶⁶ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Сағиді / орындаңдар, өйткені Аллаһ сендерге сағиді орындауды бұйырды»

⁶⁷ Аят пен «әбда'у би-мә бәда'а-Ллаһу би-һи» сөздерін кісі Сафаға барғанға дейін оқуы керек, өйткені бұл сөздер сағиді орындау кезінде айтылатын зікірлер емес.

⁶⁸ Яғни: «Лә иләһә иллә Аллаһ, Аллаһу Әкбар, Әлхамду лилләһ», - дейді де (3 рет), содан кейін төменде келтірілген зікірді айтады.

басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ! Ол уәдесін орындады, құлына көмектесті және жалғыз Өзі дұшпан тайпаларды талқандады!»)⁶⁹.

Ол мұны үш рет қайталады, ал әрбір екі реттің арасында Аллаһқа дұға етіп жалбарынды⁷⁰.

31- Кейін ол түсіп, әл-Мәруа (төбесіне) қарай [жаяу] бет алды⁷¹. Оның аяқтары кеуіп кеткен (арнаның) (үади) ішіне басқан кезде, ол жүгіре жөнелді (сағи)⁷², ал ол көтеріле бастаған кезде [бұл «сайдың арғы жағына»] [түсіп»] [дегенді білдіреді], жүруге көшті де, әл-Мәруаға жетті. [Ол оған (Аллаһтың) Үйін көргеніне дейін көтеріле берді].

32- Әл-Мәруаның үстінде ол тура әс-Сафада істегендерін істеді⁷³.

⁶⁹ Бұл сөздер Аллаһ Тағаланың одақтас тайпаларды адамдар арасындағы шайқассыз әрі мүлде қандай да бір адамдардың араласуынсыз талқандағанын білдіреді. «Тайпалар» дегенде бұл жерде «Хәндак (Ор) шайқасы» деген атпен аталып кеткен тіке-тіресте Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарсы біріккен пұтқа табынушылардың топтары меңзеледі.

⁷⁰ Екі қолды тек дұға еткен кезде ғана көтеру қажет, зікір айтқанда екі қол көтерілмейді. Сондай-ақ осы жерде зікір үш рет, ал дұға екі рет айтылатынына нұсқау бар.

⁷¹ Бұл хадис Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рәсімдік жүгіруді (сағи жаяу жасағанына нұсқайды. Жәбирдің (Аллаһ оған разы болсын) басқа хадисінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әс-Сафа мен әл-Маруа (төбелерінің) арасында сағиды түйенің үстінде жүріп өткендігі туралы жеткізіледі: ол осыны адамдар оны көрулері, (оның жасап жатқан рәсімдерін) бақылап жүрулері және оған өздерінің сұрақтарын қоюлары үшін жасады, өйткені оның айналасына өте көп халық жиналған болатын.

⁷² Яғни қажы оң және сол жақта орналасқан және біздің кезімізде жасыл түспен белгіленген нұсқау белгісіне дейін жүріп барады. Бірінші белгіге жеткен кезде ол келесі белгіге жеткенше жылдам жүгіреді. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде осы жерде түбі майда тастармен жайынған әл-Әбтах атты кеуіп кеткен арна орны болатын. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Әл-Әбтах үадиін жылдам жүріп өту керек», - деген.

⁷³ Кейін қажылық жасаушы адам артына қайтуы және әс-Сафаға көтерілуі қажет. Ол жай жүріспен жүріп өтуге тиіс жерлерді жүріп өтеді, әрі сағи жасап өтуге тиіс жерлерді жүгіріп өтеді. Бұл әс-Сафа мен әл-Мәруа арасын екінші рет жүріп өту болып саналады. Кейін ол әл-Мәруаға қайтады. Сөйтіп ол осы екі төбенің арасын жеті рет жүріп өтпейінше қайталай береді. Жетінші сағи әл-Мәруада аяқталады.

Әс-Сафа мен әл-Маруаның арасын мініс құралын пайдаланып өтуге де болады. Алайда Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл рәсімді жаяу орындау ұнайтын.

Қажы әл-Маруадағы жетінші айналымын біткен кезде, шашын қысқартады да, осымен оның умрасы аяқталады. Енді оған ихрам кезінде тыйым салынған нәрселер рұқсат етіледі

Өткен материалдың қысқаша түйіндемесі:

- 1- Меккеге кіру;
- 2- Мүмкіндік болса, ғұсыл құйыну;
- 3- Мешітке оң аяқпен кіру және мешітке кірерде айтылатын дұғаларды айту;
- 4- Қағбаны тауап жасау;
- 5- Осы тауапты жасау барысында ер кісілердің оң иықтарын жалаңаштап жүрулері;
- 6- Қағбаны осы тауап жасау кезінде алғашқы үш айналымды жылдам жүріспен (әр-рамл) жүріп өту;
- 7- Қара тастың жанында: «Аллаһу Әкбар!», - деп айту;
- 8- Қағбаны тауап жасау кезінде әрбір айналымда Қара тасты сүю және Йемен бұрышына қол тигізу;
- 9- Қағбаны (осы) тауап жасап болған соң екі ракағат намаз оқу. Бірінші ракағатта («әл-Фатихадан» кейін) «әл-Кәфирун» сүресін (№109), ал екінші ракағатта «әл-Ихләс» сүресін (№112) оқу;
- 10- Осы намазды Ибраһимнің (тұрған) орнының (*мақам Ибраһим*) артында тұрып оқу;
- 11- Зәм-Зәм бұлағынан су ішу және оны басқа құю;
- 12- Қара тасты ұстау үшін оған қайта оралу;
- 13- Белгілі аятты оқып, әс-Сафа төбесіне қарай бет алу;
- 14- Әс-Сафа (төбесінде) жүзді қыблаға қаратып тұру;
- 15- Әс-Сафа төбесінде Аллаһты зікір ету; бірқұдайшылық (таухид) куәлігін үш рет қайталау, Аллаһты ұлықтау (тәкбір), Аллаһты мадақтау (тахмид) және «Лә иләһа илләЛлаһ» (тәхлил) сөздерін айту;
- 16- Әс-Сафа мен әл-Мәруаның арасын жеті рет жүріп өту;
- 17- Әс-Сафа мен әл-Мәруаның арасын әрбір жүріп өткен кезде кеуіп кеткен арнаға (*уади*) басқан кезде рәсімдік жүгіру (*сағи*) жасау;
- 18- Әл-Мәруа (төбесінде) (қыблаға қарап) тұру;
- 19- Әл-Мәруа төбесінде әс-Сафадағыдай зікірлерді айту;

және ол ихрамсыз күйде әт-таруия күніне (яғни зул-хижжа айының 8-іне) дейін қала береді.

Кім ихрамға умра мен қажылықты қоса орындамау ниетімен кірген әрі өзінің тұрғылықты жерінен құрбан шалатын малын айдап келмеген болса, сол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығына ілесіп әрі оның ашуын туғызған нәрседен қашпақтап, ихрам халінен шығуға тиіс. Ал кім өзімен бірге құрбандыққа шалатын малын айдап келген болса, сол ихрам халінде болуын жалғастыра береді әрі одан Айт Күнінде тас лақтыру рәсімін орындаған соң ғана шығады.

- 20- Рәсімдік жүгіруді (сағи) әл-Мәруада аяқтау⁷⁴;
- 21- *Әт-Тәматтуғ* немесе *әл-қиран* қажылығын жасаушы адамның, егер ол өзімен бірге құрбандыққа шалынатын малды айдап алып келмеген болса, шашын алуы, жай киім кию арқылы ихрамнан шығуы;
- 22- *Әт-Тәматтуғ* қажылығын жасаушы адамның шашын қыруы емес, оны қырқуы арқылы ихрамнан шығуы.

ҚАЖЫЛЫҚТЫ УМРА ЖАСАУ ҮШІН ҰЗУ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚ

33- *Әл-Мәруада* соңғы жүгіруді аяқтап болған соң (хадистердің бірінде: «...бұл жетінші (сағи) болатын», - деп хабарланады), ол былай деді: “[*Уа, адамдар!*] Егер мен бұрынырақ қазір білген нәрсемді білгенімде, өзіммен бірге құрбан шалатын малдарды айдап келмес едім әрі [міндетті түрде] умра жасар едім. Егер сендердің қайсыларыңда өзімен бірге (айдап келе жатқан) құрбандық малы болмаса, сол өзі жасаған рәсімін умра етіп, ихрам халінен шықсын”. (Хадистің басқа риуаятында: “Және ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: “Сендер (Аллаһтың) Үйін тауап жасап, әс-Сафа мен әл-Мәруа арасын сағи жасап болсаңдар және шаштарыңды қысқартсаңдар⁷⁵, ихрам халінен шыға беріңдер де, әдеттегідей өмір сүре беріңдер, ал *әт-тәруия* күні⁷⁶ келгенде, қажылық жасау ниетімен (қайтадан) ихрам халіне кіріңдер. Ал өздеріңмен алып келгендеріңді умра етіңдер⁷⁷!”)

34- Сонда [*әл-Мәруа* етегінде отырған] Сурака бин Мәлик бин Жу’шум орнынан тұрып: “Уа, Аллаһтың елшісі! [Осы (басқа бір мәтінде: “біз (умра

⁷⁴ Тауаптан айырмашылығы - сағиде сүннет (нәпіл) болмайды. Сағи жасауда айтылатын нақты белгіленген зікір түрі жетпеген.

⁷⁵ Бұл іс-әрекет Сүннетке жатады. *Әт-тәматтуғ* қажылығын орындаушы қажылар үшін (умра жасап болған соң) басты қырып тастау емес, шашты қысқарту абзалырақ болады. Ол басын айт Күні, қажылықтың барлық рәсімдерін аяқтап болған соң қырып тастайды, бұл туралы Ибн Таймийя мен басқа ғалымдар айтқандай. Ал Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа, Аллаһ! Шашын қырып тастағандарды жарылқа», - деп үш рет, ал «Қысқартқандарын жарылқа», - деп бір рет айқанына келер болсақ, бұл сөздер *әт-тәматтуғ* қажылығын емес, *әл-қиран* немесе *әл-ифрад* қажылық түрлерін орындаушыларға қатысты айтылған.

⁷⁶ Бұл зул-хижжа айының 8-күні. Ол *тәруия* күні деп аталуының себебі – осы күні келесі күндерге, яғни қажыларды сусындандыру және басқа да қажеттіліктер үшін су жиналып әзірленетін. Қз.: “ән-Ниһайя”.

⁷⁷ Яғни сендер алдын орындауды ниет еткен *әл-ифрад* қажылығының орнына умраны жасаңдар, сосын ихрам халінен шығыңдар да, (8 зул-хижжаға дейін) әдеттегідей өмір сүріңдер. Қз.: «Фатх әл-Бәри».

үшін) үзген (қажылық)”, - деп келтіріледі)] біздің умра бізге тек осы жылы ғана бұйырылды [ма] әлде мәңгіге ме [, мәңгі замандарға ма]?” [Ол (яғни Жәбир) былай деді:] «Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолының саусақтарын бір-біріне байлап (тіркеп), былай деді: “Умра қажылыққа [Қиямет Күніне дейін] кірді⁷⁸, әрі бұл (сендерге) мәңгі замандарға [, мәңгі замандарға”] бұйырылды» [(, - әрі осыны) үш рет (қайталады)]⁷⁹.

35- [Ол (Сурака) былай деді: “Уа, Аллаһтың елшісі! Бізге дініміздің (мәнін) біз енді ғана туылғанымыздай түсіндіріп берші. Біз бүгінгі амалдарымызды неге сәйкес (жасаймыз): тағдырға жазылған және алдын ала белгіленген нәрселерге ме, (енді ғана жазылатын) нәрселерге ме?” Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Жоқ, тағдырға жазылған және алдын ала белгіленген нәрселерге сәйкес”, - деді. (Сурака): “[Онда] бірдеңе істеудің қажеті не?”, - деп сұрады.⁸⁰ Сонда (Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) былай деді: “Амал етіңдер, ал әркімге [ол не үшін жаратылған болса, соны (істеу)] жеңілдетіледі”⁸¹.

⁷⁸ Ән-Нәуауи былай деді: «Ғалымдардың көпшілігі бұл сөздердің мағынасы қажылық айларында умра жасауға болатындығында деп есептейді, ал (бұл) Исламға дейінгі надандық дәуіріндегі қажылық айларында умра жасауға тыйым салынатын тәжірибенің күшін жойды».

⁷⁹ Әрі осыда *әт-тәматтуғ* қажылығын жасайтын адам өз мойнынан бірден екі міндеттемені түсіретініне нұсқау бар.

⁸⁰ Редактордың ескертпесі: яғни бәрібір өзгертуге болмайтын және бәрібір қашып құтыла алмайтын нәрсені істеудің қажеті не?

⁸¹ Басқа бір хадисте келесі қосымша бар: “Бақыттыларға қатысты айтар болсақ, олар үшін бақытты амалдарды істеу жеңілдетіледі, ал бақытсыздарға келер болсақ, олар үшін бақытсыз амалдарды істеу жеңілдетіледі”, - содан соң ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (мына аятты) оқыды:

فَأَمَّا مَنْ أَعْطَى وَاتَّقَى وَصَدَّقَ بِالْحُسْنَى فَسَنِيَرَهُ لِلْيُسْرَى وَأَمَّا مَنْ بَخِلَ وَاسْتَغْنَى وَكَذَّبَ بِالْحُسْنَى فَسَنِيَرَهُ لِلْعُسْرَى

«Ал енді әлде кім тиістіні берсе, тақуалық етсе, ең жақсы нәрсені (таухид куәлігін немесе Жәннатты) мойындаса; сонда ең оңай нәрселерге оның жолын оңайластырамыз. Ал енді әлдекім сараңдық істесе әрі өзін еш нәрсеге мұқтаж емес деп ойласа, әрі ең жақсы нәрсені (таухид куәлігін немесе Жәннатты) жасынға шығарса; сонда оның ауырлыққа (жамандыққа және жазаға) ұшырауын оңайластырамыз» («Ләйл» сүресі, 5-10 аяттар)». Бұл хадисті әл-Бухари және басқа (мухаддистер) жеткізген.

Ескерту: Ұғып алуға тиіс екі нәрсе бар: Біріншісі – Аллаһ Тағала бізден қалаған нәрселер. Екіншісі – Ол бізбен істегісі келген нәрселер. Әрі Ол бізден қалайтын нәрселерді бізге баяндап берді де, ал бізбен істегісі келген нәрселерді бізден жасырып қойды. Сондықтан да білетін нәрселеріңді ұмытып және қалдырып, білмейтін нәрселермен айналысудың қажеті жоқ.

36- [Жәбир былай деді: “Ол бізге ихрам халінен шыққаннан кейін құрбан шалуымызды бұйырды⁸². Сонда біз малдармызды құрбандыққа шалуымыз үшін топтарға жинала бастадық]. [Жеті адамнан тұратын әр топқа бір жануардан (бадана⁸³) тура келді]. [Кім құрбандыққа шалатын мал таппаған болса, (қажылық кезінде⁸⁴) үш күн және үйіне қайтқан соң тағы жеті күн ораза ұстауға міндетті еді]”.

⁸² Бұл Қорықты (Қасиетті) Үйге сіздің Аллаһ үшін құрбандық шалатын малыңыздан берілетін сыйлық. Қз.: “ән-Ниһайя”.

Әрі бұл қажылық үшін құрбандық шалу жөніндегі бұйрық болатын. Әрі ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) зул-хижжаның оныншы күні құрбан шалды, бірақ мұны оныншы күнге дейін істеуді рұқсат етті. Сондықтан да умрадан кейін құрбан шалу сүннет болып табылады, бірақ *әт-таматтуғ* қажылығын жасайтын кісі үшін емес. Әрі сондықтан да Ибн Умар (Аллаһ оның екеуіне де разы болсын) умрадан кейін құрбан шалатын. Сол себепті де умраны кіші қажылық деп атаған.

⁸³ Редактордың ескертпесі: арабтың «бадана» сөзі Меккеде құрбандыққа шалынатын ұрғашы түйені білдіреді.

⁸⁴ Редактордың ескертпесі: Сүннетке сәйкес қажылық орындаушы зул-хижжа айының 9-күні (Арафатта тұру күні) ораза ұстамауға тиіс. Мысалы, Умм әл-Фәдддің, Аллаһ оған разы болсын, былай дегені жеткізіледі: «Арафатта (тұратын) күні адамдарда «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза ұстады ма, әлде ұстамады ма?» деген күдіктер туындады, сонда мен оған сусын беріп жібердім, ал ол оны ішті» («Сахих» әл-Бухари). Ал қажылықта емес мұсылмандарға келер болсақ, оларға, керісінше, зул-хижжа айының 9-күні ораза ұстау нұсқалады. Бұл туралы Абу Катада (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Арафатта (тұру) күнінде ораза ұстау туралы сұралғандығы, әрі ол: «(Бұл күнде ұсталатын ораза) өткен және келесі жылдың (күнәларының) өтеуі болады», - деп жауап бергендігі туралы айтылатындай (Муслим).

Зул-хижжа айының 10-күні (Ид әл-Адха, Құрбан Айт) туралы айтар болсақ, барлық мұсылмандарға түгел, олар қажылықта болсын-болмасын, осы күні ораза ұстауға қатаң тыйым салынады (харам). «Абу Саид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жылдың екі күнінде: Ораза Айтта және Құрбан Айтта – ораза ұстауға тыйым салғанын жеткізген» (әл-Бухари және Муслим).

Әрі соңында, *әт-тәшриқ* (яғни зул-хижжа айының 11, 12 и 13) күндері туралы айтар болсақ, онда осы күндерде құрбан шалуға мүмкіндіктері болмаған қажыларға ораза ұстауға болады, бұл туралы Айша және Ибн Умар, Аллаһ оларға разы болсын: «Тәшриқ күндері құрбан шала алмағандардан басқа ешкімге ораза ұстауға рұқсат етілмейтін», - деп жеткізгендей (әл-Бухари және Муслим). Сондай-ақ құрбан шалуға мүмкіндігі болмаған қажылар үш күндік оразасын умрадан соң бірден, яғни 8 зул-хижжаға дейін-ақ бастауларына, ал үйлеріне қайтқан соң жеті күн ораза ұстауына болады. Егер олар осыны істемесе, онда ең дұрыс пікірге сәйкес, оларға құрбан шалу міндетті болады, өйткені олар осының орнын басатын нәрсені орындамады.

Ал қажылықта емес мұсылмандар *әт-тәшриқ* күндерінде ораза ұстамауы керек. Бұған Нубайша әл-Хузали (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген келесі хадис айғақ болады:

37- [Ол былай деді: “Біз: “Уа, Аллаһтың елшісі, ал ихрам халінен қалай шығуымыз керек?”, - деп сұрадық. Ол: “**Толығымен**”, - деді”]⁸⁵.

38- [Ол (яғни Жәбир (Аллаһ оған разы болсын)) былай деді: “Әрі бізге (бұл) жүрегіміз қысылатындай ауыр болды].

ӘЛ-ӘБТАХҚА ЖЕТІП КЕЛУ

39- [Ол былай деді: “Біз (әл-Батха) алқабына қарай жүрдік”⁸⁶. Ол былай деді: “(Сол кезде) бір адам: «Бүгін мен өз отбасыма қайтамын», - дей бастады”]⁸⁷.

40- [Ол былай деді: “Біз тек қажылықты орындау ниетімен ғана шыққан болатынбыз. Бізге әйелдеріміз үшін босану⁸⁸ бұйырылғанда, Арафатта тұру күніне дейін төрт-ақ күн қалған болатын (хадистің басқа нұсқасында: «бес [түн]», - деп айтылады). Әрі біз Арафатқа келуіміз керек еді, ал мүшелерімізден ұрық тамып тұруы керек еді”. Ол (Мухаммад бин ‘Али бин Хусайн – аудармашыдан (қаз.)) былай деді: «Жәбир қолымен (бұлғап) баяндап жатты»⁸⁹.

“Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «**Әт-тәширик күндері – бұл ішіп-жеу және Ұлы әрі Құдіретті Аллаһты зікір ету күндері**»” (Муслим).

⁸⁵ Яғни умра рәсімдерін орындап болған соң және қажылық рәсімдері басталғанға дейін кісінің мойнынан ихрамдағы адамға қойылатын шектеулер түседі. Ибн Хәжар былай деді: “Сахабалар қажылық жасаушы ихрамнан екі рет шығатынын білген болуы керек, сондықтан олар осы мәселені анықтап алғысы келді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға ихрамнан толық шығу керек екендігін, өйткені умра ихрам халінен бір рет қана шығуды меңзейтінін түсіндіріп берді”.

Ескерту: ғалымдардың арасында «толық» деген сөзді түсінуде келіспеушілік бар. Олардың көпшілігі харам аймағында болу шартымен толығымен ихрамнан шығу туралы сөз болуда деп айтады. Қазіргі заман ғалымдарынан бұл пікірді шейх Ибн Баз және шейх Усаймин, Аллаһ оларды рахым етсін, ұстанған. Ал басқалары харамда болу шарт емес, әрі адам тіпті өз үйіне де қайта алады деп айтады. Қазіргі заман ғалымдарынан бұл пікірге шейх әл-Әлбани тоқтаған.

⁸⁶ Әл-Батха – Мекке алқабы. Бұл Меккеден шығыста орналасқан жер әл-Әбтах деп аталады. Ол түбі майда тастармен жайылған кең арна болып табылады, бұл туралы «әл-Қамуста» және басқа (түсіндірме сөздіктерде) айтылатындай.

⁸⁷ Сахабалар (ихрамнан шығу туралы үндеуді) елемендей болды. Бұл орын алған жағдай олардың ихрамнан шыққан кейбіреулерінің жүректерінде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығынан кейін бірден қандай да бір абыржу қалғанына айғақ болады. Ал қалған адамдарға келер болсақ, олар бұйрықты орындауға Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі құтпасына дейін асықпады, ал онда ол қажылықты умра үшін ұзу туралы бұйрығын растады. Содан соң сахабалар, олардың барлығына Аллаһ разы болсын, ихрам халінен шықты.

⁸⁸ Редактордың ескертпесі: яғни ихрамнан толығымен шығу, ал бұл жайт әйелдерімен жыныстық қатынасқа баруды хәлал ететін еді.

⁸⁹ Яғни қолымен ұрықтың қалай таматынын көрсетіп.

(Хадистің жеткізушісі былай деді:) «Мен оның қолын бұлғап сөйлеп тұрғанын дәл көз алдымда көріп тұрғандаймын». [(Адамдар): “Біз бұны қажылық деп атап қойған соң, қалайша оны умра етеміз?”, - деді].

41- Ол былай деді: [*“Әрі осы (сөздер) бізге беймәлім болған қандай да бір жолмен Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жетті. Бұл оған көктен жеткізілді ме, әлде оған бұл туралы адамдар хабарлады ма – біз білмейміз”*].

42- [Ол орнынан тұрды да] [адамдарға қарап құтпа айтты⁹⁰, (ал оның алдында) Аллаһты мақтап дәріптеді]. Ол былай деді: [*“Уа, адамдар! Сендер маған Аллаһтың дініне қатысты бір нәрсе үйретпексіңдер ме?!”* Сендерге мен сендердің араларыңдағы ең тақуа, ең шыншыл және ең салиқалы екенім белгілі ғой. [Ендеше, мен сендерге бұйырған нәрселерді орындаңдар, өйткені] егер менің өзіммен бірге құрбан шалатын малым болмағанда, мен сендер сияқты ихрам халінен шығар едім [, алайда мына құрбандыққа шалынатын мал тиісті орнына жетпейінше мен ихрам халінен шыға алмаймын]⁹¹. Егер мен бұрын қазір білетін нәрселерді білгенімде, өзіммен бірге құрбандыққа шалатын малдарды айдап келмес едім, сондықтан да ихрам халінен шығыңдар”].

43- [Ол былай деді: “Сонда біз әйелдерімізбен жыныстық қатынасқа бардық, хош иістерімізді жақтық және әдеттегі киімдерімізді кидік]. [Біз естідік және мойынсұндық”].

44- [Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және құрбан шалатын малдары бар адамдардан басқа барлық адам ихрам халінен шықты және шаштарын қысқартты].

45- [Ол былай деді: “Әрі Пайғамбар мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Тәлхадан басқа олардың ешқайсысында құрбандыққа шалатын малдары жоқ болатын”]⁹².

⁹⁰ Бұл енді екінші құтпа болатын. Яғни онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылықты умра жасау үшін ұзу туралы бұйрықты растады. Бірінші құтпа ихрамға дейін болған еді, онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) микаттар туралы айтып берген болатын.

⁹¹ Яғни бұл мал Құрбан Айт Күні Минада құрбандыққа шалынбайынша.

⁹² Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) тек өзіне белгілі болған нәрсені ғана хабарлады, әрі бұл Айша баяндаған нәрселерге еш қайшы келмейді: “Құрбан шалатын малдар Пайғамбарда (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), Абу Бакрде, Умарда, сондай-ақ әлауқатты мұсылмандарда бар еді”. Бұдан тыс, оның сіңілісі Асма (Аллаһ оған разы болсын) мынаны хабарлады: “Өзімен бірге құрбан шалатын малы болған әз-Зубайр да ихрам халінен шықпады”. Бұл хадистердің арасында қарама-қайшылықтардың жоқтығы туралы қорытындыны дәлел туралы білетін адам ол туралы білмейтін адамның алдында

ПАЙҒАМБАР (ОҒАН АЛЛАҒТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ИХРАМҒА КІРГЕН НИЕТПЕН ИХРАМ ХАЛІНЕ КІРГЕН АЛИДІҢ ЙЕМЕННЕН КЕЛУІ

46- Али [өзіне тапсырылған істі бітіріп,]⁹³ Йеменнен Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрбандыққа арналған мал айдап келді.

47- Әрі ол ихрамнан шыққан адамдардың арасында Фатиманы көрді. [Ол шашын тарап], боялған матадан киім киіп, көзіне сұрме жаққан болатын. Ол оны осы үшін сөкті [де: “Саған мұны кім бұйырды?!”, - деді]⁹⁴. Ол: “Ақиқатында, менің әкем маған осылай істеуді бұйырды!”, - деп жауап берді.

48- Ол (яғни Жәбир) былай деді: “(Жылдар өте,) Али Иракта болған кезінде, былай деп баяндайтын: «Сонда мен Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Фатиманың істегені туралы арыздану үшін әрі оның өзіне хабарлаған нәрселері туралы оның пікірін білу үшін аттандым»⁹⁵. Ол сол үшін оны (Фатиманы) сөккен [, ал ол оған: «Менің әкем маған осылай істеуді бұйырды!», - деп айтқан] жағдай туралы айтып бергенде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Ол шындықты айтты! [Ол шындықты айтты!][Мен оған осылай істеуді бұйырдым]», - деді**”.

49- Жәбир былай деді: “Әрі қарай ол Алиден: «Сен қажылықты бастаған кезінде не айттың?», - деп сұрады. Ол (яғни Али): «Мен: “Уа, Аллаһ! Ақиқатында, мен ихрам халіне Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ихрамға кірген ниетпенен кіріп жатырмын!”, - дедім!», - деп жауап берді.

50- Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **“Ақиқатында, менімен бірге құрбан шалатын малдар бар, сондықтан ихрамнан шықпа»⁹⁶ [да, қазіргі халіңде қала бер]”!**

51- Али Йеменнен айдап алып келген құрбан шалатын малдар мен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [Мәдинадан] қуып алып келген малдар, бәрін қосқанда жүз бас [түйе мен сиыр] болды”.

артықшылыққа ие екендігіне, ал бекітіп айтушыға теріске шығарушының алдында басымдық берілетіндігіне сәйкес жасауға болады.

⁹³ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны ол жаққа қазы етіп жіберді.

⁹⁴ Өйткені ол сол сәтте *таматтуғ* қажылығы туралы еш нәрсе білмейтін.

⁹⁵ Ол оған әйелінің әкесі ретінде барды, бірақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған ақиқатты түсіндіріп, оны пайғамбар ретінде күтіп алды.

⁹⁶ Өйткені Алимен (Аллаһ оған разы болсын) бірге де құрбандыққа шалатын малдар болды, бұған келесі сөйлем нұсқайтындай.

52- Ол былай деді: «Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және өздерімен бірге құрбандыққа шалатын малдары барлардан өзге адамдардың барлығы ихрам халінен шықты⁹⁷ және шаштарын қысқартты⁹⁸»⁹⁹.

ИХРАМ ХАЛІНДЕГІ ҚАЖЫЛАРДЫҢ МИНАҒА ҚАРАЙ ЖЫЛЖУЫ

53- Әт-таруия¹⁰⁰ күні келгенде, [(сахабалар) Меккені тастап,] Минаға аттанды¹⁰¹ әрі [әл-Әбтах деген жерде] қажылық (жасау ниетімен) тәлбия айтты¹⁰²”.

54- [Ол былай деді: “Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) жанына кірді де, оның жылап отырғанын көріп: «Саған не болды?», - деп сұрады. Ол: “Менің еттеккірім (келе бастады). Адамдар ихрам халінен шықты, ал мен шықпадым. Мен сондай-ақ (Аллаһтың) Үйін тауап жасамадым, ал қазір адамдар қажылыққа аттанып жатыр», - деп жауап берді. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)

⁹⁷ Ән-Нәуауи былай деді: “Осы жерде шектеуді меңзейтін жинақтау бар, өйткені Айша ихрам халінен шықпады, әрі өзімен бірге құрбан шалатын малын айдап келе жатқан жоқ еді. «Адамдардың барлығы ихрам халінен шықты» деген сөздермен олардың көпшілігі меңзеледі”.

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – редактордың ескертпесі) былай деймін: Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) ихрам халінен шықпағаны көптеген хадистерде, соның ішінде Жәбирдің (№54 тармақ) хадисінде де, анық жеткізіледі. Айша өзімен бірге құрбандыққа шалатын мал айдап келмегеніне оның өзінің: «Өзімен бірге құрбандыққа шалатын малдарды айдап келмегендер: олардың ішінде құрбандық малдарын айдап келмеген оның әйелдері де – ихрам халінен шықты», - деген сөзі дәлел бола алады. Айшаның бұл хадисін Муслим және басқа (мухаддистер) жеткізген.

⁹⁸ Егер адамның басында шаш өспесе, онда ол ұстарамен басынан жүргізіп өтуі қажет, өйткені басты қыру рәсім болып табылады.

⁹⁹ Сондай-ақ Айша (Аллаһ оған разы болсын) Меккеге жеткенге дейін еттеккірі келе бастағандығынан және сегізінші зул-хиджаға дейін одан тазармағандығынан әл-ифрад қажылығын өтеуі себепті де ихрамнан шықпады.

¹⁰⁰ Редактордың ескертпесі: яғни зул-хиджа айының 8-күні.

¹⁰¹ Ән-Нәуауи былай деді: “Осы сөздерде Минаға алдын ала, (яғни) әт-таруия күніне дейін ығысу Сүннетке қатысы жоқ екеніне нұсқау бар. Имам Малик те мұны сөккен”.

¹⁰² Яғни ихрам халіне кірді. Қажылық жасаушыға Меккенің кез келген жерінде ихрамға кіруіне рұқсат етіледі, әрі ихрамға кіру үшін арнайы бір орын таңдауына рұқсат етілмейді. Ихрамға кірген соң қажы умрада істеген амалдарын істейді. Алайда оның тәлбиясы енді умра үшін емес, қажылық үшін болады. Қажы умра жасау үшін ихрамға кірген микатта не істеген болса, соны істейді: ғұсыл құйынады, денесіне хош иістер жағады, изар мен рида киеді және тәлбия айтады. Қажы үлкен бағанаға (жамрат әл-ақаба) тас лақтырмайынша тәлбия айтуын тоқтатпайды (толығырақ 44-сілтемені қараңыз!).

былай деді: “Ақиқатында, бұл нәрсе Адамның қыздарының тағдырына жазылған. Сондықтан да зұсыл құйын, сосын ихрам халіне кір де, қажылық (жасау ниетімен) тәлбийя айт¹⁰³ [, кейін қажылық жаса да, қажы істейтін нәрселердің барлығын істе, бірақ тек (Аллаһтың) Үйін тауап жасама және намаз оқыма”]¹⁰⁴. (Айша:) «Мен дәл солай істедім» (, - деді)]. (Хадистің басқа

¹⁰³ Яғни ол ихрам халінен шықпандығына қарамастан, зұсыл құйынып, қажылық жасау ниетімен қайтадан ихрамға кіруге тиісті.

¹⁰⁴ Мен (яғни шейх әл-Әлбани – редактордың ескертпесі) былай деймін: осы сөздерде әйел кісінің етеккірі келген кезінде Құран оқуына рұқсат етілетініне дәлел бар. Қажы атқаратын ең жақсы амалдардың біріне, күмәнсіз, Құран оқу жатады, ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Айшаға Қағбаны тауап ету мен намаздан басқа қажылықта атқарылатын барлық істерді рұқсат етті. Ал егер Құран оқуға тыйым салынған болғанда, онда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған намазға қатысты шариғи норманы түсіндіріп бергеніндей, осыны да міндетті түрде түсіндіріп берер еді. Бұдан қалса Құран оқу туралы мәселені осы жерде ең бірінші кезекте осылай істеуге тыйым салатын мәтіндік куәліктің (насс) болмауымен түсіндіру керек. Бұл мәселе бойынша, (етеккір келген кезде) намазды орындауға тыйым салынғандығынан айырықша, ғалымдардың бірауызды келісімі (ижма') жоқ. Сондықтан да, егер Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған намаз оқуға тыйым салып, Құран оқу туралы еш нәрсе айтпаған болса, онда бұл жайт оған Құран оқуға рұқсат етілетіндігіне айғақ болады, өйткені фикһ негіздері ғылымынан белгілі бір уақытта белгілі бір мәселені түсіндіруге деген қажеттілік туындап жатса, оны кешіктіруге жол берілмейтіні белгілі. Осы қағида фикһ негіздері ғылымында мығым орнатылған, әрі осы түсіндірме, Аллаһқа мадақ, белгісіз бір нәрсе болып табылмайды.

Ал “Жүніп күйіндегі адам мен еттеккірі келген әйел Құран оқымасын!” деген хадиске келер болсақ, ол әлсіз. Имам Ахмад оны өтірік хадис деген.

Осы жерде әйелдердің етеккіріне қатысты кейбір мәселелерді қозғағымыз келді.

1- Егер әйелде етеккір келуі (хайд) немесе босанғаннан кейінгі қансырау (нифас) басталса, бұл жайт оның ихрамға кіріп күтуіне кедергі болмайды. Әрі егер ол Меккеге жетуге дейін тазарса, онда қажы орындауға тиіс амалдың барлығын орындайды.

2- Ал егер оның етеккір келуі бітпесе, онда оның екі жағдайы бар: не ол зул-хижжаның 8-не дейін бітеді, әрі ол біткен бойдан ол умра жасайды; не (зул-хижжаның 8-не дейін) бітпейді, әрі бұл жағдайда ол Үйді тауап ету мен намаз оқудан басқа қажы орындауға тиіс амалдардың барлығын орындайды, яғни *ифрад* қажылығын жасайды.

3- Ғалымдар етеккір келген кезде қоштасу тауапын (тауаф уада') жасаудың міндеттілігі түсетініне бірауызды келіскен.

4- Әйел кісіге негізгі тауапты (тауаф ифада) қалдыруға тыйым салынады. Ендеше, ол не істеуі керек? Егер ол күте алса, тазарғанынша күтуге міндетті, әрі тіпті егер ол басқа қалаға кетсе де, ихрам халінде қала береді, және етеккірі тоқтаған бойда ол кері қайтуға міндетті. Егер ода ұшағының ұшып кетуі т.с.с. себепті күту мүмкіндігі болмаса, мұндай жағдайда, көпшілік ғалымдар айтқанындай, оған тауап жасауына рұқсат етіледі. Өйткені тахарат тауап үшін уәжіп, бірақ оның жарамдылығының шарты және рүкіні болып табылмайды. Ал ол тек осыны істей алатын адам үшін ғана уәжіп.

бір нұсқасында: «Әрі ол (Аллаһтың) Үйін тауап жасаудан басқа қажылық рәсімдерінің барлығын орындады», - деп айтылады].

55- Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (Минаға) мініс жануарының үстінде барды¹⁰⁵ әрі онда (яғни Минада (ал хадистің нұсқаларының бірінде: «бізбен бірге», - деп айтылады)) бесін (зухр), екінті ('аср), ақшам (мағриб), құптан ('иша) және таң (фәжр) намаздарын оқыды¹⁰⁶.

56- Кейін ол күн шыққанша сол орнында азғантай уақыт тұрақтады¹⁰⁷,

57- әрі Нәмира¹⁰⁸ (тауында) [өзі үшін] шатыр орнатуды бұйырды.

АРАФАТҚА ҚАРАЙ ЖЫЛЖУ ЖӘНЕ НАМИРАДА АЯЛДАУ

58- Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолға шыққанда¹⁰⁹, құрайшытықтар оның әл-Мәш'ар әл-Харамда [Муздалифада] тоқтайтынына күмәнданбайтын, өйткені құрайшытықтар Исламға дейінгі надандық (жәхилиет) заманында осылай істейтін¹¹⁰. Бірақ Аллаһтың Елшісі (оған

5- Айша ифрад қажылығын жасады. Әрі кімнің жағдайы Айшаның жағдайы іспеттес болса, Айша істеген нәрсе оған да рұқсат етіледі. Мысалы, адам зул-хижжаның сегізінші күні таңертең Мәдинададан тәматтуғ қажылығын жасау ниетімен келе жатты, бірақ жолда белгілі бір нәрсе орын алды да, ол тек түстен кейін келді. Ал адамдардың біздің кезімізде істеп жатқан нәрсесі, яғни умраны «Айша» мешітінен бастап қайта жасауы, Құранда да, Пайғамбар Сүннетінде де, сахабалардың іс-әрекеттерінде де нұсқалмаған бидғат болып табылады.

¹⁰⁵ Бұл сол жерлерде жаяу жүргенге қарағанда, мініс жануарымен жүру жақсырақ екеніне нұсқайды. Жалпы айтқанда, қажыға жаяу жүргенге қарағанда салтты жүрген жақсырақ.

¹⁰⁶ Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл намаздардың арасын қоспайтын, әрі әрқайсысын өз уақытында орындайтын. Алайда егер қажеттілік болса, олардың (қосып оқуға болатындарын) қосып оқудың оқасы жоқ.

¹⁰⁷ Бұл Минада түнеу әрі күн шыққанға дейін одан тыс шықпау Сүннетке жататынына айғақ болады.

¹⁰⁸ Ибн әл-Асир ән-Нәмираға қатысты былай деді: «Бұл (Исламға дейінгі надандық дәуірінде) Қорықты аймақ пұттары үшін құрбан шалатын Арафат жанында орналасқан бағаналар (әл-ансаб) тігілген тау». Нәмира Арафат (алқабының) бөлігі емес.

¹⁰⁹ Арафатқа қарай бара жатқан сахабалар арасында тәлбийя айтқандары да, тәкбір айтқандары да болды, бұл туралы екі «Сахихтың» екеуінде де Әнастан, Аллаһ оған разы болсын, жеткізілетін хадисте хабарланатынындай.

¹¹⁰ Бұл сөздердің мағынасы мынада: Исламға дейінгі надандық кезеңде құрайшытықтар әл-Мәш'ар әл-Харамда, Муздалифадағы Кузах атты таудың жанында тоқтайтын. Ал қалған арабтарға келер болсақ, олар Муздалифаның үстінен жүріп өтіп, Арафат (алқабында) тоқтайтын. Сондықтан да құрайшытықтар Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың ескі әдеті бойынша әл-Мәш'ар әл-Харамда тоқтайды әрі осы

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Арафат (алқабына) жеткенге дейін тоқтамай жүріп отырды¹¹¹. Ол Нәмира тауында өзі үшін шатыр орнатылғанын көріп, сонда тоқтады.

59- Түс ауған бойдан ол өзіне әл-Касуаны жетектеп алып келуді бұйырды. Оны алдына алып келгенде [ол оған мініп,] кеуіп кеткен арнаның (уади) ортасына дейін жетті¹¹².

АРАФАТ (КҮНІ) АЙТЫЛҒАН ҚҰТПА

60- Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға құтпа¹¹³ айтып, онда былай деді:

“Ақиқатында, осы күн, осы ай және осы жер қасиетті болғаны сияқты, – сендердің қандарың және сендердің мал-мүліктерің де сондай қол сұғылмайтын және қасиетті! [Әрі] [ақиқатында,] жәхилиет (исламға дейінгі надандық) кезінде [осы] менің аяқтарымының астында істелгендердің барлығына енді тыйым салынады!¹¹⁴ Жәхилиет кезінде төгілген қан үшін өш алуға тыйым салынады, әрі мен басқалардан бұрын (біздің туысқанымыз) Раби’а ибн әл-Харистың ұлы [ибн Абд әл-Мутталибтің] қаны үшін өш алуға тыйым саламын! Ол бану Са’д

орынның жанынан (тоқтамай) жүріп өтпейді деп ойлады. Алайда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағала оған:

«ثم أفيضوا من حيث أفاض الناس»

(«Соңсоң қалған адамдар жолға шығатын жерден шығындар»), - деп бұйырғандай, құрайштықтар емес, қалған арабтардай өз жолын жалғастырды да, әл-Мәш’ар әл-Харамға тоқтамастан Арафатқа жеткенге дейін жүре берді.

Құрайштықтар Муздалифада тоқтауының себебі – ол Қорықты аймақтың (әл-Харамның) бір бөлігі болғандығында еді. Осы орайда олар: «Біз Аллаһтың Қорықты аймағында өмір сүреміз, сондықтан да оның сыртына шықпаймыз», - дейтін. Қз.: ән-Нәуауи.

¹¹¹ Имам ән-Нәуауи былай деді: “Бұл жерде хадистің жеткізушісі астарлы мағыналы сөйлеп, «...Арафатқа жақындады...» дегенді меңзеп тұр, өйткені мұны оның: «Ол Нәмира (тауында) өзі үшін шатырдың орнатылғанын көріп, сонда тоқтады» деген сөздері түсіндіруде, ал, бұл туралы бұрынырақ айтылғандай, Нәмира Арафаттың бір бөлігі болып табылмайды”.

¹¹² Бұл уади ‘Урана деп аталады әрі Арафаттан тыс орналасқан. Қз.: ән-Нәуауи.

¹¹³ Бұл үшінші құтпа болатын. Алайда бұл құтпа қажылықтың рәсімі болғанымен ерекшеленеді, ал одан алдыңғы екеуі үйрету құтпалары болатын.

Жоғарыда айтылғандай, бұл құтпа жұма құтпасы емес еді. Сондықтан да оны екіге бөлмеу керек. Сондай-ақ егер Арафат күні жұма күніне түссе, сол қажылық 72 қажылыққа тең деген хадис өтірік хадис болып табылатынын да айта кеткен жөн.

¹¹⁴ Әрі қарай тізбектеп айтылатын нәрселер (қантөгіс, риба (өсімқорлық), әйелдерге жаман қарым-қатынас жасау, әйелдердің бөгде адамдарға деген қатынасы) жәхилиет әдеттерінен болатын.

тайпасынан болған емізетін әйелге тәрбиелеуге берілген еді, ал Хузәйл тайпасы оны өлтірді!

Жәхилиет дәуіріндегі өсімқорлыққа тыйым салынады, әрі барлығынан бұрын мен біздің руымыз – ‘Аббас ибн ‘Абд әл-Мутталиб алатын өсімге тыйым саламын. Бүгіннен бастан өсімқорлыққа толығымен тыйым салынды!¹¹⁵

Әйелдеріңмен қарым-қатынас жасауларыңда Аллаһтан қорқыңдар, өйткені сендер оларды Аллаһтың аманат етіп беруі арқасында алдыңдар [хадистің басқа нұсқасында: «...өйткені сендер оларды Аллаһтан берілген аманат ретінде алдыңдар», - деп айтылады]¹¹⁶, Аллаһтың Сөздеріне сәйкес оларды өздерің үшін халал еттіңдер және ие оларға болдыңдар¹¹⁷! Әрі [ақиқатында,] сендер олардан өздеріңнің төсектеріңе сендерге ұнамайтын адамдардың отыруына рұқсат етпеулерін талап ете аласыңдар¹¹⁸, ал егер олар осыны істесе оларды ұрыңдар, бірақ қатты емес¹¹⁹. Ал олар сендерден

¹¹⁵ Бұл айтылған сөздің мағынасы бастапқы капиталға қандай да артық нәрсе (өсім т.с.с. ретінде) қоса есептеуге қатаң тыйым салынатындығында. Аллаһ Тағала былай деді:

وإن تبتم فلکم رؤوس أموالکم

«Ал егер тәубе етсеңдер, онда сендерге бастапқы капитал қалады» («әл-Бақара» сүресі, 279-аят). «Тыйым салынады» деген сөздермен өсімқорлықтың тәрк етілетіні (*ар-радд*) және оның күші жойылатыны (*ал-ибтәл*) меңзеледі.

¹¹⁶ Бұл сөздерде әйелдердің құқықтарын қорғауға, оларға (өз мүлкінді) өсиет етіп қалдыруға және оларға жақсы қарым-қатынас жасауға ынталандыру бар. Әйелдерге (мал-мүлікті) өсиет етіп қалдыру, олардың құқықтарын орындау, сондай-ақ олардың құқықтарын бұзуға тыйым салынғандығы туралы көптеген хадистер айғақ болады. Бұл туралы толығырақ білгісі келгендер имам әл-Мунзиридің “әт-Тарғиб уа әт-Тархиб” (3:71-74) еңбегіне, сондай-ақ имам ән-Нәуауидің “Рияд әс-Салихин” («Ізгілердің бақтары») еңбегіне жүгінсе болады.

¹¹⁷ «Шарх "Сахих" Муслимде» (Муслимнің «Сахих» жинағына жазылған түсіндірмеде) осы сөздің мағынасының төрт түрлі түсіндірмесі келтіріледі. Олардың ішіндегі ең дұрысы – «Осы жерде Аллаһ Тағаланың

«فانکحوا ما طاب لکم من النساء»

«Өзереңе ұнайтын әйелдерге үйленіңдер» («ән-Ниса» сүресі, 3-аят) деген сөздері меңзеледі» дегені.

¹¹⁸ Осы сөздердің ең жақсырақ көрінетін түсіндірмесі келесідей: сендерге ұнамайтын адамдардың ешқайсысына: ол бөгде еркек, әйел немесе әйеліңнің қандас туысы болсын - сендердің үйлеріңе кіруге және оның ішінде болуға рұқсат етілмейді. Бұл тыйым, осы туралы имам ән-Нәуауи айтқандай, жоғарыда аталған тұлғалардың барлық санатын қамтиды.

¹¹⁹ Бұл сөздің мағынасы – егер олар осылай істесе, онда оларды ұрыңдар, бірақ қатты емес, әрі оларға жаны ауыратындай тимеңдер.

өздерін лайықты түрде (немесе зұрыпқа сәйкес) тамақтандыруларыңды және киіндірулеріңді талап етуге құқықты!

[Ақиқатында,] мен сендерге егер содан ұстансаңдар – ешқашан адасушылыққа түспейтін нәрсені тастап бара жатырмын: ол – Аллаһтың Кітабы!¹²⁰. Сендерден мен туралы сұрайды [басқа бір айтылу үлгісінде: «Сендер мен туралы сұраласыңдар», - деп жеткізіледі], сонда сендер не айтасыңдар?» Адамдар: «Біз сені [өз Раббысының жолдауын] жеткізді, (пайғамбарлық міндетін) орындады, [өзінің үмметіне] дұрыс насихаттар берді [және (Аллаһ тарапынан) жүктелген нәрселерді орындады] деп айтамыз», - деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұқ саусағын көкке қаратып көтерді де: «**Уа, Аллаһ, (мұны) раста! Уа, Аллаһ, (мұны) раста! Уа, Аллаһ, (мұны) раста!**», - деді.¹²¹

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – редактордың ескертпесі) былай деймін: тәрбиенің бұл түрі, ең соңғы мәжбүрлі шара ретінде, ерлердің әйелдер үстінен қамқоршылық жасауына нұсқайды, бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтатындай:

«الرجال قوامون على النساء بما فضل الله بعضهم على بعض وبما أنفقوا من أموالهم فالصالحات قانتات للغيب بما حفظ الله واللاتي تخافون نشوزهن فعظوهن واحجوهن في المضاجع واضربوهن فإن أطعكم فلا تبغوا عليهن سبيلا إن الله كان عليا كبيرا»

«Еркектер әйелдерді билеуші. Өйткені Аллаһ бірін-бірінен артық етті. Сондай-ақ олар малдарынан да пайдаландырады (әйелдерге мәһр, нафақа береді). Ал енді жақсы әйелдер - бой ұсынушылар, Аллаһ қоруға бұйырған көмескі нәрселерді (абыройын) қорғаушылар. Ал сондай-ақ әйелдердің бас тартуларынан сезіктенсеңдер, сонда оларды насихаттаңдар және оларды төсектеріңде тастап қойыңдар. (Одан болмаса) оларды ұрыңдар. Ал егер олар сендерге бой ұсынса, онда олардың зиянына бір жол іздемеңдер. Расында, Аллаһ өте Жоғары, тым Ұлы» («ән-Ниса» сүресі, 34-аят).

¹²⁰ Мен (яғни шейх әл-Әлбани – редактордың ескертпесі) былай деймін: "Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ақиқатты айтты, өйткені мұсылмандардың соңғы ұрпақтарынан болған адамдар Аллаһтың Кітабынан ұстануды және Оның Пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүннетіне ілесуді қойып, адасушылыққа түсті әрі тура жолдан тайды. Бұл нәрсе адамдардың пікірлері мен олардың мазхабтары олардың арасында өзара келіспеушіліктер туындағанда жүгінетін негізге айналған кезде орын алды. Олар Аллаһтың Кітабынан және Сүннеттен өздерінің пікірлеріне және мазхабтарына сәйкес келетін нәрселерді алып, олармен сәйкес келмейтіндерінен бас тартатын болды. Олардың кейбіреулері: «Біздің мазхабымызға қайшы келетін кез келген хадис, күші жойылған болуы әбден ықтимал», - деп айтуға дейін барды. «Бұл үмметтің соңы оның басы түзелген нәрсемен ғана түзеле алады», - деп айтқан имам Мәликті Аллаһ рахымына бөлесін! Сондықтан да мұсылмандар Раббыларының Кітабынан ұстанулары және, Батыста не Шығыста болсын ешбір адамның пікіріне ілеспей, өздерінің барлық істерінде оны басшылыққа алулары қажет".

¹²¹ Бұл құтпада негізінен адам құқықтарына қатысты мәселелер қозғалған болатын. Өйткені Аллаһ адамдарға Аллаһтың құқықтарына қатысты жіберген қателіктерін тәубе және кешірім сұрау арқылы кешіреді. Әрі адам Арафатта тұрып, Аллаһтан кешірім

ЕКІ НАМАЗДЫ ҚОСЫП ОҚУ ЖӘНЕ АРАФАТТА ТҰРУ

61- Кейін¹²² [Білал] [бір рет азан айтып] (адамдарды) намазға шақырды.

62- Содан соң ол оның басталғанын (иқамат) жариялады, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (адамдармен бірге) бесін (зухр) намазын оқыды. Кейін тағы да бір рет иқамат айтылды да, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (адамдармен бірге) екінті ('аср) намазын оқыды¹²³.

63- Осы екі намаздың арасында ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа ешқандай намаз оқымады¹²⁴.

64- Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [әл-Касуаға] мініп, тұратын орынға жеткенше жүрді¹²⁵. Ол әл-Касуаны тастарға¹²⁶

сұраса, Аллаһ Тағала оған Оның құқықтарына байланысты нәрселерді ғана кешіреді, ал Оның құлдарының құқықтарына байланысты нәрселерді құлдарға қайтару, әрі тек содан соң ғана Аллаһтан кешірім тілеу керек.

¹²² Әрі осыда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұма (намазын) емес, бесінді (зухр) орындағанына әрі Арафат күні, тіпті ол күн жұмаға тура келсе де, құтпа жасау сүннет екеніне нұсқау бар.

¹²³ Кім осы екі намазды имамға ұйып оқуға үлгермесе, оларды тура осылай етіп жалғыз өзі немесе қасындағы өзі секілді адамдармен бірге орындайды.

¹²⁴ Шейх Әлбани, Аллаһ оған рахым етсін, былай дейтін: «Мен одан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ бесін намазының парызынан бұрын да, екінті намазының парызынан кейін де осы жерде (қажылық кезінде) де, оның басқа жол жүру кездерінде де нәпіл намаздарын оқығаны туралы еш нәрсе жетпегенін айтамын. Сондай-ақ оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сапарда (жолда) болған кезінде таң (фәжр) намазы мен үтір намазынан басқа қандай да нәпіл намаздарын оқығандығы анықталмаған».

¹²⁵ Әрі осыда Арафаттан тыс жерде намаз оқу сүннет екеніне нұсқау бар. (Нәмирадағы) аялдауды және содан кейін келетін (Урана уадиіндегі) аялдауды адамдардың өте көп ағылатындығы себепті біздің кезімізде орындау өте қиынға соғады. Сондықтан да егер қажы Арафатқа бара жатып, олардың үстінен тоқтамай жүріп өтсе, оған, Аллаһ қаласа, күнә жазылмайды.

¹²⁶ Әр-Рахма деп аталатын таудың етегінде шашылып жатқан үлкен тастар туралы сөз болуда. Бұл тау Арафат алқабының ортасында орналасқан. Имам ән-Нәуауи былай деген: «Осы жерде тұру абзал». Ал надандардың арасында кең таралған «әр-Рахма тауына көтерілу керек» деген пікірге және олардың «тек соның үстінде ғана тұру керек» деген сенімдеріне келер болсақ, олар қате.

шөктірді, жаяу қажылар жүріп жатқан соқпақ жолдың алдына¹²⁷ келіп тоқтады да, жүзін Қыблаға қаратты¹²⁸.

65- Ол аспанның сары түсі бұрыңғысындай жап-жарық емес болып, ал күннің дөңгелегі көкжиектен жоғалып, батқанға дейін тұра берді¹²⁹.

66- [Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Мен мына жерде тұрдым, алайда бүкіл Арафат (алқабы) тұратын орын болып табылады»**]¹³⁰.

¹²⁷ Яғни олардың жиналатын орнының алдына.

¹²⁸ Кейбір хадистерде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолын жоғарыға көтерген күйде Аллаһқа жалбарынып тұрғаны туралы жеткізіледі. Сондай-ақ Арафатта тұрып тәлбийя айту да сүннетке жатады.

¹²⁹ Арафатта тұру кезінде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза ұстамады. Умм әл-Фәдл Арафат күні оған бір кесе сүт беріп жіберді, әрі ол оны түйесінің үстінде отырған күйінде ішіп алды. Бұл хадис екі «Сахихтың» екеуінде жеткізіледі.

¹³⁰ Арафатта тұру уақыты түстен күн батқанға дейін созылады. Арафатта тұрудың ең аз уақыт мөлшері, бұл туралы ғалымдардың көпшілігі сенімді Сүннетке жүгініп айтқандарындай, (зул-хижжаның) тоғызы күніндегі түстен бастап сол күннің түніне дейінгі бөлігін қамтиды.

Арафатта тәхлилді (яғни «Лә иләһә иллә-Ллаһ» - «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» сөздерін) жиі қайталау сүннет болып табылады. Әрі бұл сөздер Арафат күнінде айтылатын ең жақсы дұға болып табылады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Мен және (маған дейінгі) пайғамбарлар Арафат Күні кешке ('ашийя) айтқан ең жақсы дұға бұл:**

«لا إله إلا الله وحده لا شريك له، له الملك و له الحمد و هو على كل شيء قدير»

(мағынасы: «Жалғыз, серігі жоқ Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ! Бүкіл билік және мақтау Оған тән, әрі Ол бүкіл болмыс үстінен құдіретті!»), - деген.

Кейде қажы тәлбийяға «إنما الخير خير الآخرة» (мағынасы: «Нағыз игілік – бұл Ақыреттің игілігі») деген сөздерді қосып айтуына болады.

Қажы Аллаһты Арафатта зікір етуін, тәлбийя айтуын және қалаған дұғаларымен Оған жалбарынуын тоқтатпайды, әрі Аллаһ Тағала оны Тозақ отынан құтқарылатындардың және Өзі олармен періштелердің алдында мақтанатын құлдарының қатарына қосатынына үміттенеді, бұл туралы мына хадистерде айтылатынындай: **«Аллаһ Тозақ отынан Арафат күнінде (Өзінің) көп құлдарын босататындай, (басқа) күн жоқ. Ақиқатында, Ол (оларға) жақындайды, ал содан соң періштелердің алдында: «Мына (адамдар) не қалайды?», - деп мақтанады»; «Ақиқатында, Аллаһ Арафаттағы адамдармен аспан тұрғындарының (яғни періштелердің) алдында мақтанады да: «Маған шаиштары түйпаланып және шаңға батып келген құлдарыма қараңдаршы!», - дейді».**

Егер адам шаршаса және ұйықтап қалса, мұның оқасы жоқ, оның Арафатта тұруы бұдан бұзылмайды.

67- Кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артына Усама [бин Зәйдті] отырғызып алды.

АДАМДАР ЛЕГІНІҢ АРАФАТТАН ЛАП БЕРУІ

68- Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жол жүріп кетті (хадистің басқа нұсқасында: «...адамдар легінің арасында байыптылық¹³¹ сақтап, жүріп кетті», - деп хабарланады). Ол әл-Касуаның басы үзеңгіге тірелетіндей жүгенін қатты тартты. Ол оң қолын алға созып [(хадистің жеткізушісі:) «Былай» (, - деді де), алақанының ішкі жағын аспанға қаратты]: «Уа, адамдар! Тыныштық сақтаңдар, тыныштық сақтаңдар!», - деді.

69- Құм төбелеріне жақын келген әрбір сәтте ол түйесінің олардан өтуі жеңілдеу болу үшін жүгенді аздап босататын¹³².

МУЗДАЛИФАДА ЕКІ НАМАЗДЫ ҚОСЫП ОҚУ ЖӘНЕ СОНДА ТҮНЕУ

70- Муздалифаға жетіп барып, ол сонда ақшам (мағриб) және құптан ('иша) намаздарын [өзара қосып] оқыды¹³³. Намазға шақыру азаны бір-ақ рет айтылды, ал намаздың басталуы туралы (иқамат) екі намаздың әрқайсысының алдында айтылды¹³⁴.

¹³¹ Бұл сөзбен жұмсақтық және тынышталу меңзеледі. Имам ән-Нәуауи былай деді: «Бұл Арафаттан қайтуда байыптылық (тыныштық) таныту сүннет болып табылатынына айғақ болады. Ал ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бос орын тапса, тезірек жүретін, бұл туралы басқа хадисте айтылатынындай».

¹³² Осы жолдың түгел барысында, бұл туралы екі «Сахихта» келтірілген әл-Фәдл ибн Аббастың хадисінде жеткізілетініндей, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тәлбийя сөздерін айтуды тоқтатпады.

¹³³ Егер адам құптанға дейін жетіп үлгерсе, онда құптанның ('иша) уақытын күткен және екі намазды құптанның ('иша) уақыты кірген соң орындау жақсырақ болады. Егер адам Муздалифаға уақытылы, яғни түн ортасына дейін жетіп үлгермеуден қорықса, онда ол жергілікті орнында намазды орындай береді.

¹³⁴ Әрбір намаздың алдында иқамат айту ақиқат болып табылады. Ал кейбір мазһабтардың екі намаз қоса орындалса, онда бір-ақ иқамат айтылады деген ережесі Сүннетке қайшы келеді. Осы орайда (намаздарды қосып оқу кезінде) екі рет азан айтудың да хадистерде негізі жоқ. Қз.: "Нәсб әр-Райа" (3/69-70).

Сондай-ақ маңызды мәселелердің бірі – бұл адамдардың осы намаздар үшін бірігуі және әр он метр сайын он жамағаттар құрмау қажет екендігі болып табылады.

71- Осы екі намаздың арасында ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа ешқандай намаздар оқымады¹³⁵.

72- Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таңға дейін ұйықтауға жатты¹³⁶.

73- Таңның алғашқы шапақтары көрінісімен, азан мен иқамат айтылған соң, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таңғы (фәжр) намазын оқыды¹³⁷.

ӘЛ-МӘШ'АР ӘЛ-ХАРАМДА ТОҚТАУ

74- Кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Касуаға отырып, әл-Мәш'ар әл-Харамға дейін жетті [де, оған көтерілді]¹³⁸.

75- Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүзін Қыблаға қаратты, Аллаһқа дұға етіп жалбарынды (хадистің басқа айтылу үлгісінде: «Аллаһты мадақтады», - деп жеткізіледі), Оны ұлықтады, «*Лә иләһа иллә-Ллаһ*» («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ») сөздерін айтты да, бірқұдайшылық куәлігін жария етті.

76- Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жарық түскенше тұра берді.

77- [Әрі ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Мен мына жерде тұрдым, алайда бүкіл Муздалифа тұратын орын болып табылады*», - деді].

(ҮЛКЕН) БАҒАНАҒА ТАС ЛАҚТЫРУ ҮШІН МУЗДАЛИФАДАН ШЫҒУ

78- Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [жиналу орнынан¹³⁹] күн шыққанға дейін [, байыптылық сақтап,] жолға шықты¹⁴⁰.

¹³⁵ Яғни ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы екі намаздың арасында ешқандай қосымша намаздар орындаған емес. Егер қажы осы екі намазды қандай да бір себептермен арасын бөліп орындаса, бұл оған зиян тигізбейді. Бұған Сүннет нұсқайды.

¹³⁶ Ибн әл-Қаййим былай деген: «Сол түні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ояу болмады. Сондай-ақ ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Құрбан айт және Ораза айт күндеріне қараған түндерде ұйықтамады деген бірде-бір хадис кездеспейді».

¹³⁷ Әйелдер мен әлсіз адамдардан басқа барлық қажылар таң намазын Муздалифада орындаулары керек, ал әйелдер мен әлсіз адамдарға топырлаудан қорыққандықтан Муздалифадан түннің үштен екі бөлігі өткеннен, яғни ай көрінбей қалғаннан кейін шыға беруге рұқсат етіледі.

¹³⁸ Бұл жерде Муздалифада орналасқан атақты Кузах тауы меңзелуде. Кейбір фақиһтер осы хадисті әл-Мәш'ар әл-Харам – бұл Кузах тауы дегенге дәлел ретінде пайдаланған. Құран тәпсіршілерінің, өмірбаян зерттеушілердің және хадис білгірлерінің көпшілігіне келер болсақ, олардың пікірі бойынша бүкіл Муздалифа әл-Мәш'ар әл-Харам болып табылады. Қз.: ән-Нәуауи.

79- Өзінің артына ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шааштары әдемі, ақ құба және сүйкімді келген әл-Фәдл бин Аббасты отырғызып алды¹⁴¹.

80- Аллаһтың Елиісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шыққан бойдан, оның жанынан ішінде әйелдер отырған зембілдер жүріп өтті. Әл-Фәдл соларға қарай бастады. Аллаһтың Елиісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Фадлдің бетін қолымен жапты, бірақ ол басын басқа жаққа бұрып қарауын жалғастыра берді. Аллаһтың Елиісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Фәдл көзін әйелдерден алуы үшін тағы да оның бетін қолымен жапты.

81- Мухассир алқабының ортасына жеткен кезде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [(адамдарға): «**Тыныштық сақтаңдар!**», - деп,] сәл жылдамрақ жүрді.

Өткен материалдың қысқаша түйіндемесі:

1- Өт-Тәруия күні қажылық (жасау ниетімен) ихрамға кіру және тәлбийя айту.

2- Мина (алқабына) жүру және сонда түнеу.

3- Минада бесін (зухр) және қалған бес уақыт намаздарды, қысқартып, бірақ әр намазды өз уақытында оқу.

4- Арафатта (тұру) Күні күн шыққаннан кейін Минадан Арафатқа ұарай жылжу.¹⁴²

5- Егер мүмкіндік болса, Нәмирада Арафаттың жанында түстен бұрын тоқтау.

6- Урана уәдиіне қарай жүру және бесін (зухр) мен екінті (аср) намаздарын қосып оқу. Бірінші бесін, содан кейін бірден екінті намазы оқылады.

7- Имамның Арафат (Күні) намазға дейін құтпа айтуы.

8- Арафатта дұға жасап, Аллаһты мадақтап, ораза ұстамай тұру.

9- Арафатта тұрған кезде, жүзді қыблаға қаратып және қолды көтеріп дұға ету.

10- Арафатта тәлбийя сөздерін айту.

11- Күн батқаннан кейін тыныштық сақтап, Арафаттан шығу.

¹³⁹ Редактордың ескертпесі: жиналу орны (жәм') – зул-хиджа айының 10-нына қараған түнінде бүкіл Муздалифа алқабы.

¹⁴⁰ Осы орайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тәлбийя айтуын тоқтатпай жалғастыра берді.

¹⁴¹ Осы және осыдан алдыңғы тармақ (№67), бұл туралы көптеген хадистер айғақ болатынындай, егер мініс жануары көтере алатын болса, онда артыға тағы бір адамды отырғызуға болатынына нұсқайды. Бұл туралы имам ән-Нәуауи айтқан.

¹⁴² Редактордың ескертпесі: яғни зул-хиджаның 9-күні.

12- Муздалифада ақшам (*мағриб*) және құптан (*'иша*) намаздарын қосып оқу. Бірінші ақшам намазы, содан соң бірден құптан намазы оқылады.

13- Осы намаздардың әрқайсысының алдында иқамат айтылады.

14- Осы екі намаздың арасында қосымша (сүннет) намаздарын оқудан бас тарту.

15- Муздалифада бір түн бойы түнеу.

16- Таңның алғашқы шапақтары көрінісімен таң (*фәжр*) намазын оқу.

17- Муздалифаның шекарасында орналасқан әл-Мәш'ар әл-Харамда жарық түскенге дейін жүзді қыблаға қаратып және Аллаһқа дұға етіп, Оны мадақтап (*тахмид*), Оны ұлықтап (*тәкбір*), «*лә иләһа илләЛлаһ*» сөздерін айтып (*тәхлил*) тұру.

18- Әл-Мәш'ар әл-Харамнан күн шыққанға дейін шығу.

19- Мухассир алқабынан өткен кезде жүрісті әдеттегіден жылдамдату.

ҮЛКЕН БАҒАНАҒА (ӘЛ-ЖӘМРАТ ӘЛ-КУБРА¹⁴³) ТАС ЛАҚТЫРУ¹⁴⁴

82- Кейін [үлкен бағанаға (*әл- жәмрат әл-кубра*) шығаратын] орта жолмен¹⁴⁵ қасында ағаш өсіп тұрған (осы) бағанаға дейін жетіп алды,

83- және [түске дейін] оған жеті тас лақтырды¹⁴⁶.

84- Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) *әл-хазф*¹⁴⁷ мөлшеріндей болған әр тасты лақтырғанда: «**Аллаһу Әкбар!**» («Аллаһ Ұлы!»), - деп айтты¹⁴⁸.

¹⁴³ Редактордың ескертпесі: әл-жәмрат әл-кубра – үш бағаналардың ең үлкені.

¹⁴⁴ Бұл зул-хижжаның 10-күні орын алды. Осы күні қажы бес істі орындауға тырысуы қажет: тас лақтыруға, құрбан шалуға, басты қыруға, тауаф әл-ифада мен сағи жасауға. Әрі осы амалдарды тура осындай тәртіппен орындау да сүннет болып табылады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осылай істеген болатын.

¹⁴⁵ Ән-Нәуауи былай деді: «Бұл жерде Арафаттан қайтуда осы жолмен жүру сүннет болып табылатынына айғақ бар. Бұл - оның Арафатқа барған жолынан басқа жол».

¹⁴⁶ Осы сәтте, бұл туралы әл-Фәдлдің және өзге сахабалардың хадистерінде жеткізілгендей, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тәлбийя айтуын тоқтатты.

¹⁴⁷ Ән-Нәуауи былай деген: «Бұл тас көлемі бойынша шамамен мысыр ірі бұршағындай (*әл-бакила'*) келеді. Ол осы көлемнен үлкен де, кіші де болмауға тиіс. Дегенмен, егер тас үлкендеу, немесе кішілеу болса да, лақтыру (*рәсімі*) орындалған болып есептеледі».

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – редактордың ескертпесі) былай деймін: тасты осылай лақтыру әдісі бірқатар хадистерде кейбір сахабалардан, мысалы, Абдурахман бин Муаз әт-Тамимиден жеткізіледі. Ол былай дейді: «Біз Минада болғанымызда, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге құтпа айта бастады. Біздің құлақтарымыздың

оның сөздеріне қадалғаны соншалықты – біз тіпті шатырларымызда (отырып) оның сөздерін естідік». (Әрі қарай Абдурахман) былай деді: "Әрі ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге қажылық рәсімдерін үйрете бастады. Тас лақтыру мәселесіне жеткенде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұқ саусақтарын бірінің үстіне бірін қойып: «(Бұл) **әл-хазф тастарымен** (жасалады)», - деді..."

Тас лақтыру мәселесін қарастыра отырып екі маңызды жайтқа назар бұру қажет:

Біріншісі: Күн шыққанға дейін тас лақтыруға тыйым салынады, тіпті Муздалифадан ертерек кетуге рұқсат етілген әйелдер мен кәрі кісілерге де. Олар күннің шыққанын күтіп, тек содан соң ғана тас лақтыруды бастаулары керек, өйткені Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз жанұя мүшелеріне келіп, күн шықпайынша үлкен бағанаға (жәмрат әл-ақаба) тас лақтырмауды бұйырғаны» жеткізіледі. Бұл хадис әл-Бухари Асма бинт Абу Бакрден (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген басқа хадиске қайшы келмейді. Онда ол Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болып кеткен соң (үлкен) бағанаға тас лақтырғаны, содан кейін таң намазын оқығаны хабарланады. Бұл хадистен Асма осыны Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көзі тірісінде оның рұқсатын алып істеді ме, әлде жоқ па – анық емес. Алайда ол Муздалифадан түннің жартысы өткен соң шығып кетті. Ал хадистерде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдер мен әлсіз адамдарға осылай істеуге рұқсат етілгендігі туралы анық түрде жеткізіледі. Сондықтан Асма Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы рұқсатнамасы түнделетіп тас лақтыруға да қатысты деп ойлаған болуы, әрі оған Ибн Аббастың (Аллаһ ол екеуіне де разы болсын) есінде қалған оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (күн шыққанға дейін) тас лақтыруға тыйым салғандығы туралы хабар жетпеген болуы ықтимал.

Екіншісі: Айт күні түстен кейін түнге дейін (үлкен бағанаға) тас лақтыруға рұқсат етіледі. Осы мүмкіндікті (күн шыққаннан кейін) осы рәсімді орындауға қиналатын адамдар пайдалана алады. Бұған да Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп жеткізген хадисі дәлел болады: "Айт күні Минада болған Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біз (осы күнде орындалатын қажылық рәсімдерін өз уақытынан ертелеу немесе кештеу орындау туралы) сұрақтар қойдық, оларға ол: «**Мұның күнәсі жоқ**», - деп жауап берді. Бір кісі: «Мен құрбан шалуға дейін басымды қырып қойдым», - деді, (бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Құрбандық шала бер, әрі бұда күнә жоқ**», - деп жауап берді. Сонда әлгі адам: «Мен тастарды кеш батқаннан кейін лақтырдым», - деді, (бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): «**Бұда күнә жоқ**», - деп жауап берді. Бұл хадисті әл-Бухари және басқа (мұхаддистер) жеткізді. Тастарды Құрбан Айт күні түстен кейін лақтыруға болатындығы туралы әш-Шәукани, ал оған дейін Ибн Хазм «Әл-Мұхалләда»: «Ақиқатында, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Құрбан Айт күні күн шыққанға дейін тас лақтыруға тыйым салды, әрі оларды (күн шыққаннан) кейін, тіпті түннің бірінші жартысына дейін жалғасатын кеш батса да лақтыруға рұқсат етті", - деп айтқан еді. Сондықтан да қажы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жоғарыда айтылған үлкен бағанаға (күн шыққанға) дейін тас лақтыруға қатысты тыйымын бұзбауы үшін, осы рұқсатнаманы естен шығармауға тиіс. Көптеген қажылар осы тыйымды мәжбүрлі қажеттіліктерді сылтаулатып бұзып жатады.

Үшінші: Үлкен бағанаға Құрбан Айт күні тас лақтырып болған қажы басын қырған-қырмағанына қарамастан, жыныстық қатынастардан өзге ихрамдағы адамдарға қойылатын тыйымдардың барлығынан азат етіледі. Бұл туралы Айшадан жеткен хадисте былай деп айтылатындай: *"Мен өз қолыммен Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол қоштасу қажылығын жасау үшін ихрам киімдерін киюден бұрын және Құрбан Айт күні үлкен бағанаға (жәмрат әл-ақабаға) тас лақтырып болған соң хош иісті майлар жақтым. Бұл оның (Аллаһтың) Үйін тауап жасауына дейін болды"*.

Алайда егер қажы ихрам емес халде қалғысы келсе, онда Қағбаның негізгі тауабын (тауаф әл-ифаданы) тура сол күні (яғни 10 зул-хиджада - аудармашының ескертпесі) орындауға тиіс. Кері жағдайда, егер қажы негізгі тауапты жасамай жатып кеш батып кетсе, ол тас лақтыру рәсіміне дейінгі ихрам халіне қайта оралады. Сөйтіп, ол өзінің әдеттегі киімін шешіп, ихрам киімін киюі керек, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Ақиқатында, осы күні (яғни Құрбан Айт күні) сендер (үлкен) бағанаға тас лақтырып болғандарыңда, сендерге ихрам халінен шығуға рұқсат етіледі, яғни сендерге жыныстық қатынастан басқа (ихрам халінде) тыйым салынған нәрселердің барлығы рұқсат етіледі. Ал егер сендер осы (Аллаһтың) Үйін тауап жасауларыңнан бұрын кеш батып кетсе, онда Қағбаны тауап жасап болғанша тас лақтыруға дейінгі ихрам халіне ораласыңдар»**.

Кейбір ғалымдар бұл ережені қабылдамады. Шейх әл-Әлбани бұған қатысты былай деді: *«Егер хадис Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екені анықталған болса әрі онда, біздің жағдайымыздай, айқын шариғи айғақ болса, онда оны қандай да бір ғалымның ол туралы хабардар болу-болмауына байланыстырмастан, оған бірден амал ету міндетті болады. Имам әш-Шәфи'и былай деген: «Хабар анық болған сәтте-ақ қабылданады, тіпті егер имамдар өздері қабылдаған хабарға сәйкес амал етпесе де. Ақиқатында, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисі біреулердің одан кейінгі амалдарына сәйкес емес, өздігінен расталады»*.

Сондай-ақ шейх, Аллаһ оған рахым етсін, былай деді: *«Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисі ислам фақиһтері оған сәйкес амал ету-етпеуімен расталудан жоғары екенін атап айтқым келеді! Ақиқатында, хадис ол туралы үкім шығармайтын, бірақ оның өзі үкім шығаратын (Шаригаттың) дербес көзі болып табылады. Сонымен бірге, жоғарыда аталған хадиске сәйкес ғалымдардың тұтас тобы амал еткен, олардың арасында атақты табигин 'Уруа бин әз-Зубайр болған. Ендеше, осыдан соң кімде болсын осы хадиске сәйкес амал етуден бас тартуға деген орынды себеп болуы мүмкін бе? **«Ақиқатында, осында (сезімтал) жүрегі барға немесе құлақ салып, әзір болғанға бір үгіт бар»** («Қаф» сүресі, 37-аят)»*.

Төртінші: бағаналарға лақтыратын тастарды кез келген жерден теріп алуға рұқсат етіледі, бұл туралы Ибн Тәймийя (Аллаһ оған рахым етсін) айтқан. Мұның осылай болуының себебі - Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тас жинайтын жерді белгілеп қоймағандығында. Бұл туралы Ибн Аббастың (, ал басқа риуаятта ол әл-Фәдл бин Аббастан) жеткізген хадисінде былай деп айтылады: *"(Жәмрат) әл-Ақаба (бағанасына тас лақтыратын) күні таңертең (хадистің басқа нұсқасында: «Құрбан Айт күні таңертең», - ал тағы бір нұсқасында: "Муздалифада жиналудан (кейін) таңертең"), - деп жеткізіледі) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің мініс жануарының үстінде отырған күйінде маған: **«Маған (майда тастар) жинап берші!»**, - деді. Сонда мен оған әл-хазф көлеміндегі тастардан жинап бердім. Мен оларды оның қолына*

85- [Осы орайда] ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [түйесінің үстінде отырып және: «Рәсімдеріңді»¹⁴⁹ (орындауды) менен үйреніңдер,

салғанымда, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Осылар сияқты», - деді де, осыны үш рет қайталады. (Кейін ол былай деді:) «Дінде шектен шығушылық жасаудан сақ болыңдар, өйткені, ақиқатында, сендерден бұрынғылар діндегі артық кетушіліктері себебінен опат етілген еді»".

Бұл хадис, егер оның екінші, сондай-ақ ең көп жеткізушілер жеткізген бірінші риуаятына сүйенсек, онда (тас жинайтын) орын туралы тікелей мәлімет болмаса да, бізге тастардың үлкен бағананың (жәмрат әл-ақаба) жанында жиналғандығы туралы тұжырым жасауға негіз береді. Мұны өзінің "әл-Муғни" (3/425) еңбегінде: «Бұл Минада орын алған еді», - деп айтқан Ибн Кудамда да байқаған болуы әбден ықтимал.

Әрі сондықтан да, бұл туралы ғалымдар айтатындарындай, қолданылған тастарды қайта теріп, жәмратқа лақтырудың еш оқасы жоқ.

Егер адам лақтырған тастарының санында күмәнданса, онда ол ең аз санға қарай ауады.

Ал көптеген қажылардың Муздалифаға келген соң тас жинауға кірісіп кетуі Сүннетке қайшы келеді. Бұдан қалса тасты өзімен алып жүретін және алдағы күндерде лақтыратын тастарды алдын ала жинап қоятын қажылардың осындай істері ерсі (такәллюф, яғни жасалуы қиын әрі ешқандай пайдасы жоқ) амалдарға жатады.

{Редактордың ескертпесі: әл-Бухаридің «Сахихында» Ибн Умар (Аллаһ оларға разы болсын): «Бізге ерсі қылықтар жасауға тыйым салынған болатын», - деп айтқаны жеткізіледі}.

Сондай-ақ бұрын қолданылған тастарды бағаналарға лақтыруда айыпты еш нәрсе жоқтығын да білу керек, өйткені мұны тыйым салатын дәлел жоқ. Бұл туралы, Ибн Тәймийядан айырықша, әш-Шәфи'и мен Ибн Хазм, Аллаһ оларды рахым етсін, айтқан.

Әл-Фәдл бин Аббас жеткізген хадисте дінде артық кетушілік жасаудың бір көрінісі ал-хазфтан үлкен, ал бұл түрік (мысыр) бұршағынан (әл-химмис) үлкен және фундуктан (әл-бундук) кішілеу болған тастарды лақтыру болып табылатыны жеткізіледі. Егер осының өзі дінде артық кетушілік жасауға жатса, онда бағаналарға аяқ ким лақтыратын надандар туралы не айтуға болмақ?! Аллаһтан мұсылмандардың жағдайын түзетуін, оларға ардақты Пайғамбардың Сүннетін білуді нәсіп етуін және соған сәйкес амал етулеріне көмектесуін сұраймын, егер олар расында да осы өмірде де, Ақыретте де шынайы бақытқа қол жеткізуді қаласа!

Сондай-ақ маңызды жайттардың бірі - 10 зул-хиджада жәмрат әл-кубраға тас лақтырғанда ешқандай дұға етілмейтіні; тек тас лақтырылып, содан соң қажылар әрі қарай кететіні. Дұға тек келесі күндері әрі тек бірінші және екінші бағанаға тас лақтырғаннан кейін ғана жасалады.

¹⁴⁸ Осыда тастардың барлығын бірден емес, бірте-бірте лақтыру керектігіне нұсқау бар.

¹⁴⁹ Бұл жерде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылық рәсімдерін өзінен үйренуді бұйырып тұр, бұл туралы басқа хадис жинақтарында айтылатындай. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздері келесідей мағынаны меңзейді: «Мен өзімнің қажылығым барысында істеген, менің айтқандарыма, іс-әрекеттеріме, үлгі-өнегеліме қатысты осы істер қажылық істері болып табылады әрі оның ерекшеліктеріне қатысты. Олар сендердің рәсімдерің болып саналады,

*өйткені, ақиқатында, мен білмеймін, бұл менің соңғы қажылығым шығар», - деп,]*¹⁵⁰ *уадидің ішкі жағынан*¹⁵¹ *тас лақтырды».*

86- [Ол (яғни хадистің жеткізушісі – редактордың ескертпесі) былай деді: «Ол Құрбан Айт күнінен кейін [қалған *әт-таширик*¹⁵² күндерінде] тастарды түстен кейін лақтырды]¹⁵³.

87- [Сурака бин Мәлик бин Жу'шум Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үлкен бағананың (жәмрат әл-ақаба) қасында, ол тас лақтырып жатқанда кездестіріп, одан: «Уа, Аллаһтың елшісі! Бұл тек біздерге ғана

сондықтан да оларды менен алыңдар, оларды қабыл етіңдер, оларды жаттап алыңдар, оларды сақтаңдар, оларға сәйкес амал етіңдер, әрі өзгелер де оларға сәйкес амал етсін». Осы хадис қажылық рәсімдеріне қатысты ұлы негіз болып табылады әрі ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазға қатысты айтқан «*Намазды мен көздеріңше қалай орындаған болсам, солай орындаңдар!*» деген басқа айтқан сөзі сияқты. Қз.: ән-Нәуауи.

Науқас және тас лақтыруға шамасы жетпейтін кісілер мұны басқа біреуге тапсыруына рұқсат етіледі. Ал егер адам тастарды өзі лақтыра алса, онда оны басқаға тапсыруына тыйым салынады.

¹⁵⁰ Бұл сөздер Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларымен қоштасып жатқанына және оларға өз өлімінің жақындағанын хабарлап жатқанына нұсқайды. Сонымен ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларды бұрынғыдан да ынталы түрде өзінен рәсімдерді (үйреніп) алуға әрі олар оның ізінен қалмай жүруге және одан дінді үйрену мүмкіндігінен пайдаланып қалуға ынталандырады. Сондықтан да Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылығы қоштасу қажылығы деп аталған болатын. Қз.: ән-Нәуауи.

¹⁵¹ Яғни Мина оның оң жағында, ал Мекке оның сол жағында еді.

¹⁵² Бұл жерде сөз Құрбан айт күнінен кейін жалғасатын үш күн туралы болуда. Ғалымдардың басым бөлігінің пікірі бойынша, аталған хадистің мәтініне сәйкес, осы күндерде тек түстен кейін ғана тас лақтыруға рұқсат етіледі. Ән-Нәуауи былай деді: "Осы күндерде бағаналарға тас лақтыру кезінде реттілік сақтау қажеттілігін білу керек. Бұл ең алдымен *әл-Хайф мешітіне* барлығынан жақын орналасқан бірінші бағанаға, содан соң ортаңғы бағанаға, ал содан соң үлкен бағанаға (жәмрат әл-ақаба) тас лақтыру керек дегенді білдіреді. Бірінші бағанаға тас лақтырып болған соң, одан қашықтау жерге тұрып, жүзді Қыблаға бұрып, ұзақ уақыт бойы Аллаһқа дұға ету және оны зікір ету қажет. Тура соны екінші бағанаға тас лақтырып болған соң да істеу қажет. Алайда үшінші бағанаға (яғни жәмрат әл-ақабаға) тас лақтырып болған соң, оның қасында тоқтамау қажет. Бұл тұжырым *әл-Бухаридің «Сахих»* жинағында Ибн Умардан (Аллаһ оларға разы болсын) келтірілетін онда ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үлкен бағанаға (жәмрат әл-ақабаға) тас лақтырып болған соң тоқтамағанын көргендігі туралы айтылатын хадиске негізделеді. Жоғарыда аталған іс-әрекеттерді *әт-тәшриктің* әрбір күнінде атқару абзал болады, ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі!

¹⁵³ Тастардың жалпы саны 70 болуға тиіс, ал асыққан, яғни Минаны тәшриктің екінші күні тастап шығатын адам үшін – 49 тас.

қатысты ма¹⁵⁴?», - деп сұрады. (Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): «**Жоқ, бұл барлық заманға**», - деді)]¹⁵⁵.

ҚҰРБАН ШАЛУ ЖӘНЕ БАСТЫ ҚЫРУ

88- Кейін (Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) құрбан шалу орнына барып, сонда өз қолымен алиыс үш [сиыр мен түйені] құрбандыққа шалды.

89- Кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) орнын Алиге (Аллаһ оған разы болсын) берді¹⁵⁶. Ол (Йеменнен) айдап келген [қалған] жануарларды құрбандыққа шалды, ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған осыда көмектесті.

90- Кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әр сойылған малдан бір кесім еттен алуды, оларды қазанға салып, пісіруді бұйырды¹⁵⁷. (Тағам дайын болған кезде,) олар екеуі еттен жеп, сорпасын ішті».

91- [Хадистің риуаяттарының бірінде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдері атынан құрбандыққа сиыр шалғаны келтіріледі]¹⁵⁸.

92- [Хадистің басқа нұсқасында ол (яғни Жәбир) былай деді: «Біз құрбандыққа жеті (адамның) атынан бір түйе және жеті (адамның) атынан бір сиыр шалдық (ал басқа риуаятта: «...Ол құрбандыққа түйе шалды», - деп

¹⁵⁴ Редактордың ескертпесі: яғни бұл осы жылы ғана қажылық жасаушыларға қатысты ма?

¹⁵⁵ Осыла деп аталған хадистің 'Атаның Жәбирден жеткізетін иснадымен жеткізілетін риуаятында келтіріледі. Хадистің басқа риуаятында (№34 тармақ) Сурака бұл сұрақты әл-Мәруа етегінде болған (әрі) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әс-Сафа мен әл-Мәруа төбелерінің арасында сағи рәсімін орындап біткен кезде бергені хабарланады. Сурака осыған тағы да бір көз жеткізіп, осыны тағыда бір рет растау үшін, бір сұрақты екі рет қойған болуы әбден ықтимал, ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі! Қз.: "Фатх әл-Бари" (3:480).

¹⁵⁶ Осыда Құрбан шалуды өзге адамға тапсыруға рұқсат етілетініне нұсқау бар.

Сондай-ақ міндетті құрбандық малынан бөлек, - ал ол бір қой, немесе түйе, немесе сиырдың жетіден бір бөлігі, - тағы да қосымша құрбандық шалу құпталатын сауапты іс екендігіне де нұсқау бар. Өйткені Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тек түйенің жетіден бір бөлігі ғана міндетті болатын, ал ол жүз түйе шалды.

¹⁵⁷ Ән-Нәуауи былай деді: "Бұл хадистің мәтіні құрбандыққа шалған малдың етінен дәм тату абзал екеніне нұсқайды. Өйткені Аллаһ Тағала: **فَكُلُوا مِنْهَا** «...олардан жеңдер», - деді".

¹⁵⁸ Осыда қажылық жасамаған адамдар үшін құрбандық шалуға болатындығына нұсқау бар. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзімен бірге қажылық жасамаған әйелдері үшін құрбан шалды. Өйткені онымен бірге қажылық жасаған әйелдері үшін құрбан шалу міндетті еді, ал онымен бірге Умм Сәлама, Айша және Сафийя болды.

келтіріледі). (Жәбірден жеткен хадистің тағы бір нұсқасында былай деп жеткізіледі: «Бір құрбандыққа шалатын малға жеті (адамнан) тұратын топтан тура келді». Сонда біреу одан (яғни Жәбірден): «Сен сиыр туралы не айтасың: оны бір топ адамдар атынан құрбандыққа шалуға болады ма?», - деп сұрады. Бұған ол (яғни Жәбір): «(Иә, өйткені) ол құрбандыққа шалынатын малдардың қатарына кіреді», - деп жауап берді).

93- (Хадистің нұсқаларының бірінде былай деп хабарланады: «Жәбір: «Бұрын біз құрбандыққа шалынатын малдың етін (Минада болатын) үш (күннен) артық жемейтінбіз. Ал содан соң Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): (**«Жеңдер әрі қамданыңдар»¹⁵⁹**), - деп, бізге (бұған) рұқсат берді. [Ол былай деді: «Әрі біз (осы еттің бір бөлігін) жедік, (ал қалған бөлігін) қамдандық][та, сол қамданумен Мәдинаға дейін жеттік]»¹⁶⁰.

ҚҰРБАН АЙТ КҮНІ ОРЫНДАЛАТЫН РӘСІМДЕРДІҢ ҚАЙСЫСЫН БОЛСА ДА БАСҚАСЫНАН ЕРТЕ, НЕ КЕШ ОРЫНДАУДА КҮНӘ ЖОҚ

94- (Хадистің бір нұсқасында былай деп хабарланады: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрбан шалды [және басын қырды]»¹⁶¹.

¹⁵⁹ Редактордың ескертпесі: яғни үйлеріңе қайту үшін етпен қамданыңдар. Сондай-ақ қажы құрбандыққа шалған етпен кедейлер мен мұқтаждарды тамақтандыруы керек, өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

وَالْبَدَنَ جَعَلْنَاهَا لَكُمْ مِنْ شَعَائِرِ اللَّهِ لَكُمْ فِيهَا خَيْرٌ ، فَادْكُرُوا اللَّهَ عَلَيْهَا صَوَافٍ ، فَإِذَا وَجِبَتْ جُنُوبُهَا فَكُلُوا مِنْهَا ، وَ اطْعَمُوا الْقَانِعَ وَالْمُعْتَرَّ

«Құрбандыққа шалынатын түйелерді сендер үшін Аллаһтың рәсімдік белгілері еттік. Мұнда сендер үшін қайыр бар. Оларды тұрғызып қойып, үстінен Аллаһтың атын айтыңдар. Сонда қашан олардың жамбастары жерге тисе (жаны шықса), жеңдер де, мұқтажға да, мұқтаж емеске де жегізіңдер. Өстіп шүкір етулерің үшін, малды еріктеріңе бердік» ("Хаж" сүресі, 36-аят).

Кім құрбан шалуға мал таба алмаса, қажылық кезінде үш күн және үйіне қайтқан соң тағы жеті күн ораза ұстайды. Мұндай қажыға үш әт-ташриқ күндері ораза ұстауға рұқсат етіледі, өйткені 'Айша және Ибн 'Умар (Аллаһ оларға разы болсын) былай дейтін: «Құрбандыққа шалу үшін мал таппағандардан өзге ешкімге әт-ташриқ күндері ораза ұстауға рұқсат етілмейтін».

Құрбан шалудың соңғы күні – үшінші ташриқ күні күн батқанға дейін.

¹⁶⁰ Құрбан айт күні Айша (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол үлкен бағанаға (жәмрат әл-ақабаға) тас лақтырып болған соң мискпен майлады. Бұл туралы бұрынырақ сөз болған еді. Яғни тас лақтырып болған соң, адам ихрамнан кіші шығумен шығады да, оған әйелінен басқа барлық нәрсе рұқсат етіледі.

¹⁶¹ Бұл Сүннетке сәйкес құрбан шалғаннан кейін басты қыру керек екендігіне нұсқайды, ал құрбан шалуды, өз кезегінде, (үлкен бағанаға, жәмрат әл-ақабаға, - редактордың ескертпесі) тас лақтырудан соң орындау керек. Сондай-ақ, Сүннетке сәйкес,

95- “Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [Құрбан Айт күні Минада] адамдармен бірге болды. Әрі [сол күні] оған [, ретінен бұрын істелген] рәсімге қатысты қандай сұрақ қойылса да, ол міндетті түрде: **«Ода күнә жоқ, ода күнә жоқ»**¹⁶², - деп жауап берді. Мысалы, оған бір кісі келіп: «Мен басымды құрбан шалғанға дейін қырып тастадым», - дегенде, (Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): **«Бұда күнә жоқ»**, - деп жауап берді).

96- Кейін оған басқа адам келіп: «Мен басымды тас лақтырғанға дейін қырып қойдым», - деді, (оған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): **«Бұда күнә жоқ»**, - деп жауап берді.

97- [Кейін оған басқа адам келіп: «Мен Қағбаны тас лақтырғанға дейін тауап жасап қойдым», - деді, (бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): **«Бұда күнә жоқ»**, - деп жауап берді].

98- [Басқа бір кісі: «Мен Қағбаны құрбан шалғанға дейін тауап жасап қойдым», - деді, (бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): **«Оны шала бер, әрі бұда күнә жоқ»**, - деді].

бас қыруды оң жақтан бастау қажет, өйткені Әнас ибн Мәлик Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Минада өзі тұратын орынға келіп, құрбан шалып, ал содан соң шаштаразға (басының) оң жағына, содан соң сол жағына нұсқап: **«Баста!»**, - дегенін жеткізеді. Содан соң ол өзінің шаштарын адамдарға тарата бастады (Муслим).

Басты түгел қырып тастау жақсырақ болады. Өйткені басты қыру абзалырақ амал болып табылады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Уа, Аллаһ, шашын қырып тастағандарды жарылқа!»**, - деді. (Адамдар): **«Шашын қысқартқандар үшін (дұға етіңіз), уа, Аллаһтың елшісі!»**, - деді. [Төртінші ретінде ол: **«Қысқартқандарды да»**, - деді]. Егер біреу шашын қысқартуды қаласа, ол шашын түгел бірдей қысқартуы керек.

Әйел кісі 2 см. ұзындығындай шашын қысқартады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Әйелдерге басын қыру бұйырылмаған. Ақиқатында, оларға шаштарын қысқарту бұйырылған»**, - деп айтқан. Ол шаштарын алақанымен қысып алып, бармағының ұшындай мөлшерде (анмуля) оларды қырқуы керек. Осы орайда әйел адам шаштарын бөгде адамдарға көрсетуіне болмайды.

¹⁶² **«Бұда күнә жоқ»** деген сөздер келісіні білдіреді: «Қалған рәсімдерді аяқта, ал орындап қойғандарың сен үшін есептеледі. Әрі сен бір рәсімді басқасынан ерте, не кеш орындағаныңда қорқынышты еш нәрсе жоқ». Сонымен бірге, қажы Құрбан Айт күні төрт рәсімдік амал орындалатыны туралы білуі керек: үлкен бағанаға (жәмрат әл-ақабаға) тас лақтыру; содан соң құрбан шалу; содан соң басты қырып тастау; ал содан кейін Қағбаны негізгі тауап (тауаф әл-ифада) жасау. Осы реттілікті сақтау, бұл туралы жоғарыда айтылғандай, Сүннетке жатады, алайда осы реттілікті өзгертуге болады, әрі бұл, бұған осы және өзге де мағыналас хадистер айғақ болатындай, өтемақыны (фидья) талап етпейді. Ән-Нәуауи: **«Мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарынан болған салиқалы сәлафтардың ұстанымы осындай»**, - деді.

99- [Кейін тағы бір адам келді де: «Мен құрбанды тас лақтырғанға дейін шалып қойдым», - деді, (бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): «**[Оларды лақтыр, әрі] бұда күнә жоқ**», - деді].

100- [Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Мен құрбандықты осы жерде шалдым, алайда Минаның барлығы құрбан шалатын орын болып табылады**].

101- [Әрі Меккенің әрбір шатқалы мен оған (алып баратын) жол да құрбан шалатын орын болып табылады]¹⁶³.

102- [Сондықтан да құрбандықтарыңды тұрақталған орындарыңда шала беріңдер», - деді]¹⁶⁴.

ҚҰРБАН АЙТ КҮНІНДЕ АЙТЫЛҒАН ҚҰТПА¹⁶⁵

103 - [Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізді: “Құрбан айт күнінде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге құтпа айтып: «**Қай күн ең қасиетті болып табылады?**», - деп сұрады. (Адамдар): «Осы біздің күн», - деп жауап берді. (Кейін) ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Қай ай ең қасиетті болып табылады?**», - деп сұрады. (Адамдар):

¹⁶³ Бұл сөздер құрбанды Минадағыдай Меккеде де шалуға болатындығына айғақ болады. Әл-Бәйһақи өзінің "әс-Сунан" (5/239) кітабында сахих иснад арқылы Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) келесі сөздерін келтіреді: «Ақиқатында, құрбандық Меккеде (шалынады), алайда Мекке қаннан таза. Сонымен, Мекке – бұл Минаның бір бөлігі» (бұл асардың басқа бір нұсқасында: «Ал Мина – Меккенің бір бөлігі», - деп келеді). Осы нұсқа ақиқат болуы ықтимал. Аталған асардың бірінші нұсқасында 'Атадан қосымша Ибн Аббас Меккеде құрбан шалғаны, ал Ибн Умар малды құрбандыққа Меккеде емес, Минада шалатыны жеткізіледі.

Ал басқа жерлерде, бұл туралы ғалымдар айтқандарындай, құрбан шалуға рұқсат етілмейді.

¹⁶⁴ Сүннетке сәйкес түйені немесе басқа құрбандық малын, мүмкіндік болса, өз қолымен шалу керек. Егер мұндай мүмкіндік болмаса, онда мұны өз атынан шалуды басқа біреуге тапсыру қажет. Малды құрбандыққа шалғанда (бұған Сүннет нұсқайтындай) оны Қыблаға қаратып, сол жамбасына жатқызып, оң аяқты малдың оң жамбасына қою керек (малды жатқызу және оның жамбасына аяқты қою туралы әл-Бухари мен Муслим жеткізген).

Түйеге келер болсақ, онда Сүннетке сәйкес оны *ән-нәхр* тәсілімен құрбандыққа шалу керек: оның алдыңғы сол аяғы байланады да, ол қалған (үш) аяғында тұрады. Осы орайда оның тұмсығы Қыблаға қаратылады. Құрбан шалғанда:

بِسْمِ اللَّهِ ، و الله أكبر ، اللَّهُمَّ إِنَّ هَذَا مِنْكَ وَلَكَ اللَّهُمَّ تَقَبَّلْ مِنِّي

(мағынасы: «Аллаһтың атымен әрі Аллаһ Ұлы! Уа, Аллаһ, ақиқатында бұл Сенен және Саған! Уа, Аллаһ менен қабыл ет!», - деп айту керек.

¹⁶⁵ Бұл төртінші құтпа болатын әрі ода ол Арафатта айтқандарын қайталады.

«(Осы) біздің ай», - деп жауап берді. (Кейін) ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Қай қала ең қасиетті болып табылады?»**, - деп сұрады. (Адамдар): «Осы біздің қала» (, - деп жауап берді). Сонда (Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) былай деді: **«Ақиқатында, сендердің өмірлерің»**¹⁶⁶

¹⁶⁶ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы да бір рет мұсылмандардың өмірінің маңыздылығын және мұсылманның қанын төгумен байланысты қылмыстардың ұлықтығына нұсқады. Әрі бұған Құран мен Сүннеттің өте көп мәтіндері нұсқайды:

وَمَنْ يَقْتُلْ مُؤْمِنًا مُتَعَمِّدًا فَجَزَاؤُهُ جَهَنَّمُ خَالِدًا فِيهَا وَغَضِبَ اللَّهُ عَلَيْهِ وَلَعَنَهُ وَأَعَدَّ لَهُ عَذَابًا عَظِيمًا

«Кім бір мүмінді қасақана өлтірсе, оның жазасы - ішінде мүлде¹⁶⁶ қалатын Тозақ болады. Сондай-ақ Аллаһ оған ызаланады, лағынеттейді және зор қинау әзірлеп қояды» («ән-Ниса» сүресі, 4: 93).

وَالَّذِينَ لَا يَدْعُونَ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ وَلَا يَقْتُلُونَ النَّفْسَ الَّتِي حَرَّمَ اللَّهُ إِلَّا بِالْحَقِّ وَلَا يَزْنُونَ وَمَنْ يَفْعَلْ ذَلِكَ يَلْقَ أَثَامًا

«Олар Аллаһпен бірге басқа құдайларға жалбарынбайды. Аллаһ өлтірілуін харам еткен кісіні, оған құқы болмаса, өлтірмейді және зина жасамайды. Кімде-кім осыларды істесе, күнәға жолығады. Ал кім осылай істесе, жазасын алады» («әл-Фурқан» сүресі, 25: 68-70).

وَلَا تَقْتُلُوا النَّفْسَ الَّتِي حَرَّمَ اللَّهُ إِلَّا بِالْحَقِّ ذَلِكُمْ وَصَّاكُمْ بِهِ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ

«Және де заңды болғаннан өзге Аллаһ харам еткен жанды өлтірмеңдер» («әл-Әнғам» сүресі, 6: 151).

Шейхул-Ислам Ибн Таймийя былай деді: «Өз негізінде Адам баласының қаны, заңды жағдайдан басқа, тыйым салынған (харам) және (төгуге) рұқсат етілмеген болып табылады. Әрі кәпірлердің қаны да, Муса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өлтірген мысырлықтың қаны және біздің кезімізде Ислам шақыруы жетпеген кәпірлердің қаны сияқты, өз негізінде солай болғанындай, Исламның бастапқы кезеңінде тыйым салынған (харам) еді. Әрі Мусаға оның адам өлтіруі, ол бұл адамды қасақана өлтірмегендігіне қарамастан, бұл дүниеде де, Ақыретте де күнә болды!» Қз.: “әс-Сәримул-мәслүл” 2/210.

Ал Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келсек, ол былай деді: **«Ақырет Күні адамдар арасындағы қаралатын істердің алғашқысы – бұл қантөгіс!»** Әл-Бухари 6864, Муслим 1678.

Имам әл-Мунауи былай деді: «Құлдар арасындағы алғашқы есеп айырысу адам өлтіруден басталады, себебі ол – көпқұдайшылықтан кейінгі ең үлкен күнә; әрі есеп айырысудың осыдан басталуының өзі бұл күнәның ауырлығына нұсқайды!» Қз.: “Фәйдул-Қадир” 3/347.

Абу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Опат етуші жеті күнәдан аулақ болыңдар!»**, - дегені жеткізіледі. Адамдар: «Уа, Аллаһтың елшісі, ол қандай күнәлар?», – деп сұрады. Ол: **«Аллаһпен бірге кімге болсын құлшылық ету; сиқыршылық; заңды болғаннан өзге жағдайда Аллаһ өлтіруге тыйым салған адамды өлтіру; өсімқорлық; жетімнің ақысын жеу; шайқас кезінде соғыс майданынан қашу және зина жасау тіпті ойына да кіріп шықпайтын арлы, иман келтірген әйелдерді зинақорлықта айыптау»**, - деді. Әл-Бухари 2766, Муслим 1/189.

Ибн Умардан, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: **«Мүмін тыйым салынған қанды төкпейінше, өз дініндегі кеңшілікті сезінуін тоқтатпайды»**. Әл-Бухари 6862.

Ал Ибн Умардың өзі былай деп айтатын: *“Егер біреудің басына шығар жолы жоқ (қиын) жағдай түссе, демек, ол тыйым салынған қанды төккен!”*¹⁶⁶” Әл-Бухари 6863.

Көптеген тура жолға түскен адамдар тыйым салынған қанды төккендігі себебінен ғана адасушылыққа түсіп кетті. Және бұған мысал ретінде хауариждерді келтіруге болады. Адам өлтіру - олардың әдеттегі ісі еді және қазір де солай. Өйткені заңсыз адам өлтіру - үлкен күнә болып табылады, әрі бұл жөнінде ешқандай келіспеушіліктер де болмаған. Ал үлкен күнә иманды әлсіретеді. Мұның үстіне, хадистерде осы іс адасушылыққа апаратын және Аллаһтың көмегіңсіз қалдыратын себеп болып табылатындығына нұсқалған! Ал Аллаһ адамды тура жолға салмаса, ол қалайша тура жолға ілеспек?! Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейтін: **«Кімді Аллаһ тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал кімді ол тастап қойса, оны ешкім тура жолға сала алмайды!»** Абу Дауд 1/331, әт-Тирмизи 2/178, ән-Нәсаи 1/208, әт-Таялиси 338. Хадистің саихтығын Абу Иса әт-Тирмизи, имам ән-Нәуауи, шейхул-Ислам Ибн Таймийя және шейх әл-Әлбани растаған.

Абдуллаһ ибн Умардың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) сөздерінен жеткен хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Бізге қарай қару көтерген – бізден емес»**. Әл-Бухари 6874, Муслим 161.

Сондай-ақ Ибн Мәс’удтан, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: **«Мұсылманды балағаттау – бұзақылық, ал онымен соғысу – күпірлік!»** Әл-Бухари 48, Муслим 116.

Ибн Аббастан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: **«Аллаһқа ең жек көрінішті адамдар мына үшеуі: Қорықты орында* бола тұра ақиқаттан ауытқыған (адам); надандық (жәхилиет) дәуірінің салттарын Исламда сақтағысы келген (адам) және қақысыз біреудің қанын төккісі келген (адам)»**. Әл-Бухари 6882.

* Сөз Меккедегі Қорықты (Харам) Мешітінің аймағында күнә жасау туралы болып тұр. Хафиз Ибн Хажәр былай дейтін: *«Бұл хадис Қорықты аймақта кіші күнә жасау басқа жерде үлкен күнә жасаудан жаман екендігіне сырттай нұсқап тұр»*. Қз.: “Фәтхул-Бәри” 12/219.

Ибн ‘Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) мынаны баяндаған: *“Бірде бір жас жігіт өлтірілгенде, Умар былай деді: «Егер оны өлтіруге тіпті бүкіл Сана (Йемен) тұрғындары қатысқанда, мен міндетті түрде олардың барлығын өліммен жазалар едім»”*. Әл-Бухари 6896. Өлтірілген бір адам үшін оны өлтіруге қатысқан барлық адам өлтірілетіндігі туралы сахабалар арасында бірауызды келісім (әл-ижма’) болған. Имам Ибн әл-Мунзир былай дейтін: *“Са’ид ибн әл-Мусайиб Санадан жеті адам бір жас жігітті өлтіргенде, Умардың: «Егер оны өлтіруге тіпті бүкіл Сана (Йемен) тұрғындары қатысқанда, мен міндетті түрде олардың барлығын өліммен жазалар едім», - деп айтқанын баяндайтын. Сондай-ақ Алиден (Аллаһ оған разы болсын) ол бір адамды өлтірген үш адамды өліммен жазалағаны жеткізіледі. Сондай-ақ Ибн Аббас та (Аллаһ оны мен оның әкесіне разы болсын) бір адамды өлтірген бір топ адамдарға қатысты осылай үкім шығарған. Және бұл жөнінде олардың заманында келіспеушілік болғаны белгісіз, ал бұл олардың осы мәселедегі бірауызды пікіріне нұсқайды”*. Қз.: “Әл-Муғни” 11/491.

Әл-Бухаридің сахих жинағында (7152) Жундубтың (Аллаһ оған разы болсын) былай деген сөздері келтірілген: *«Ақиқатында, адам бойындағы ең бірінші шірі бастайтын нәрсе – оның қарыны, ендеше, кім игі нәрседен өзге еш нәрсе жемей жүре алса, осылай істесін, әрі кім өзін Жәннаттан ол төккен бір уыс қан болса да алыстата алмауына қол жеткізе алса, оны төкпесін».*

Хафиз ибн Хәжар былай деді: *«Тіпті бұл хадис мауқуф түрінде (сахабадан) жеткізілген болса да, оның жағдайы марфу` (Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткен) хадиске жатады, өйткені сахабалар мұндай нәрселер туралы өздерінен айтпайтын. Бұл хадисте мұсылманды заңсыз өлтірген адамға өте үрейлі қорқыту бар».* Қз.: “Фәтхул-Бәри” 13/130.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтатын: *«Кім менің үмметіме соғыспен қарсы шығып, олардың арасындағы иман келтіргендерді ескермей, өзі келісім-шарт жасасқандармен жасаған келісімін орындамай, ізгілер мен бұзақыларды (қосып) өлтірсе, оның маған еш қатысы жоқ, ал менің оған (еш қатысым жоқ)».* Муслим № 1848.

Әл-Мунзиридің “әт-Тарғиб уәт-тархиб” кітабындағы мына төменде келтірілген хадистер әл-Бухари мен Муслимнің жинақтарында кездеспесе де, алайда олардың сахихтығын шейх әл-Әлбани “Сахих әт-тарғиб” еңбегінде (1/629-634) растаған:

Әл-Бардан, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Бұл дүниенің түгелімен опат болуы Аллаһ үшін мүміннің заңсыз өлтірілуінен маңыздырақ емес!»*¹⁶⁶.

Абу Са’идтен және Абу Һурайрадан, Аллаһ оларға разы болсын, жеткен хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Егер көктер мен жердің бүкіл тұрғындары бір мүмінді бірлесіп өлтіруге айыпты болса еді, Аллаһ міндетті түрде олардың барлығын Отқа тастар еді»,* - деп айтқан.

Абу Бакрдан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткен: *«Егер көктер мен жердің тұрғындары бірігіп, мұсылманды өлтірген болса еді, Аллаһ оларды міндетті түрде жүздерімен Отқа тастар еді».*

Муғауиядан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізілетін хадисте, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Аллаһ күпірлікте өлгеннен және мүмінді қасақана өлтіргеннен басқа кез келгенге оның күнәсын кешіре алады».*

Абу Мусадан, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *“Ібіліс өзінің әскерін жинаған кезде, оларға: «Кім бүгін мұсылманды жеңсе, соған мен тәж кигіземін», - деп айтады. Және оған шайтанның біреуі келіп: «Ол өз әйелімен ажыраспайынша мен оны азғыруымды тоқтатпадым», - дейді. Бірақ Ібіліс: «Ол оған қайта үйлене алады», - деп айтады. Сонда басқасы келіп: «Ол ата-анасына мойынсұнбаушылық танытқанға дейін мен оны азғыруымды тоқтатпадым», - дейді. Ал Ібіліс: «Бірақ ол оларға игі ниғыл көрсетуді қайтадан бастай алады», - дейді. Сонда үшіншісі келіп, былай дейді: «Ол көпқұдайшылыққа түспейінше мен оны азғыруымды тоқтатпадым!» Ібіліс: «Сен! Сен!», - деп жауап береді. Сонда төртіншісі келіп: «Ол адам өлтірмейінше мен оны азғыруымды тоқтатпадым», - дейді. Оған ол: «Сен! Сен!», - дейді де, оған тәж кигізеді”.*

Ибад ибн Саммиттен (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Кім мүмінді өлтіріп, сонысына қуанған болса, Аллаһ одан ерікті амалдарын да, нарыз амалдарын да қабыл етпейді!»** Бұл хадисті Абу Дауд келтіреді, әрі ол кейін Халид ибн Дахқанның былай дегенін жеткізеді: *“Мен Яхья ибн Яхьядан «сонысына қуанған болса» деген сөздер туралы сұрадым, әрі ол: «Бүлік кезінде соғысатындар туралы сөз болып тұр. Біреу екіншісін өлтіріп, өзін тура жолда деп есептейді және жасаған қылмысы үшін тәубе етпейді»”.*

Мұсылманды өлтіру былай тұрсын, тіпті ол туралы жаман ойлаудың өзіне тыйым салынған! Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: *“Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаны тауап жасап жүріп: «Сен қандай әдемісің және сенің жұпар иісің қандай әдемі! Уа, сен қандай айбындысың және сенің қасиеттілігің қандай айбынды! Мұхаммадтың жаны Қолында болғанмен (Аллаһпен) ант етемін, мүміннің қасиеттілігі Аллаһтың алдында сенің қасиеттілігіңнен ұлы! Оның мал-мүлкі мен қаны - қол сұғылмайтын және қасиетті, әрі біз ол туралы тек жақсы ойлауымыз керек».* Ибн Мәжаһ 2619. Хадистің сахихтығын әл-Бусайри, шейх Ахмад Шакир және шейх әл-Әлбани растаған. Қз.: “әс-Силсилә әс-сахиха” 3420.

Осының барлығы мұсылманның Аллаһтың алдындағы ұлықтығына нұсқайды.

Алайда көпшілік: «Олар жеке пайымдарымен (қалауларымен) емес, біреудің бұйрығы бойынша адам өлтірсе, онда барлық жауапкершілік атқарушыға емес, тек бұйырушыға түседі», - деп ойлайды. Бұл олай емес және мұндай түсінікті Абу әд-Дарда жеткізген мына хадис жоққа шығарады: *“Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Қиямет Күні барлық адамдар белгілі бір жолмен жүретін кезде және адамның жанынан оны өлтірген (адам) өткенде, ол: «Уа, Раббым! Ол мені (дүние өмірінде) өлтірген еді», - деп дауыстайды. Аллаһ: «Сен оны не үшін өлтірдің?», - деп сұрайды. Ол: «Маған пәлен бұйырды», - дейді, және өлтірген де, оған бұйрық берген де жазаға тартылады!»”* Ибн Абу Шәйба 5/434, әт-Табарани 10407. Хадис хасан. Қз.: “Мәжма’у-ззауaid” 7/300.

Сондай-ақ адам тіпті жануарды қақысыз өлтіргені үшін де сұралатынын атап өту қажет! Ибн Умардан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Егер адамдардан кімде-кім тіпті торғайды, немесе одан үлкендеу болған біреуді қақысыз өлтірсе, ол Қиямет Күні міндетті түрде ол үшін Аллаһ тарапынан сұралады».** Оған *«Уа, Аллаһтың елшісі, оның қақысы неде?»* деген сұрақ қойылды, және ол оған: **«Оны бауыздап жеу, бірақ басын жұлып алып, тастау емес!»**, - деп жауап берді. Ән-Нәсаи 7/239, Ахмад 4/389. Хадистің сахихтығын имам ән-Нәсаи, Ибн Хиббан, әл-Хаким, хафиз әл-Мунзири, Ибн Кәсир және шейх әл-Әлбани растаған. Сондай-ақ “Сахих әт-тарғибті” 1/631 қараңыз.

Имам Абу Бакр Ибн әл-‘Араби былай дейтін: *«Жануарды қақысыз өлтіруге тыйым салынғандығы сахих түрде мәлім және мұны жасағанға қатысты қорқытулар да бар. Ал ендеше, Адамның ұлын немесе мұсылманды, немесе Аллаһтан қорқатын әрі ізгі мұсылманды өлтіру туралы не айтуға болады?!»* Қз.: “Фәтхул-Бәри” 12/196.

Абу Са’ид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткізілген хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Қиямет Күні Оттан бір мойын шығып: «Ақиқатында, маған (мына) үшеуді азаптау бұйырылған: әрбір тәкаппар жәбірлеушіні; Аллаһқа серік қосқанды және қақысыз адам өлтіргенді», - деп айтады.**

және сендердің мал-мүліктерің сендер үшін осы қаладағы, осы айдағы осы күндерің сияқты қасиетті болып табылады. Мен (осыны сендерге) жеткіздім бе?!» (Адамдар): «Иә!», - деп жауап берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа, Аллаһ! (Осыны) раста!», - деді»].

АДАМДАР ЛЕГІНІҢ ҚАҒБАНЫ НЕГІЗГІ ТАУАП (ӘТ-ТАУАФ ӘС-САДР)¹⁶⁷ ЖАСАУ ҮШІН (МЕККЕГЕ) АҒЫЛУЫ

104- Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түйесіне отырды да, адамдардың легі арасында (Аллаһтың) Үйіне қарай ұмтылды [әрі (олар) Қазбаны тауап жасады]¹⁶⁸,

105- бірақ әс-Сафа мен әл-Мәруа (төбелерінің) арасын сағи жасамады]¹⁶⁹.

Және олардың үстінен Тозақ жабылады да, олар түпсіз тұңғиыққа тасталады». Қз.: “әс-Силсилә әс-сахиха” 2699.

¹⁶⁷ Бұл жерде 10 зул-хиджа Құрбан Айт күні Қағбаны тауап жасау меңзелуде. Бұл тауапты *тауаф әл-ифада* деп те айтады. Ғалымдардың бір ауызды келісім бойынша бұл тауап қажылықтың тірегі (рүкіні) болып табылады.

ثُمَّ لَيَقْضُوا تَفَنَّهُمْ وَلْيُوفُوا نُذُورَهُمْ وَلْيَطَّوَّفُوا بِالْبَيْتِ الْعَتِيقِ

«Кейін рәсімдерін аяқтасын және айтқан нәзірлерін орындап, Ежелгі Үйді (Қағбаны) тауап етсін» («әл-Хаж» сүресі, 29-аят).

Ибн Жәрир өзінің тәпсірінде былай деп жеткізеді: "«Кейін рәсімдерін аяқтасын», яғни тастарын лақтырсын, құрбандарын шалсын, бастарын қырсын немесе шаштары мен сақалдарын (, бұл Ибн Умардан келгендей, жұдырықтан көбін) және мұрттарын қысқартсын».

¹⁶⁸ Алайда Қағбаны осы тауап жасау кезінде қажы оң иығын жалаңаштамайды әрі алғашқы үш айналымдарды жылдам жүріп өтпейді. Содан соң, имам әз-Зухри айтқандай және Ибн Умар: «Әр жеті (айналымнан) соң - екі ракағат», - деп, осылай жасағандай, қажы, Сүннетке сәйкес, Ибраһим (тұрған) орнының қасында тұрып, екі ракағат намаз орындайды.

Кейін ол, бұл туралы жоғарыда айтылғандай, әс-Сафа мен әл-Мәруаның арасын сағи жасап, (тиісті жерінде) жүгіріп өтеді. Алайда бұл *әл-қиран* мен *әл-ифрад* қажылығын жасаушыларға қатысты емес, өйткені осы екі санаттағы қажылар үшін олар алғаш жасаған сағи жеткілікті болып табылады.

Осының барлығын орындап болған соң, бұған екі «Сахихта» келтірілетін, Айша мен Ибн Умардан (Аллаһ оларға разы болсын) жеткен хадистер айғақ болатындай, қажыларға ихрам халінде харам болған нәрселердің барлығы хәлал болады.

¹⁶⁹ Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) бұл туралы жалпылама түрде хабарлады. Одан айырықша Айша (Аллаһ оған разы болсын) бұл мәселені жан-жақты баяндап, былай деді: «Умра (жасау ниетімен) ихрамға кіріп, тәлбийя айтқандар (Аллаһтың) Үйін тауап және әс-Сафа мен әл-Мәруа арасында сағи рәсімін жасады да, кейін ихрам халінен шықты. Олар (қажылық жасау ниетімен ихрам халіне қайта кіріп, тәлбийя айтқан соң) Минадан оралып, Қағбаның басқа тауабын және әс-Сафа мен әл-Мәруа арасын сағи жасады. Ал қажылықты

106- Ол бесін (зухр) намазын¹⁷⁰ Меккеде орындады¹⁷¹.

107- Одан кейін ол бану Абд әл-Мутталиб тайпасының адамдарына жақындады, [ал олар] Зәм-Зәм (бұлағының) суын үлестіріп жатқан болатын¹⁷², және былай деді: «Уа, 'Абд әл-Мутталибтің ұрпақтары, су шығарыңдар! Егер мен адамдардың сендерді осы жерден ығыстырып тастауларынан қорықпағанымда¹⁷³, оны сендермен бірге шығарар едім».

108- Олар оған (Зәм-Зәм бұлағынан) су алып берді, ал ол одан қанып ішіп алды»¹⁷⁴.

умрамен қабаттастырғандарға (яғни қиран қажылығын жасағандарға) келер болсақ, олар әс-Сафа мен әл-Мәруаның арасын бір-ақ рет сағи жасады». Яғни Жәбир тек Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге әл-қиран қажылығын жасаған әрі өздерімен бірге құрбандыққа шалатын малдарын айдап келген, мысалы, Абу Бакр, Умар, Тәлха, Али және басқа да ауқатты мұсылмандар сияқты сахабаларды ғана меңзеді. Өйткені дәл солар сағиді бір-ақ рет жасады. Сөйтіп Жәбир барлық сахабаларды меңзеген болатын, өйткені олардың көбі *әт-таматтуғ* қажылығын орындап жүрген еді!

¹⁷⁰ Бұл туралы Жәбир айтады, алайда екі «Сахихта» Ибн Умардан Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бесін намазын Минада орындағаны туралы жеткізіледі. Ғалымдардың осы екі хадистің қайсысына басымдық беру керектігі туралы пікірлері бір жерден шықпады. Олардың кейбіреулері осы екі хадисті біріктіру жаққа ауды, алайда олардың бірде-бір түсіндірмесі сендіретіндей емес. Қз.: ән-Нәуауи “Шарх «Сахих» Муслим”, Ибн әл-Қаййим «Заад әл-Ма’ад» және әш-Шәукани «Нәйл әл-Әутар».

Осы жерде келесі қосымшаны келтіру орынды: ...кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Минаға қайтты да, онда әт-тәшрик күндерін өткізді әрі олардың барысында үш бағанаға тастар лақтырды. Ол бағаналарға тастарды бұны алдынырақ имам ән-Нәуауи түсіндірген реттілікпен лақтырды.

¹⁷¹ Яғни барлық рәсімдерді зухрға дейін бітірді. Әрі осы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) уақытының берекетіне нұсқайды.

¹⁷² Бұл олар суды шелектермен алып, оны бактарға, күбілерге және т.с.с. ыдыстарға күйғанын білдіреді.

¹⁷³ Бұл мынаны білдіреді: «Егер мен адамдар осыны қажылықтың бір рәсімі деп қабылдап кетуінен әрі топ-топ болып, соның салдарынан сендерді мазалап және қажыларды сусындандырудан ығыстырып тастауынан қорықпағанымда, мен де оны сендермен бірге шығарар едім, өйткені қажыларды Зәм-Зәм суымен сусындандыруда ұлы игілік бар». Қз.: ән-Нәуауи.

¹⁷⁴ Кейін қажы Минаға оралады да, әт-тәшрик күндерінде сол жерде болып, түнейді. Әр күні күн тал түстен ауған бойдан бірден ол Минада үш бағанаға (жәмраттарға) тас лақтыру рәсімін орындайды.

Имам Бухариде Убраның бірде Ибн Умарға (Аллаһ оларға разы болсын) келіп, одан тасты қашан лақтыру керек екендігі жайында сұрағаны жеткізіледі. Ол: «Имам лақтырған кезде, сенде лақтыр!», - дейді. Убра: “Мен сұрағымды қайталадым. Ал ол: «Біз күннің тас төбеге көтерілуін күтетінбіз, содан соң бірден лақтыратынбыз», - деп жауап берді”, - деді. Осы дерекке негізделіп, ғалымдар бесін (зухр) (намазын) тас лақтырғаннан кейін оқыған абзал дейді. Осы орайда, бұл туралы алдынырақ, Құрбан Айт күні тас лақтыру туралы сөз

болғанда, айтылып кеткендей, әр бағанаға ол жеті тастан лақтырады. Ол тас лақтыруды әл-Хайф мешітіне ең жақын орналасқан бірінші бөренеден бастайды. Оған тас лақтырып болған соң, ол сәл алға және оң жаққа қарай ығысады да, жүзін Қыблаға қаратып, қолын жоғары көтеріп, өте көп уақыт («әл-Бақара» сүресін оқып болатындай) Аллаһқа жалбарынып тұрады. (Сондықтан да осы күндердегі негізгі уақытын қажы жәмараттарда өткізеді.) Кейін ол екінші (ортаншы) бағанаға келеді де, оған да тура сөйтіп тас лақтырады, содан соң сол жаққа қарай өтіп, жүзін Қыблаға қаратып, қолын көтеріп, ұзақ уақыт бойы Аллаһқа дұға етеді. Кейін ол үшінші бағанаға келеді де – бұл үлкен бағана (жәмрат әл-ақаба) – Қағба оның сол жағында, ал Мина оң жағында болатындай тұрып, оған да тура солай тас лақтырады. Содан соң ол осы бағананың алдында тұрып қалмай, бірден кетіп қалуға тиіс.

Кейін әт-тәшриктің екінші және үшінші күндерінде де ол тура осы әдіспен тас лақтыруға тиіс.

Ол тәшриктің екінші күнінде тас лақтырып болған соң, үшінші күні тас лақтыруға қалмай, Минада түнемей кетуіне рұқсат етіледі, өйткені Аллаһ Тағала:

واذكروا الله في أيام معدودات ، فمن تعجل في يومين فلا إثم عليه ، ومن تأخر فلا إثم عليه لمن اتقى

«Санаулы күндерде Аллаһты зікір етіңдер! Кім асықса және рәсімді екі күнде аяқтаса, сол күнә жасамайды. Әрі кім ұсталып қалса, сол да күнә жасамайды. Бұл тақуаларға қатысты».

Алайда егер ол (әт-тәшриктің) екінші күні Минадан күн батқанға дейін кетіп үлгермесе, онда Минада келесі күнге дейін қалуға міндетті, бұл Ибн Умардан имам Маликтің «Мууаттасында» келтірілетініндей.

(Үшінші күні) тас лақтыру үшін қалу жақсырақ, өйткені бұл Сүннет.

Сүннетке сәйкес қажылықты орындаудың жоғарыда келтірілген реттілігін сақтау қажет:

Тас лақтыру рәсімі,

Құрбан шалу,

Басты қыру, Қағбаны негізгі тауап (*тауаф әл-ифада*) жасау, сондай-ақ *әт-таматтуғ* қажылығын орындайтын қажының әс-Сафа мен әл-Мәруаның арасын сағи жасау.

Алайда егер қажы қандай да бір рәсімді басқасынан ерте немесе кеш орындаса, бұған рұқсат етіледі, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Бұда күнә жоқ, бұда күнә жоқ»**, - деп айтатын.

Орынды себебі бар адамға тас лақтыру рәсімін орындау кезінде келесі нәрселерге рұқсат етіледі:

а) Минада түнемеуге, өйткені Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай жеткізген: «Әл-‘Аббас бин ‘Абд әл-Мутталиб Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (қажылар) Минада (өткізетін) түндерде оларды сумен қамтамасыз ету үшін Меккеде қалуға рұқсат сұрады және ол оған мұны рұқсат етті».

б) Тас лақтыруды екі күнде емес, бір күнде қоса орындау, өйткені ‘Асым бин ‘Адий былай жеткізген: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олармен бірге (Минаның сыртында) түнейтін түйе бағып жүрген түйешілерге Құрбан Айт күні тас лақтыру рәсімін жасауға және Құрбан Айт күнінен кейін тас лақтыруды екі күннің бірінде екі күндік (рәсімді) қоса орындауға рұқсат етті».

в) Тас лақтыру рәсімін түнде орындауға, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Шопан тастарды түнде лақтырып, күндіз (мал) жаюмен айналысады»*.

Шариғатқа сәйкес қажы Минада түнейтін түндердің әрбірінде Қағбаға келіп, оны тауап жасауына рұқсат етіледі, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осылай істейтін. Егер де Минада түнеуді қалдыру үшін басқа себептер болмаса, онда онда түнемеуге тыйым салынады.

Осы күндерде Минада болған кезде, қажы бес уақыт намазды басқа адамдармен бірге имамның басшылық жасауымен бұлжытпастан орындауы керек. Ол намаздарды қысқартып оқиды, бірақ оларды біріктірмейді. Егер мүмкіндік болса, онда намаздарды әл-Хайф мешітінде оқыған абзал, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Әл-Хайф мешітінде жетпіс пайғамбар намаз оқыған»*.

Қажы тас лақтыру рәсімін әт-тәшриктің екінші немесе үшінші күні орындап біткен соң, ол сонымен қажылық рәсімдерін орындауын аяқтайды да, Меккеге қайтып, онда Аллаһ тағдырына жазған уақыт болады. Ол намаздарын адамдармен бірге имамның басшылығымен орындауға тырысуы қажет, әсіресе, Қорықты Мешітте (Мәжид әл-Харам), өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Менің Мешітімдегі (яғни Мәдинадағы Пайғамбар Мешітіндегі – аудармашының ескертпесі) (бір) намаз Қорықты Мешіттен басқа кез келген (мешітте) орындалған мың намаздан артық, ал Қорықты Мешіттегі (бір) намаз кез келген (мешіттегі) жүз мың намаздан артық»*.

Ол жиі-жиі Қағбаны тауап жасауы және тәуліктің кез келген өзі қалаған уақытында (Қорықты Мешітте) намаз оқуы керек, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі бұрыш, яғни Қара тас орналасқан және Йемен бұрыштары туралы былай деді: *«Олардың екеуіне қол тигізу күнәларды өшіреді. Ал Қағбаны тауап жасаушыға табанын (әрбір) көтеріп-түсірген сайын Аллаһ бір игі іс жазады, оның мойнынан бір күнәні алып тастайды, әрі оған бір дәреже жазады. Ал кім Қағбаны жеті рет айналса, бұл (ол үшін) бір құлды азат еткендей болады»*. Сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Уа, бану 'Абд Мәнаф! Ешкімге осы (Аллаһ) Үйін тауап жасауға және (осында) тәуліктің кез келген өзі қалаған уақытында намаз оқуға бөгет жасамаңдар!»*

Қажы өзінің барлық істерін аяқтап болған соң үйіне қайтуды шешсе, оған Аллаһтың Үйімен қоштасу тауабын жасау қажет, өйткені Ибн 'Аббас былай деп жеткізген: *“Адамдар кете бастады, әрі сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Соңғы орындаған нәрсесі (Аллаһтың) Үйін тауап ету болмайынша ешкім кетпесін», - деді”*. Ал егер қажы қоштасу тауабын жасаған болса және қандай да бір істер туындап, ол Меккеде қалуға тура келген болса, ол кетуден алдын тағы да қоштасу тауабын жасауға міндетті. Етеккірі келген әйелге қоштасу тауабын жасау үшін алдымен күту бұйырылған еді, алайда кейінірек мұндай әйелге тазарғанын күтпей-ақ (Меккеден) кете беруге рұқсат етілді, бұл туралы да Ибн 'Аббас (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) етеккірі келген әйелге, егер ол Қағбаның негізгі тауабын (тауаф әл-ифада) жасаған болса, Қағбаны қоштасып тауап жасаудан бұрын Меккеден кете беруіне рұқсат етті»*, - деп жеткізгеніндей.

Қажы Зәм-Зәм суынан береке алу үшін, оны алып кете алатындай мөлшерде өзімен бірге алып кетуіне болады. Мысалы: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі*

Өткен материалдың қысқаша түйіндемесі:

- 1- (Үлкен) бағанаға (тас лақтыру үшін) Арафатқа барған жолдан басқа жолмен бару.
- 2- Үлкен бағанаға (әл-жәмрат әл-кубра) Құрбан Айт күні күн шыққаннан түске дейін уадидің ішкі жағынан тас лақтыру.
- 3- Егер қажеттілік болып жатса, түстен кейіннен түнге дейін тас лақтыруға деген рұқсат.
- 4- Әр тасты лақтырғанда тәкбір айту.
- 5- Тас лақтырудан бұрын тәлбийя сөздерін айтуды тоқтату.
- 6- Тас лақтыру ихрам халінен «кіші», яғни толық емес шығуды меңзейді.
- 7- Әт-тәшрик күндерінде тас лақтыру түстен кейін орындалады. Тәшрик күндері бірінші және екінші бағаналарға тас лақтырып болған соң шетке шығып, ұзақ уақыт дұға ету қажет.
- 8- Қажылықтың *әл-қиран* мен *әт-тәматтуғ* түрлерін жасаушы қажылар құрбан шалады. Кім құрбандыққа шалатын мал таба алмаса, қажылық кезінде үш күн әрі үйіне қайтқан соң тағы жеті күн ораза ұстайды.
- 9- Түйе немесе сиыр жеті адамның атынан құрбандыққа шалынады.
- 10- Құрбан шалу Минада да, Мекеде де орындала береді.
- 11- Құрбандыққа шалынған малдың етінен жеу.
- 12- Тас лақтырып болған соң хош иістер жағу, басты қыру және әйеліне қосылудан басқа ихрам халінде тыйым салынған барлық нәрселердің рұқсат етілуі.
- 13- Басты оң жақтан бастап қыру.
- 14- Имамның Құрбан Айт күніне (байланысты) құтпа айтуы.
- 15- Қағбаны негізгі тауап (*тауаф әс-садр / тауаф әл-ифада*) жасау үшін Меккеге аттану, әрі оны орындау барысында алғашқы үш айналымда жылдам (әр-рамл) жүрмеу.

болсын) оны суга арналған қайыс шанааштар мен көріктерде алып жүретін. Ол (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (Зәм-Зәм суын) аурулардың үстіне құятын және оларға ішкізетін», - деп жеткізіледі. Бұдан қалса, «Минада Мекке алынғанға дейін болған кезде, ол (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сухайл бин 'Амрға «Бізге Зәм-Зәм суынан жібер әрі (осы істі) тастама!» (деген мазмұндағы) жолдаулар жіберетін, ал ол оған екі үлкен шанааш (Зәм-зәм суын) жіберетін».

Қағбаны тауап жасап біткен соң, (мешіттен) сол аяқпен шығып:

اللهم صل على محمد وسلم ، اللهم إني أسألك من فضلك

(мағынасы: «Уа, Аллаһ, Мухаммадқа бейбітшілік пен береке бер! Уа, Аллаһ, ақиқатында, мен Сенен игілік тілеймін!»), - деп айту керек.

- 16- Қағбаны тауап жасап болған соң Ибраһим (тұрған) орнының (мақам Ибраһим) алдында екі ракағат намаз орындау.
- 17- *Әт-тәматтуғ* қажылығын жасаушы қажының әс-Сафа мен әл-Мәруа арасын сағи жасауы. *Әл-Қиран* қажығын жасаушы қажы бұл сағиді жасамайды.
- 18- Құрбан Айт күні орындалатын қажылық рәсімдерінің ретін сақтау.
- 19- Осы рәсімдерді орындап болған соң ихрам халінен толық және соңғы рет шығу.
- 20- Қағбаны негізгі тауап жасап болғаннан және екі ракағат намаз орындап болғаннан кейін Зәм-Зәм (бұлағынан) су ішу.
- 21- Минаға оралу және тәшриктің үш күндерінде сонда болу.
- 22- Тәшриктің әр күнінде түстен кейін үш бағаналарға (жәмараттарға) тас лақтыру.
- 23- Меккеден үйге кетудің дәл алдында Қағбаны қоштасу тауабын (*тауаф әл-уада'*) жасау, әрі оны орындау барысында алғашқы үш айналымда жылдам (әр-рамл) жүрмеу.

АЙШАНЫҢ ӘНГІМЕСІНІҢ АЯҚТАЛУЫ

109- [Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Ақиқатында, Айша етеккірі келген күйде қажылықтың (Аллаһ) Үйін тауап жасаудан өзге барлық рәсімдерін орындады*»].

110- [Ол былай деді: «Ал ол (етеккірінен) тазарған кезде, Қағбаны тауап¹⁷⁵ етті және әс-Сафа мен әл-Мәруа арасын сағи жасады. Содан кейін (Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) оған: «*Міне, енді сен қажылық пен умрадан (кейін) ихрам халінен шықтың*», - деді].

111- [Ол (Айша) былай деді: «*Уа, Аллаһтың елшісі! Сендер қажылық пен умра жасап, кетіп бара жатырсыздар, ал мен – тек қажылықты ғана ма?*»¹⁷⁶. [Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «*Ақиқатында, сенің (Аллаһтан алатын сауабың) олардың (Аллаһтан алатын сауабына) сәйкес болады*»].]

112- [Ол былай деді: «*Ақиқатында, мен қажылықты орындағаным дейін жүрегімде (Аллаһтың) Үйін тауап жасамағаным үшін кірбің болатын*»].

¹⁷⁵ Яғни Қағбаны негізгі тауап (*тауаф әл-ифада*) жасау. Әл-Хафиз былай деді (3/480): "Хадистердің барлық риуаяттары оның Құрбан Айт күніне қатысты Қағбаны негізгі тауап (*тауаф әл-ифада*) жасағанына ұштасады".

¹⁷⁶ Басқа хадисте оның: «Адамдар екі сауап алып қайтуда, ал мен тек бір сауап алып қайтудамын!», - деп айтқаны жеткізіледі. Айшаның бұл хадисін имам Муслим келтірген.

113- [Жәбір былай деді: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұмсақ мінезімен ерекшеленетін, сондықтан да егер ол бір нәрсені қаласа, ол оның қалауын орындайтын»]¹⁷⁷.

114- [Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Я, Абдурахман**¹⁷⁸! Онымен бірге **әт-Тан'имге бар, әрі ол сол жерден (шығып) умрасын орындасын**», - деді.

115- [Әрі ол қажылықтан кейін умра жасады] [да, кейін] әл-Хасба түнінде¹⁷⁹ [қайта оралды]]».]

116- [Жәбір былай деді: «Қоштасу қажылығы кезінде¹⁸⁰ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түйе үстінде отырып (Аллаһтың)

¹⁷⁷ Бұл сөздер келесі мағынаны қамтиды: «Егер ол дініне жәбір келтірмейтін нәрсені қалайтын болса, мысалы, оның умра жасау туралы т.с.с. өтініштері, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның қалауын орындайтын. Бұл ерлі-зайыптылардың игілікте өмір сүруіне айғақ болады, өйткені Аллаһ Тағала:

وعاشروهن بالمعروف

«Олармен жақсылықпен өмір сүріңдер», - деп бұйырды («ән-Ниса» сүресі, 19-аят). Ал бұл, әсіресе, Аллаһқа деген мойынсұнушылыққа қатысты. Қз.: ән-Нәуауи.

¹⁷⁸ Редактордың ескертпесі: Абдурахман бин Абу Бакр – Айшаның (Аллаһ оларға разы болсын) туған ағасы.

¹⁷⁹ Бұл әт-тәшриқ күндерінен соң бірден келетін (яғни зул-хижжаның 13-нен 14-не қараған – редактордың ескертпесі) түн. Жәбір (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылығы туралы керемет баяндап бергеніне қарамастан, өзінен жеткен хадистерде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаны қоштасу тауабын (*тауаф әл-уада'*) жасағандығы туралы айтпаған. Алайда бұл туралы Айша (Аллаһ оған разы болсын) өзінің оқиғасының соңында айтып кеткен болатын: «Терең түнде біз үйдің ішіне жайғасқан Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келдік. Ол менен: «**Умраңды аяқтадың ба?**», - деп сұрады. Мен: «Иә», - деп жауап бердім. Содан кейін ол сахабаларына жүретінін хабарлап, жолға аттанды. (Аллаһтың) Үйінің жанынан өтіп бара жатып, ол таң намазына дейін оны тауап жасады, ал содан соң Мәдинаға қарай жүрді». Бұл хадисті әл-Бухари, Муслим (хадистің мәтіні оның баяндауында келтіріледі) және Абу Дауд жеткізген. Екі «Сахихта» келген Умардың хадисіне сәйкес Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаны қоштасу тауап (*тауаф әл-уада'*) жасағанда да, негізгі тауап (*тауаф әл-ифада/тауаф әс-садр*) жасағанда да алғашқы үш айналымын жылдам жүріспен (әр-рамл) жүрмеген.

¹⁸⁰ Бұл хадисте, оқырман байқай алатындай, Қағбаны қай тауап жасалғандығы туралы айтылмайды. Осыдан бұрынырақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаның алғашқы тауабын (*тауаф әл-қудум*) Меккеге жеткен бойдан жаяу жасағаны туралы айтылған болатын. Ал осы хадисте айтылатын Қағбаны тауап жасауға келер болсақ, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны салтты орындады, бұл халықтың көптеп ағылуына байланысты еді. Сөйтіп, бұл жерде не Қағбаның негізгі тауабы (*тауаф әл-ифада*), не Қағбамен қоштасу тауабы (*тауаф әл-уада'*) меңзеліп тұр, ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі.

Үйін тауап жасады әрі (Қара) тасқа қисық сапты аса таяғын тигізіп (өтті). (Ол осыны) адамдар оны көрулері, (оның рәсімдерін) бақылаулары және оған өз сұрақтарын қоюлары үшін (істеді), өйткені оның айналасына өте көп халық жиналған еді»].

117- [Жәбир былай деді¹⁸¹: «Бір әйел баласын Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарай көтерді де: «Мынау қажылық жасай алады ма¹⁸²?», - деп сұрады. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **“Иә, ал саған осы үшін сауап (тиісті)”**, - деп жауап берді». {әт-Тирмизи, Ибн Мәжаһ, әл-Бәйһақи}]¹⁸³.

Осы жолдар менің ол туралы Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) баяндаған “Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылығы” атты зерттеуімді аяқтайды. Кейбір бауырларымыздың кеңесіне ілесіп, Аллаһ оларға игілігімен қайырсын, мен осы кітабымның соңында қажылық рәсімдерінің қысқаша мазмұндамасын келтіремін. Бұл тарау осы рәсімдер туралы білуі және үйренуі қажет болған қажылар үшін ерекше көкейтесті болып табылады.

Осымен кітап аяқталды. Соңында әлемдердің Раббысы – Аллаһқа мақтау-мадақтар айтамыз!

¹⁸¹ Бұл хадис сондай-ақ Ибн Аббастан да жеткізілген. Осы хадистің кейбір жеткізу жолдарында бұл сұрақтың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеден Мәдинаға қайту кезінде әр-Рауха деген жерде қойылғаны хабарланады. Дәл сондықтан да мен (яғни шейх әл-Әлбани – редактордың ескертпесі) аталған хадисті осы кітаптың соңында келтірдім.

¹⁸² Редактордың ескертпесі: яғни баланың қажылығы жарамды болады ма?

¹⁸³ Яғни бұл әйел (бүкіл қажылық барысында) өзімен баласын алып жүргені үшін, сондай-ақ бала ихрамда тыйым салынған нәрселерден тыйылуына және қажы орындайтын амалдарды орындауына ықпал етіп жүргені үшін сауап алады. Ән-Нәуауи былай деді: «Әш-Шәфи’и, Мәлик, Ахмад және ғалымдардың көпшілігі осы хадисті бала жасаған қажылық жарамды (сахих) болады, әрі ол сол үшін Аллаһ тарапынан марапатталады дегенге дәлел ретінде пайдаланған. Десе де, бала кәмелет жасына толған кезде, қажылығын (Исламның рүкінінің бірі ретінде) қайта орындауы қажет, өйткені оның кәмелетке толмағанға дейін жасаған қажылығы нәпіл болып табылады әрі ол үшін (парыз қажылық ретінде – аудармашыдан (қаз.)) есептелмейді». «Бала жасаған қажылық есептеледі» деп айтатын шағын топ адамдардан басқа барлық ғалымдар бірауызды осыны айтады. Аталған пікір жоғарыда айтылған сөзге тіпті назар бұрмайтын ғалымдардың басым бөлігінің пікіріне қайшы келеді. Өз кезегінде, Абу Ханифа: «Бала жасаған қажылық жарамды болып табылмайды», - деді. Абу Ханифаның серіктері: «Ақиқатында, олар (яғни балалар) қажылықтың (рәсімдерін) үйрену мақсатында оны тәжірибе үшін жасайтын. Олар қажылықты, міне, осы үшін жасайтын», - деген. Ән-Нәуауи былай деді: «Бұл хадис олардың (пікірін) теріске шығарады».